

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқықтың

өзекті мәселелері

Дәріс кешені

1 классикалық дәріс.

Экологиялық құқықтың түсінігі, пәні және жүйесі.

Экологиялық құқықтық қатынастар

Мақсаты: Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы түсінігі, пәні және жүйесі. экологиялық құқықтық қатынастарды қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Мемлекеттің экологиялық функциясы. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде. Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні. Экологиялық құқықтың әдістері. Экологиялық құқық- тың жалпы және арнайы қағидалары. Экологиялық құқықтың жүйесі. Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі экологиялық құқықтың орны. Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы. Экологиялық құқық қатынас- тарының түсінігі және мазмұны. Экологиялық қатынастардың түрлері. Экологиялық құқық қатынастардың субъектілері және объектілері. Экологиялық құқық қатынастардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылуы.

Мемлекеттің экологиялық функциясы

Мемлекеттің функциялары адамның, қоғамның және мемле- кеттің қарым-қатынасы, мемлекеттің қызметін жүзеге асыруын- дағы қоғамның рөлі және мемлекеттің қоғамның дамуындағы рөлі тұрғысынан қарастырылуы тиіс.

Мемлекеттің функциялары дегеніміз – қоғам үшін жалпы міндеттерді шешу қажеттілігінен туындайтын мемлекет қызме- тінің негізгі бағыттары. Функциялар мемлекеттің қоғамдағы мәні мен мағынасын сипаттайды.

Мемлекеттің экологиялық функциясы қазіргі заманға сай мемлекеттің ірі және тәуелсіз функцияларының бірі ретінде қарастырылады. Мемлекет және құқық теориясы әдебиеттерінде аталған функция кейде табиғат қорғау (қоршаған ортаны қорғау) функциясы деп аталады. Мемлекеттің экологиялық функция- сының мазмұны табиғат қорғаумен ғана шектелмейді, оның мазмұны кеңірек. Қоғам табиғаттың және оның ресурстарына қатысты маңызды мәселелердің оңтайлы кешенді және бір

мезгілде шешілуіне мүдделі. Демек, мемлекеттің экологиялық функциясының мазмұнына мемлекеттік меншіктегі табиғи ресурстарды қоғам мүддесі үшін басқару қызметі, сонымен қа- тар олардың сарқылуын болдырмау мақсатында табиғи ресурс- тарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны бүлінуден қорғау, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған іс- шаралар кіреді. Аталған функцияны іске асыру тиімділігін мемлекеттің ұтымды табиғат пайдалану, қоршаған ортаны қорғауды қамта- масыз етуінен көруге болады.

Табиғат пайдалануды және табиғатты қорғауды құқықтық реттеудің дамуын зерттеу экологиялық функцияның тек мемлекетке ғана тән функция емес екендігін көрсетеді. Мемле- кет өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес тиімді дамуы үшін қоғамға маңызды қызметті нақты бағыттарда жүзеге асыру қа- жет. Мемлекеттің экологиялық функциясын жүзеге асыру қа- жеттілігі табиғат қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселе- лерін шешуге жеке әлеуметтік топтардың немесе қоғамның қажеттіліктерінің туындауына байланысты пайда болады. Бірақ арқашанда ол функцияның мазмұны, оны жүзеге асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық нысандар мен әдістерін есте сақтау маңызды. Функцияның мазмұны мемлекет дамуы- ның әр кезеңдеріндегі мүдделері мен міндеттері арқылы анықта- лады. XX ғасырға дейін табиғат қорғау функциясы, негізінен, мемлекеттің меншік құқығын, экономикалық, әскери және са- лықтық мүдделерін қорғау функциясы арқылы дамыды. Эколо- гиялық функция екінші қатарда болып жеке өз бетінше дамы- мады.

Функцияны жүзеге асыру – бұл қоғам мен мемлекет алдын- да тұрған белгілі бір міндеттерді шешуге қатысты тәжірибелік қызмет.

Мемлекеттің экологиялық функциясы түрлі нысандар ар- қылы жүзеге асырылады. **Нысан** ретінде оны жүзеге асыру әдістері немесе тәсілдері түсіндіріледі. Мемлекет өзінің эко- логиялық функциясын жүзеге асыру кезінде құқықтық және ұйымдастырушылық әдістерді пайдаланады. **Құқықтық әдіс- терге** заңдар мен табиғат пен қоршаған ортаны қорғау бойынша басқа да құқықтық актілерді қабылдау, құқық қолданушылық және құқық қорғау қызметтері жатады. **Құқық қолдану қызме- тіне** экологиялық құқықтық нормаларды жүзеге асыруға бағыт- талған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі жа- тады. **Құқық қорғау қызметі** дегеніміз – заңға сәйкес құқық қорғау шараларын қолдану арқылы құқықтарды қорғауға бағыт- талған арнайы уәкілетті органдардың қызметі. Демек, мем- лекеттің экологиялық функцияларын жүзеге асырудың аталған нысандары арнайы билік тармақтары шегінде іске асырылады – заң шығарушы, атқарушы және сот.

Мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау функциясының **ұйым- дастырушылық әдістеріне** экономикалық шараларды қолдану (бюджеттік қаржыландыру, несие бөлу және т.б.), қоршаған ортаны ластаудың шекті

мөлшерін белгілеу, экологиялық сарап- тама, экологиялық сертификаттау, қоршаған ортаны қорғауды жоспарлау, экологиялық бақылауды жүргізу және т.б жатады. Ұйымдастырушылық әдістері құқықтық болып табылмаса да, олар қоршаған орта құқығында қолданылады және құқықтық шеңберде жүзеге асырылады.

Мемлекеттің экологиялық функцияны жүзеге асыруы – тиісті қоғамдық қатынастарды реттеуі болып табылады. Қорша- ған ортаға қатысты маңызды қоғамдық қатынастардың басым бөлігі экологиялық құқықпен реттеледі.

Демек, мемлекеттің меншігіндегі табиғи ресурстарға қоғам мүддесі үшін билік ету, олардың сарқылуын болдырмау және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау ретіндегі мемлекеттің басты функцияла- рының бірі – экологиялық құқықтың қалыптасуының маңызды алғышарты болып табылады.

Қоршаған табиғи орта – құқық объектісі ретінде

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қоршаған орта – атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын,

жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олар- дың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы. Бұл қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесу үрдісінде пайда болатын және шаруашылық қызметтің барлық ауыртпалығын сезінетін күрделі табиғи және әлеуметтік кешен.

Құқықтық қорғау объектісі ретінде қоршаған орта мынадай ерекшеліктерге ие болады:

– табиғи ортаға қарағанда қоршаған орта табиғи элемент- тердің адам қызметінің нәтижесімен үйлесетін сапалы жаңа құрылым болып табылады;

– егер табиғаттың сапасы табиғаттың өзімен қамтамасыз етілсе, қоршаған ортаның сапасы оны қорғау және қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады;

– табиғи орта аясында қорғаудың орталық объектісі эко- жүйе болып табылады, қоршаған орта саласында қорғау объектісі – адамның экологиялық игілігі, ал қоршаған ортаны қорғау – оған қол жеткізу құралы болып табы- лады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастардың объектілері арасында «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сирек табиғи ландшафтар, табиғи экожүйелер және өзге де табиғи объектілер» ерекшеленеді. Аталған объектілер «функ- ционалды және табиғи өзара байланыста географиялық және өзге де белгілермен біріктірілген табиғи объектілер» ретіндегі

«табиғи кешен» түсінігіне біріктірілуі мүмкін. Сонымен қатар заң

шығарушы «экологиялық жүйе (экожүйе) – бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара іс-әрекет ететін организмдердің және олар мекендейтін тіршіліксіз ортаның өзара байланысты жиынтығы» ретінде қарастырады.

Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні

Экологиялық-құқықтық әдебиетте экологиялық құқық пәні мен мәніне қатысты пікірлердің бірлігі жоқ. Аталған мәселеге байланысты экологиялық құқықтың сала ретіндегі (кешенді не жеке) табиғаты туралы әртүрлі пікірлерді қамтитын көптеген түрлі тұжырымдар бар.

Құқық саласы ретіндегі экологиялық құқықтың түсінігі туралы ғылыми тұжырымдамалар жалпы екі негізгі бағытқа бөлінеді. Бір авторлар экологиялық құқықты құрамында әртүрлі экологиялық қатынас түрлерін реттейтін бірнеше жеке құқық салалары кіретін кешенді (интеграцияланған) құқық салаларына жатады деп есептейді. Бұл ретте экологиялық құқықтың кешенділігін қарастыру кезінде біртекті бағыт жоқ. Мысалы, экологиялық құқық құрамына кіретін құқықтың әрбір саласы экологиялық қатынастардың дербес (әр қатынастың өзінің жеке экологиялық объектісі бар) түрлерін реттейді. Яғни жер құқығы, су құқығы, тау-кен құқығы және т.б. құқықтар секілді құқықтың жеке салалары бар.

Экологиялық құқық – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қорғау, қалпына келтіру, қоршаған ортаның сапасын қамтама- сыз ету, экологиялық қауіпсіздікке кепілдік беру, экологиялық құқықтарды қорғауды жүзеге асыру мақсатында экологиялық қатынастарды реттейтін, экологиялық құқықтық нормалардың жиынтығын біріктіретін кешенді құқық саласы. Не болмаса, экологиялық құқықты қоғам мен табиғаттың өзара әрекеті саласында қалыптасатын қатынастарды, табиғатты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру, эко- логиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қатынас- тарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесі ретінде қарастыра- ды.

О.Л. Дубовиктің пікірінше, экологиялық құқық – қоршаған орта немесе оның жекелеген компоненттерімен қоғам мен адам- ның өзара байланыстылығы саласында туындаған қатынастарды реттейтін құқықтың дербес кешенді саласы. Сонымен қатар ол экологиялық құқықтың құқық жүйесіндегі орнын анықтағанда оған жоғары орын береді, өйткені экологиялық құқықтың негізгі мақсаты – жердегі өмірді сақтап қалу және адам өміріне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету деп есептейді.

Б.В. Ерофеевтың пікірінше, экологиялық құқық – ортақ және жалғыз үйіміз Жерде өмір сүретін адамдардың мүдделері үшін қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынастарға қол жеткізу мақсатында арнайы экологиялық қоғамдық қатынас- тарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын құқық саласы ретінде танылады.

М.М. Бринчук экологиялық құқық деп (қоршаған орта құқығы) – экологиялық-құқықтық идеяларға негізделген, табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттейтін, шаруашылық және басқа да қызмет үрдісінде қоршаған ортаны химиялық, физика- лық және биологиялық әсерден қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен экологиялық құқық- тарын қорғау бойынша нормалардың жиынтығын таниды.

А.С. Стамқұлов экологиялық құқықты қоғам мен табиғат- тың ара қатынасы саласындағы қоғамдық қатынастарды рет- тейтін құқықтық нормалардың жиынтығы санаған.

Д.Л. Байдельдиновтың пікірінше, экологиялық құқық – мемлекет пен оның субъектілері арасында табиғат пен жекелен- ген табиғи ресурстардың өзара байланысы нәтижесінде пайда болатын экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нор- малар жиынтығын құрайтын қазіргі уақыттағы жекеленген кешенді құқық салаларының бірі болып табылады.

Д.Л. Байдельдиновтың пікірінше, экологиялық құқық – табиғат ресурстарына меншік құқығы институты, табиғатты пайдалану құқығы институты, экологиялық сараптама институ- ты, экологиялық құқық бұзушылық үшін жауаптылық инсти- туты сияқты т.б.институттардан тұрады.

Екінші топ авторлары, экологиялық құқық құқықтың кешенді саласы болып табылмайды, ол тек құқықтың жалпы жүйесіндегі дербес жеке құқық саласын қамтиды деп тұжырым- дайды. Ю.А. Вовк экологиялық құқық құқықтық реттеудің дербес пәніне ие деп есептейді, ол – біздің еліміздің табиғат объектілері мен табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар. Сонымен қатар атал- ған пән біртұтас, өйткені барлық табиғат объектілері ажырамас байланыста және біртұтас болады, сонымен қатар табиғат пайдалану принциптері де ортақ деп есептейді. Осы көзқарасты бірқатар авторлар қолдай отырып, біртұтас экологиялық қаты- настар іштей бөлінеді (жер, су, орман, тау-кен және т.б.) және оларға экологиялық құқықтың ішкі салалары (жер, су, орман, тау-кен құқығы және т.б.) түріндегі арнайы құқықтық нысандар (формалар) және ерекшеліктер тән деп есептейді. Олардың пікі- рінше, экологиялық құқық түсінігіне бұндай көзқарас экологиялық құқықтың дербес (кешенді емес) саласы ретіндегі бір- тұтастығын және оның ішкі дифференциациясын көрсетеді.

В.В. Петров бұндай көзқарастарды ұзақ уақыт қолдама- ған, бірақ соңғы жұмыстарында ол экологиялық құқық, оның пәнін ескере отырып, біртекті қоғамдық экологиялық қаты- настар жиынтығы болып табылады, сондықтан да оны құқықтың кешенді салаларына жатқызуға болмайды деп тұжырымдайды.

Демек, ғылымда экологиялық құқық мәнін түсіну, оның құқық жүйесіндегі орнын анықтауға байланысты белсенді ізде- ністер жүріп жатыр. Жоғарыда аталған көзқарастардың ішіндегі негізделгені болып, экологиялық құқықты дербес кешенді құқық саласы ретінде қарастыратын авторлардың пікірі деп есептеуге болады.

Демек, экологиялық құқық – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қалпына келтіру, қоршаған ортаны жағымсыз әсерден қорғау саласындағы экологиялық құқықтық қатынас- тарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесінен тұратын дербес кешенді құқық саласы болып табылады.

Экологиялық құқықты құқық саласы, ғылым саласы мен оқу пәні ретінде қарастырылады.

Экологиялық құқық – құқық саласы ретінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық норма- лардың жиынтығы болып табылады.

Экологиялық құқық ғылым ретінде табиғат пен адамның өзара қарым-қатынасын құқықтық реттеу

туралы, қоршаған ортаны құқықтық қорғау әдістері, әлемдегі қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістер, экологиялық заңнаманы жетілдіру бағыттары туралы ғылыми білімдер жиынтығы болып табылады.

Экологиялық құқық оқу пәні ретінде қоршаған ортаны қорғау заңнамасының негізгі ережелерін неғұрлым тиімді зерделеу және игеру мақсатында құрылымдалған білім алушылардың қажетті оқыту деңгейін анықтайтын экологиялық құқық ғылымы саласындағы білім жүйесі болып табылады.

Құқық саласының дербестігі құқықтық реттеу пәнінің, атап айтқанда заң нормаларымен реттелетін нақты қоғамдық қатынастардың, сондай-ақ құқықтық реттеу әдістерінің, дамыған нормативтік құқықтық базасының, яғни қайнар көздерінің болуымен анықталады.

Құқықтық реттеу пәні болып басқа құқық салаларының пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардан өзге нақты қоғамдық қоғамдық қатынастар саласы табылады.

Қарастырылып жатқан саладағы құқықтық реттеудің объектісі ретінде табиғат (қоршаған орта) және оның жекелеген элементтері (жер, жер қойнауы, су және т.б.) және олармен байланысты адамның мүдделері танылады, яғни құқықтық реттеу пәні болып табиғат немесе қоршаған ортаға байланысты қоғамдық қатынастар деп айтуға болады.

Экологиялық құқықтың пәнін анықтауда жіберілетін қате-лік – аталған құқық адам мен қоғамның табиғатқа деген қарым-қатынасын реттейді деген тұжырым. Дегенмен, құқық қоғамдық қатынастарды, яғни белгілі бір объектіге байланысты туындайтын адамдар арасындағы қатынастарды реттейді. Біздің жағдайымызда бұл су, атмосфералық ауа, минералдық байлық және т.б. болып табылады.

Экологиялық құқықтың пәні ретінде қоғамдық қатынастардың екі тобы танылады: табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау (табиғи ресурстарды қорғау) саласында туындайтын қоғамдық қатынастар. Шынында да, бұл қатынастар тобы экологиялық құқықтың пәнін құрайды. Бірақ экологиялық құқық аталған қатынастар тобынан тыс табиғи объектілер мен ресурстарға меншік құқығы және адам мен азаматтың экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау қатынастарын да реттейді.

Демек, адам мен азаматтың қоғам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесу саласындағы мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, экологиялық құқықтың пәнін мына қатынастар құрайды:

- табиғи объектілер мен ресурстарға меншік;
- табиғатты пайдалану;
- қоршаған ортаны қорғау;
- жеке және заңды тұлғалардың экологиялық құқықтары және заңды мүдделерін қорғау қатынастары.

Экологиялық құқықтың әдістері

Құқықтық реттеу әдісі – бұл заң нормаларының қоғамдық қатынастарға әсер ету әдісі. Сәйкесінше, экологиялық құқық әдісі – қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарға әсер ету әдістері мен амалдары, белгілі тәсілдері.

Құқықтық реттеу әдісінің ерекшеліктері:

- әдіс реттеу пәніне – нақты қоғамдық қатынастарға сәйкес келуінде;
- әдісте мемлекеттік ерік білінетінінде, өйткені дәл мемлекет құқықтық әсер етудің осы не басқа әдісін таңдайды;
- теорияда екі әдіс ерекшеленеді: императивті және диспозитивті, олардың әрқайсысы рұқсат беру, тыйым салу, құқық беру, рұқсат ету және өзге де құқықтық амалдар бөлігінде арнайы белгілерге ие болып табылады;
- әрбір құқық саласына өзіндік әдіс тән, яғни құқықтық реттеудің императивтік және диспозитивтік бастаулардың үйлесімділігі, сәйкесінше әдіс құқық салаларын ажыратудың критерийлерінің бірі болып табылады.

Экологиялық құқықта мынадай әдістерді қолданады:

- императивтік (әкімшілік-құқықтық) және диспозитивтік (азаматтық-құқықтық);
- экологияландыру (күнделікті қоғам өміріндегі құбылыстарға жалпы экологиялық көзқараспен қарау, барлық адамзат баласының міндеті ретінде қоршаған ортаны қорғауды құқық нормаларымен реттелетін барлық қоғамдық қатынастар аясында қолдану);
- экономикалық ынталандыру әдістері.

Экологиялық құқықтың императивтік әдісі.

Экологиялық құқықпен реттелген қатынастардың үлкен тобын билік пен бағыну қатынастары құрайды.

Аталған қатынастардың билік жағы мемлекеттік биліктің құзыретті органы болып табылады (аумақтық немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы) және де тараптар тең емес қатынастарда орналасқан (бір тарап екінші тараптан құқықтық нормаларды санкциялар қолдану қаупімен орындауды талап етуге құқығы бар). Мұндай қатынастарды реттеу императивті әдіс арқылы жүзеге асырылады, оның көмегімен: қоғамдық қатынастардың мүшелерінің міндеттері белгіленеді; құқықтық тыйым салулар мен нұсқаулар енгізіледі; нормалау жүргізіледі (мысалы, зиянды заттарды табиғи ортаға орналастыру, олардың жол берілетін шектік концентрациялары); қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ететін институционалдар құрады (экологиялық сараптама, сертификаттау мен лицензиялау).

Императивті әдіс басқару тәртібін қамтамасыз ету үшін қолданылады және құқық субъектілерінің тең емес жағдайы- нан – билік ету мен бағыну қатынастарынан шығады. Жарты ғасырдан астам уақыт негізгі табиғи ресурстарға «айрық- ша» мемлекеттік (жалпыхалықтық) меншік танылды, бұл жағ- дай оларды басқаруда әкімшілік әдістің басымдылығын негіз- деді.

«Айрықша» түсінігі табиғи ресурстардың тек мемлекетке тиесілілігін білдірді. Табиғи ресурстар мемлекеттен басқа біреудің меншігінде болуы мүмкін емес еді, оларға тек пай- далануға ғана жалға берілетін болды және оларға билік ету әрқашан да мемлекеттің айрықша құқығы болып қалды. Қазіргі жағдайда бұндай бағыттың оң жақтарымен бірге теріс жақтары да көрінуі мүмкін: табиғат ресурстарды пайдалануды жоспарлау жеңілдетілді, табиғат қорғау іс-шараларын үйлестіру бір орта- лықтан үйлестіру, табиғат пайдаланушылардың жеке меншік инстинкттерін тыю оңай болуы мүмкін; алайда, бұл факторлар күтілетін нәтиже әкелмеді, яғни табиғи ресурстарды экономи- калық бағалауға үстіртін қарау, тиімсіз басқару мен жауапсыз- дыққа әкелді.

Экологиялық құқықтың диспозитивтік әдісі.

Экологиялық құқықтың пәніне, алайда тек мемлекеттік-би- ліктік қатынастар ғана емес, сонымен қатар тараптарының теңдігі мен еркіне негізделген экологиялық қатынастар да кіреді. Құқықтық реттеудің негізгі әдістері бұл ретте рұқсат беру болып танылады.

Қоғамдық қатынастарды реттеудің диспозитивтік әдісі қа- тынастардың мүшелерінің теңдігін, меншіктің қол сұғылмау- шылығын, шарттың бостандығын, жеке істерге қандай да бір ерікті қол сұғылушылықтың жол берілмеуін, бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз етуді, оларды сот арқылы қорғауға негізделеді.

80-ші жылдардың соңында біздің елімізде экологиялық қатынастарды құқықтық реттеуде басым әкімшілік әдістерінен экономикалық әдістерге өту қағидасы жарияланды. Аталған мақсатта бірқатар әрекеттер жасалынды: табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін, табиғи ортаны ластағаны үшін ақы белгі- ленген, жеке және мемлекеттік меншіктің басқа да нысандары тең дәрежеде мойындалады және қорғалады, яғни қоршаған ортаны сақтауға деген материалдық қызығушылықты енгізу, біртіндеп қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігін қа- лыптастыра бастады.

Сонымен қатар мемлекет табиғатты пайдалануды ұйымдас- тырудың әкімшілік тәсілдерінен бас тартпайды, керісінше кей- бір жағдайларда оларды қоршаған ортаны қорғау бағытында қолданылуын күшейтеді, олар: ластанумен байланысты әкімші- лік айыппұлдар ұлғайтылды, табиғатты қорғау органдарының мемлекеттік жүйесі қалыптасады, қоршаған ортаның сапасын нормалау шаралары қолданылады, мемлекеттік экологиялық қадағалау күшейтіледі.

Экологияландыру әдістері

Экологияландыру әдістері дегеніміз – қоршаған орта мен қоғамдық қатынастарды үйлестіруге бағытталған экологиялық құқыққа тән ерекше әдіс.

Экологияландыру әдісі экологиялық құқық пәнінің ерек- шеліктеріне байланысты, яғни адамның барлық қызметте таби- ғат заңын білуін, түсінуін және түсінбеуін есепке алу немесе есепке алмауында. Бірақ объективті табиғат заңдары оларды есепке алуды талап етеді, яғни қоршаған ортамен байланысты және байланысты емес әрекеттерді экологияландыру қажет.

Жекелеген ресурстарды қолдануды реттейтін нормалар экологиялық құқықта маңызды, өткені олар қоршаған ортаны қорғау, оның негізгі компоненттерін ұтымды пайдалану мүд- делеріне қатысты болады.

«Экологияландыру» әдісі – экологиялық талаптардың қоғам өмірінің барлық салаларына енуімен сипатталады. Осылайша Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы талаптары қоршаған ортаның компоненттеріне қатысты ғана емес, сондай-ақ заңды және жеке кәсіпкерлердің шаруашылық және өзге де қызметіне қа- тысты белгіленеді. Қолданыстағы заңнамада мемлекеттік орган- дардың басқару шешімдерін қабылдауы мен бақылау шараларын іске асыруда интеграциялық көзқарас байқалады.

Экологияландыру – жергілікті, өңірлік және жаһандық деңгейде табиғи ресурстар мен жағдайлардың тиімділігін арт- тыру немесе қоршаған ортаның сапасын сақтай отырып техно- логиялық, басқарушылық және басқа да шешімдер жүйесін тұрақты және дәйекті іске асыру процесі.

Экологияландыру әдісі келесі элементтерді қамтиды:

– қолданыстағы заңнамада экономиканы экологияландыру әдістерін бекіту (жасыл экономиканы ендіру);

– өндірісті экологизациялау және қалдықтарды жоюдың әдістерін тиісті технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыру;

– ресурстарды пайдалануда тиімді әдістер мен техноло- гияларды қолдану, атап айтқанда энергияны ұтымды пайдалану;

– нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына экология- лық сараптама жасау;

– қоршаған ортаны қорғау бойынша жаңа эко-мәдениетті қалыптастыру.

Қазіргі жағдайда еліміздің экологиялық және экономикалық қауіпсіздігі, табиғатты ұтымды басқару тұрғысынан орнықты әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі сапалы жаңа жолмен шешіледі.

«Жасыл» экономика экологиялық білім беру мен білім беруді дамытуды, қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптас- тыруды, экономикалық дамудың «жасыл» дамуын алға жылжы- туды білдіреді.

Әлемдік деңгейде «жасыл» экономикаға көшу мүмкіндігі Біріккен Ұлттар Ұйымы әзірлеген «Жасыл жаһандық жаңа келісім» шеңберінде 2008 жылы ұсынылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы жасыл экономиканы «қоршаған ортаның өзгеруі және экологиялық ресурстардың жетіспеушілігін елеулі түрде төмендету арқылы адамның әл-ауқатын жақсарту және әлеуметтік әділеттілікке бағытталған экономика. Жасыл экономика – тұрақты дамудың негізі» деп анықтады. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақ- стан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама» қабылданды.

Жасыл экономиканың басты мақсаты – экожүйелерді және ұлттық және әлемдік экономикадағы олардың орнын, маңызды- лығын түсіндіру болып табылады. «Жасыл экономика» сарқы- латын ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың ерекшеліктері:

- табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- табиғи капиталды сақтау және көбейту;
- қоршаған ортаның ластануын төмендету;
- төмен көміртегі шығарындылары;
- экожүйелік қызметтер мен биологиялық әртүрліліктің жоғалуын болдырмау;
- пайда табу мен жұмыспен қамтудың өсуі.

Жасыл инвестициялар сұранысы артып келеді, себебі ірі компаниялар таза энергияға және жерді қорғауға болатын басқа да экологиялық таза өнімдерге ұмтылуда. Жасыл инвестициялар қазір өте пайдалы бола алады, себебі бұл инвестициялық аймақ таяу болашақта табыс алу үшін әзірленген.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, экологиялық (жасыл) инвестициялар – бірліктердің белгіленген мөлшерін беруден, Парниктік газдар шығарындарына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервін басқарудан алынған қаражатты парниктік газдар шыға- рындыларын азайтуға немесе сіңірілуін арттыруға бағытталған жобаларға, бағдарламаларға және іс- шараларға инвестициялау.

Энергия өндірісінде қоршаған ортаның ластануын азайтуға ықпал жасайтын жасыл инвестициялар.

Жасыл инвестицияларға энергия үнемдеудің қазба отындарынан қоршаған ортаны аз ластайтын электр энергиясының балама түрлеріне (мысалы, жел, күн, ядролық, гидроэнергетика) немесе тікелей энергия көз- деріне (мысалы, биоотындар) ауыстыру жатады. Жаңартылатын энергетика технологияларына «жасыл» инвестициялар әлемдік жаһандық құбылысқа айналды. Жаңартылатын энергия көздерін дамытудың негізгі себептері – энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, жаңартылатын энергия көздері үшін әлемдік нарықты жаулап алу, болашақ ұрпақ үшін өздерінің энергетикалық ресурстарын сақтау.

Қазақстан Республикасының «Жаңартылатын энергия көз- дерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі

№165-IV Заңына сәйкес, жаңартылатын энергия көздері – та- биғи жаратылыс процестері есебінен үздіксіз жаңартылатын энергия көздері, олар мынадай түрлерді қамтиды: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, гидродинамикалық су энергиясы; геотермальдық энергия: топырақтың, жерасты суларының, өзен- дердің, су айдындарының жылуы, сондай-ақ бастапқы энергия ресурстарының антропогендік көздері: биомасса, биогаз және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланы- латын органикалық қалдықтардан алынатын өзге де отын.

Өндірісті экологияландыру және қалдықтарды кәдеге жара- тудың тиісті әдістерін тек тиісті технологияларды қолдану арқылы енгізу.

Қалдықсыз өндіріс принципі жабық тізбектегі табиғи эко- жүйелерден алынған. Табиғи заттардың циклі қалдықтарды то- лықтай қолдану арқылы оның әртүрлі нысандарында өмір сүре- ді. Әртүрлі ақпарат көздерін талдау нәтижесінде біз өндірісті экологияландырудың бірнеше негізгі принциптерін анықтай ал- дық:

– Қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарындылары мен шығарындыларын азайтатын немесе азайтатын технологиялық үдерістер мен схемаларды әзірлеу және енгізу, ең аз қорлардың бірі ретінде зиянды тұщы су зат- тарын ластаудан сақтау және қорғау үшін су айналымы циклдары мен дренаж жүйелерін құру.

– Өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу жүйе- лерін жобалау және енгізу, қайталама материалдық ресурстардың негізгі өндірістік циклге қайта оралуы.

– Дәстүрлі өнімдерді алу және қалдықтарды жою үшін түбегейлі жаңа процестерді жасау және енгізу.

– Кәсіпорындар қалдықтарды өңдеуге байланысты өңірлік өндірістік кешендерді құру. Мұндай кешендер ресурс- тарды өндіру және өңдеу өнеркәсібінде бар. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына экологиялық сараптама жасау. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары, кешенді және мақсатты бағдарламалар, аумақтарды дамыту- дың бас жоспарлары, ұлттық экономиканың салаларын дамыту схемалары және т.б. экологиялық сараптамаға тартылуы мүм- кін.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 47-ба- бына сәйкес, іске асырылуы қоршаған ортаға теріс ықпал етуі мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, нормативтік- техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары міндетті мемлекеттік экологиялық са- раптама объектілеріне жатады.

Қалың бұқара арасында қоршаған ортаны қорғау бойынша жаңа эко-мәдениетті қалыптастыру. Халық арасында энергияны, суды және басқа да табиғат ресурстарын пайдалануға үнем- шілдікпен қараудың жауапты сезімін қалыптастырып, тұрмыс- тық қалдықтарды одан әрі өңдеу үшін оларды бөлек жинау әдетін сіңіру қажет.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес: «Қазақстан қоршаған ор- таны қорғау және ресурстарды ұтымды пайдалану тақырыпта- рына жеткілікті назар аударуды қамтамасыз ету үшін олар бойынша бастауыш мектептер мен мектепке дейінгі мекеме- лерде оқу жүзеге асырылатын оқу жоспарларын қайта қарауды ұйымдастыра алады. Бұл өскелең ұрпақтың табиғи ресурстарға ұқыпты қарау мәдениетін тәрбиелеуге мүмкіндік береді және балалар алған білімін өздерінің ата- аналарына айтатындықтан, қосымша пайда әкеледі

Халықтың ресурстарды пайдалану мәселелері мен экология- лық проблемалар туралы хабардар етілуін арттыруда кең әлеует жатыр. Атап айтқанда, жылыту және мұздату жүйелерін пайда- лану, қалдықтарды кәдеге жарату және су пайдалануға қатысты мінез-құлық модельдерін өзгерту елді алға қойылған мақсаттар- ға жету үшін айтарлықтай жақындата берген болар еді. Көпте- ген елдер осы міндетті орындау үшін білім беру бағдарлама- ларын мемлекеттік телевизия мен радиодан таратуды ұйымдас- тырады».

Экономикалық ынталандыру әдістері

Экологиялық құқықтың субъектілерін қоршаған ортаны қорғау заңнамасында көзделген талаптарды орындауға ынта- ландыруға бағытталған ерекше құқық құралы ынталандыру әдісі болып табылады.

Экономикалық ынталандыру әдісі – табиғатты қорғау заңна- масының субъектілерін (әдетте табиғат пайдаланушыларды) ынталандыруға және қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарын тиімді орындау жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған ережелерді белгілеу болып табылады. Бұндай ережелерге, атап айтқанда, қоршаған ортаның жағдайына теріс әсерін анықтайтын төлемдерді қарастыру жатады; салық және табиғат қорғау, аз қалдықты және қалдыксыз технологиялар мен өндірістерді енгізу, табиғи ресурстарды пайдалана отырып, басқа да іс-шараларды жүзеге асыру; белгілі бір тұлғалардың (немесе объектілердің) салықтан босатылуы, мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық қорлары; экологиялық таза өнімдер өндіруді ынталандыру; экологиялық зиянды өнімдер және экологиялық қауіпті технологияларды пайдалана отырып өндірілген өнімдерге арнайы салық салуды енгізу; меншік нысанына қарамастан тиімді қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдарға жеңілдікпен несиелер алуды қолдану.

Экологиялық құқықтың жалпы және арнайы қағидалары

Құқық оның негізгі қасиеттерін және ерекшеліктерін сипат- тайтын, құқықтың мәні мен әлеуметтік мақсатын көрсететін белгілі қағидаларға негізделіп қызмет етеді.

Экологиялық қатынастың барлық қатысушылары құқықтың қағидаларын басшылыққа алулары тиіс – заң шығарушы, атқа- рушы, сот билігі органдары, кәсіпорын, қалыптасқан қоғам және азаматтар. Қағидаларды сақтау мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік сипатын, табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды, қоршаған ортаны қорғау мен адам- ның және азаматтың заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете алады.

Экологиялық құқық негізгі салалық (салааралық) қағидалар мен жалпы құқықтық қағидаларға негізделген. Құқықтың мәнін анықтайтын жалпы қағидалар болып әлеуметтік әділдік және әлеуметтік бостандық қағидалары, теңдік (заң алдында теңдік), заңи құқықтар мен міндеттердің біртұтастығы, кінә үшін жауаптылық, заңдылық және т.б. қағидалар жатады.

Экологиялық құқықтың салалық қағидалары арнайы норма- қағидаларында сипатталып және құқықтық нормаларды талдау арқылы шығарылуы мүмкін. Экологиялық құқық өзінің саласы ретінде жер, су және басқа да құқықтарды қосатынын ескере келе, бұндай қағидалар қоршаған орта туралы заңнамада және салааралық заңнама актілерінде көрсетілуі мүмкін.

Экологиялық құқықтың қағидалары Қазақстан Республика- сының Экологиялық кодексінің «Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері» атты 5-бабын- да бекітілген.

Қазақстан Республикасы Экологиялық заңнамасының негіз- гі принциптері:

- 1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтама- сыз ету;
- 2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көз- қарас;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
- 5) қоршаған ортаны ластауды және оған кез келген басқа жолмен залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шара- ларының міндеттілігі;
- 6) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұз- ғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- 8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы және оған рұқ- сат алу тәртібі;
- 9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;

- 10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік орган- дар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жария- лылығы;
 - 11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;
 - 11-1) өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайталама ресур- стар ретінде пайдаланудың басымдығы;
 - 12) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;
 - 13) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;
 - 14) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының ха- лықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйле- суге;
 - 15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қыз- меттің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.
- Экологиялық құқық қазіргі жағдайларда өте серпінді даму- да. Соған байланысты қағидалары да дамуда. Экологиялық құ- қық пен қолданыстағы заңнамаларды саралау аталған саланың жалпы қағидаларын бөліп алуға мүмкіндік берді.
- Экологиялық құқық мына қағидаларға негізделеді:
- 1) Әлеуметтік-экономикалық даму үрдісінде қоршаған ор- таға келтірілетін зиянның алдын алу. Қоршаған ортаға зиян келтіретін немесе келтіруі мүмкін қызметті жүзеге асыратын немесе жоспарлайтын тұлға мүмкін болатын зиянның алдын алу үшін заң талаптарына сәйкес керекті шараларды алдын ала қабылдауға және орындауға міндетті. Уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес осы қағидалардың орындалуын қадағалауды жүзеге асырады;
 - 2) Экологиялық қатынастарды құқықтық реттеуде кешенді тәсілдерді пайдалану. Бұл маңызды қағиданың мазмұнына қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері саласындағы барлық қатынастарды, табиғатқа жағымсыз әсерлердің барлық түрлерін, табиғатпен өзара қарым-қатынас аясындағы барлық құқық субъектілерін жан-жақты реттеу кіреді;
 - 3) Адам денсаулығы мен өмірін қорғау. Жалпы бұл адам- ның экологиялық қауіпсіздігі қағидасы. Бұл қағидаға сәйкес шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру және жоспарлау кезінде халықтың өмірін сақтау, қоршаған ортаның қолай- сыз факторларының адам денсаулығына әсерін болдырмау неме- се азайту қажет;
 - 4) Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды құқықтық реттеу кезіндегі экожүйелік көзқарасты қолдану. Бұл қағида табиғаттағы әрекеттер мен құбылыстардың өзара бай- ланысына негізделеді. Бұл қағида жерді пайдалану, орман пайдалану, жер қойнауын пайдалану, суды пайдалану, басқа да табиғи ресурстарды пайдалану процесінде басқа табиғи объек- тілер мен қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарды белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Қағида экологиялық жүйе- де құбылыстар мен процестердің өзара байланысты болуын, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді, әркімнің қолайлы ортаға құқықтарын қамтамсыз ете- ді. Оны жүзеге асыру құралдары – экологиялық бақылау, жос- парланатын қызметтің қоршаған ортаға тигізетін ықпалын бағалау, экологиялық бағалау, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды лицензиялау. Бұл қағида әлі де тиісті деңгейде дамымаған және қамтамасыз етілмеген, себебі қоршаған ортаны қорғауды құқықтық реттеу жеке табиғат ресурстарын – жерді, жер қойнауын, суды, ормандарды және т.б. қорғау мен пайдалануды құқықтық реттеуге салалық көзқараста басымдыққа ие болды. Салалық көзқарас шеңберінде табиғатта интеграцияланған объект ретінде құбылыстар мен процестердің өзара әрекеттесу факторлары есепке алынбаған еді;
 - 5) Қоршаған ортаны қорғау – әр адамның міндеті. Бұл қағиданың негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады, осыған сай әр адамның табиғат пен қоршаған ортаны сақтап қалуы және табиғи ресурстарға ұқыптылықпен қарауы тиіс. Оның мазмұнына тек табиғатты қорғау емес, экологиялық білім мен тәрбиелеу шаралары міндеттілігі мемлекетпен шешілуі тиіс;
 - 6) Қазіргі және болашақ ұрпақтың экологиялық мүдде- лерін есепке ала отырып, жерді және басқа да табиғи ресурс- тарды иелену, пайдалану және билік етуді жүзеге асыру еркін- дігі. Меншік иесінің өкілеттіктерін жүзеге асыруда еркіндік қағидасы, егер ол қоршаған ортаға зиян келтірмесе және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбаған жағда- йда қамтамасыз етіледі;
 - 7) Қоршаған ортаға зиян келтірмейтін табиғат пайдалану, қазіргі және келешек ұрпақтардың мүдделерін, ұлттық табиғи ресурстардың ұзақ мерзімді әлеуетін сақтап қалуды қамтамасыз ету мақсатында табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану. Бұл қағиданы ұстану тұрақты даму жағдайында өте маңызды;
 - 8) Экологияға негізделген тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму. Оның мазмұны қазіргі және болашақ ұрпақ мүдделеріне сай шаруашылық, басқару және өзге де қызметте экологиялық талаптарды есепке алуды қамтамасыз етумен анық- талады;
 - 9) Табиғатта экологиялық балансты сақтау және қорғау тек адамзаттың дамуының ғана емес, оның өмір сүруінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Қоршаған ортаға келтірілген залал- ды болдырмау, қоршаған ортаның бұзылған күйін қайта қал- пына келтіру, экологиялық нормалау арқылы қамтамасыз еті- леді;

10) Экологиялық ақпаратты алуға еркін қолжетімділік. Қор- шаған ортаның жағдайы жөнінде толық, сенімді және уақытылы ақпарат ашық және қолжетімді болады. Бұндай ақпараттар мем- лекеттік және басқа да құпияға жатпайды;

11) Табиғат пайдаланудың ақылылығы, яғни азаматтардың жалпы табиғат пайдалануын, сондай- ақ заң актілерінде тікелей көрсетілген іс-әрекеттерді қоспағанда, кез келген табиғи ресурс- тарды пайдалану ақылы болады;

12) Қоршаған ортаға жағымсыз әсер етудің рұқсат алу мін- деттілігі. Қоршаған ортаға әсер ететін кез келген шаруашылық және өзге де қызметтің тиісті рұқсат алу негізінде және қажет болған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда ғана қоршаған ортаға жағымсыз әсер ету жасалынады;

13) Ластаушы төлейді. Осы қағидаға сәйкес кез келген адам өзінің қызметін жүзеге асыру барысында қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін ақы төлеуге міндетті. Ол ластаушының алдын ала табиғатты қорғау шараларын жасауға экономикалық қызы- ғушылығын мүдделендіру идеясына негізделген.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖҮЙЕСІ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТТАР

Экологиялық құқықтың жүйесі – экологиялық заңдылықтар- дың арнайы реттілігімен орналасқан оның институттарының жиынтығы. Экологиялық құқық жүйесі – осы саланың негізгі элементтерінің құрылымы, бөлімдері – кіші салалар, институт- тар, нормалар.

Экологиялық құқықтың негізі – экологиялық құқық норма, яғни құзыретті мемлекеттік орган белгілеген жүріс-тұрыс ереже- сі. Экологиялық құқық нормалары әртүрлі салаларға тиесілі болады. Олар азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, қыл- мыстық-құқықтық, мемлекеттік-құқықтық нормалар болып бөлі- неді. Дегенмен құқықтық реттеу объектісінің ерекшеліктерін ескере отырып, бұл нормалар экологиялық заңнамада бекітіледі және ерекше құқықтық мазмұнға ие болады. Экологиялық құқық нормалары реттейтін қатынастар ауқымына байланысты белгілі бір топтарға топтасады. Осыған байланысты экология- лық құқық институттары, экологиялық құқықтың кіші салалары және кіші жүйелері бөлініп шығады.

Экологиялық құқық институттары – жеке топтағы қатынас- тарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Экологиялық құқықта табиғатты пайдаланудың ақылылығы, табиғи ресурс- тарға меншік құқығы, мемлекеттік экологиялық бақылау, эко- логиялық нормалау, экологиялық-құқықтық жауапкершілік, аза- маттардың экологиялық құқықтары және басқа да институттар бөлініп қарастырылады.

Экологиялық-құқықтық қорғау объектісінің түріне байла- нысты экологиялық құқық нормалары экологиялық құқықтың кіші салаларына топтасады, олар: жер, су объектілерін, орман және жер қойнауын, жануарлар әлемін және атмосфералық ауа- ны құқықтық қорғау.

Реттелетін қатынастар сипатын есепке ала отырып эколо- гиялық құқықтың барлық кіші салалары мен институттары эко- логиялық құқықтықтың екі жүйесіне топтастырылған – таби- ғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану құқықтары.

Табиғатты қорғау құқығында құқықтық реттеу қоршаған ортаны сақтау, жақсарту, қалпына келтіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Табиғатты қорғау құқығына мынадай институттар тиесілі: экологиялық нормалау, экологиялық бақылау, экология- лық-құқықтық жауапкершілік, табиғатты пайдалануды мемле- кеттік реттеу.

Табиғи ресурстарды пайдалану құқығында реттеу пәні – шаруашылық қызмет үрдісінде табиғи ресурстардың пайдалы қасиеттерін пайдалануға байланысты қатынастар. Табиғи ре- сурстар мен қоршаған ортаны қорғау табиғи ресурстарды пай- далануды реттеу үрдісінде қатамасыз етіледі.

Экологиялық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар шартты түрде үш негізгі бөлімдерге бөлінген.

Экологиялық құқық оқу пәні ретінде үш бөлімнен тұрады, олар – жалпы, ерекше және арнайы бөлімдер.

Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінде тұтастай эко- логиялық құқық үшін маңызы бар институттар мен ережелер жинақталған. Олар: экологиялық құқықтың пәні мен әдістері, экологиялық құқықтың қайнар көздері, экологиялық құқықтық қатынастар, табиғи ресурстарға меншік құқығы және өзге де құқықтар, табиғатты пайдалану құқығы, қоршаған ортаны қор- ғау және табиғатты пайдалануды мемлекеттік реттеу, эколо- гиялық сараптама, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау кезіндегі экономикалық тетіктер, экологиялық заңнама- ны бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.

Экологиялық құқықтың ерекше бөліміне табиғи ресурс- тардың жекелеген түрлерін – жер, атмосфералық ауа, су қоры, жер қойнауын, орман қоры, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау мен пайдалануды құқықтық реттеу жатады.

Экологиялық құқықтың арнайы бөлімі қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғауға, Қазақстан Республикасының және шет елдердің экологиялық құқықтарына салыстырмалы- құқықтық талдау жасауға арналған.

**Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі экологиялық құқықтың орны.
Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы**

Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен қатынасы туралы мәселе құқық теориясы жағынан

да, тәжірибе жағынан да барынша өзекті.

Конституциялық құқық қоршаған ортаны қорғау бойынша конституциялық нормаларды қарастырады және аталған сала- дағы өкілді және атқарушы билік органдарының қызметін рет- тейтін негізгі ежерелерді бекітеді.

Әкімшілік басқару, бақылау, әкімшілік жауапкершілік сияқ- ты әкімшілік құқықтың институттары қоршаған ортаны қор- ғаудың экологиялық-құқықтық тетігінің бір бөлігін құрайды. Экологиялық құқық әкімшілік құқықтың аталған және басқа да институттарына негізделеді. Басқаша айтқанда, қоршаған орта- ны қорғау бойынша экологиялық талаптарға қатысты әкімшілік қатынастарды реттейтін нормаларды қарастырады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік белгіленген.

Экологиялық құқық бұзушылықтардың құрамы мен олар үшін белгіленген жауапкершілік Қазақстан Республикасының Қылмыс- тық кодексінде бекітілген.

Азаматтық құқықтың экологиялық құқыққа бірден бір қажет функциялары – қорғаушы функциясы және өтемақы функциясы. Экологиялық құқықтық қатынастар үшін негізгісі – зиянды өтеу. Нарықтық экономика жағдайында экологиялық қатынастардың дамуына әсерін тигізетін шарттық құқық нор- маларының рөлі артады. Азаматтық-құқықтық шарт қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалануға қа- тысты құқықтық қатынастарды орнатудың тиімді нысаны ретінде қарастырылады.

Нормалары әкімшілік және азаматтық құқықтың нормалары сияқты экологиялық құқыққа қатысты қорғау функцияларын жүзеге асыратын қылмыстық құқық нормалары да экологиялық құқық үшін маңызды. Қылмыстық құқық нормалары экология- лық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын қоршаған ортаға зиян келтіретін қоғамға қауіпті әрекеттер ретінде бекі- теді.

Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы ха- лықаралық құқықпен де байланысы бар. Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі қағидаларының бірі болып халықаралық ынтымақтастық қағидасы табылады. Аталған салада басқа мемлекеттерде жиналған тәжірибеге ерекше назар аударылады,

халықаралық экологиялық зерттеулер жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 2-бабында: егер Қа- зақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады делінген.

Экологиялық құқық жер, тау-кен, су және орман құқықта- рымен тығыз байланысты. Экологиялық құқық аталған табиғи ресурстардың экологиялық жағдайын қалыпты ұстап тұру және оларды тиімді пайдалану мақсатында экологиялық талаптарды бекітеді. Сонымен қатар қоршаған ортаның біртұтастығына, табиғи ресурстардың үнемі бір-бірімен байланыста болуы мен қоршаған ортаның маңызды компоненттерінің бірі жердің рөлі мен маңыздылығына негізделеді.

Экологиялық құқықтық қатынастар. Экологиялық құқық қатынастарының түсінігі және мазмұны

Экологиялық құқықтық қатынастар – бұл қоршаған ортаны қорғау мен қалпына келтіру, табиғи ресурстарды тиімді пай- далану мен жүзеге асыру, қоршаған ортаға шаруашылық немесе басқа қызметтің кері әсерінің алдын алу және солардың салдарын жою бойынша экологиялық құқық субъектілері ара- сындағы туындайтын қатынастар.

Экологиялық қатынастар – қоғам мен табиғаттың өзара байланысы арасында дамиды қатынастар саласы.

Қоғам мен табиғаттың өзара байланысы қарама-қайшылық- тар бірлігі мен күресі аясында екі бағытқа бөлінеді:

- экологиялық;
- экономикалық.

Экологиялық қатынастар (табиғатты қорғау, табиғи ре- сурстарды тиімді пайдалану, адамды қоршайтын табиғи ортаны сауықтыру және жақсарту) өзінің қалыптасуы бойынша туынды болады. Олар табиғатты пайдалану бойынша адамның **эконо- микалық қызметінің** кері салдарының пайда болуына қорға- ныш әрекеті ретінде туындайды.

Экологиялық қатынастардың түрлері

Құқықтық реттеу саласына байланысты экологиялық құқық- тық қатынастардың келесі түрлерге жіктелінеді:

1) Табиғат пайдалануды мемлекеттік реттеу саласында қалыптасатын экологиялық құқықтық қатынастар:

– табиғи ресурстарды есепке алу саласында (экологиялық мониторинг, жер, орман, су кадастрын жүргізу бойынша құқықтық қатынастар);

– табиғат пайдаланудың рұқсат беру жүйесінің саласында (табиғи объектілерге құқықты және олармен жасалы- натын мәмілелерді құқықтық тіркеу бойынша, табиғат пайдалану саласында кәсіпкерлік қызметтің түрлерін жүзеге асыруға құқықтарды тіркеу бойынша, суды пай- далану, орманды пайдалануға

рұқсат бойынша құқықтық қатынастар және т.б.);

- табиғат пайдалануды бақылау саласында (жер, су, орман және басқалары);
- қолайлы экологиялық режимді мемлекетпен қорғау, ол табиғат пайдаланушылардың құқықтарын сотпен қорғау арқылы сипатталады.

2) Табиғи ресурстарға меншік құқығын жүзеге асыру саласында қалыптасатын экологиялық құқықтық қатынастар:

Бүгінгі күні біздің мемлекеттегі қоршаған ортаны қорғаудың белгілі бір компоненттерін сақтау жөніндегі әрекеттер мен шаралар жүйесін реттейтін әртүрлі экологиялық конвенциялар мен хаттамалардың толыққанды қатысушылары: Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы Негіздемелік конвенциясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттену/Жердің Нашарлауы жөніндегі Конвенциясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Биологиялық әртүрлілік туралы конвенциясы.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық құқықтың дамуына сипаттама беріңіз.
2. Қазақстан Республикасының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарының негізгі даму кезеңдерін атаңыз.
3. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі, ерекшеліктері және жіктелуі.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясына экологиялық құқықтық қайнар көзі ретінде сипаттама беріңіз.
5. Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы жалпы және арнайы заңдарға сипаттама беріңіз.
6. ҚР Экологиялық кодексі – жалпы сипаттамасы және экологиялық қатынастарды құқықтық реттеудегі оның маңызы.
7. Үкіметтің экология-құқықтық актілері.
8. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың экологиялық-құқықтық актілері.
9. Экология және табиғат пайдалану жөніндегі халықаралық конвенциялар, мемлекетаралық келісімдер мен шарттар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
3. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.
4. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы
Пән: Экологиялық құқық
Дәріс кешені
3 классикалық дәріс.
Табиғат объектілеріне меншік құқығы

1. **Табиғи объектілер мен ресурстарға меншік құқығының түсінігі мен мазмұны.**
2. **Табиғи объектілер мен табиғи ресурстарға меншік нысандары.**

Мақсаты: Табиғи объектілер мен ресурстарға меншік құқығының түсінігі мен мазмұнының қарастыру.

Түйінді сөздер: Табиғат объектілері, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Табиғат объектілеріне меншік құқығының түсінігі. Табиғат объектілеріне меншік құқығының нысандары. Табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілері. Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны. Табиғат объектілеріне меншік құқығының пайда болу және тоқтату негіздері

Табиғат объектілеріне меншік құқығының түсінігі

Табиғат объектілеріне меншік құқығы заңдық тұрғыдан екі аспектіде қарастыруға болады: құқықтық институт ретінде және меншік иесінің құқықтарының жиынтығы ретінде.

Құқықтық институт ретінде табиғат объектілеріне меншік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Меншік қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы меншік құқығының объективтік мағынасын құрайды.

Субъективтік мағынадағы табиғат объектілеріне меншік құқығы меншік иесінің жер, су, орман ресурстары және өзге де меншік объектілерін иелену, пайдалану және билік ету құқықтарының жиынтығы деп танылады.

Табиғат объектілерін иелену құқығы – іс жүзінде табиғи объектілерді иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Табиғат объектілерін пайдалану құқығы – табиғи ресурс- тардың пайдалы қасиеттерін және одан түскен табысты ием- дену, сондай-ақ өзге де пайда алу қызметі.

Табиғат объектілеріне билік ету құқығы – табиғи объекті- лерінің іс жүзінде немесе заң жүзінде тағдырын айқындауға берілетін мүмкіндігі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының нысандары Қазақстан Республикасының Конституциясымен анықталады-бабының 3-тармағына сәйкес, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабы- ның 2-тармағына сәйкес, меншік міндет жүктейді, оны пай- далану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

Нақты табиғи ресурстарға меншік қатынастарының ерек- шелігі табиғатты қорғау заңнамасымен реттеледі. Аталған ерекшеліктер табиғи ресурстарға меншік құқығына шектер белгіленуімен байланысты. Шектеулер табиғи ресурстардың мүліктің ерекше түріне жатуына байланысты. Азаматтық құ- қыққа сәйкес затқа меншік құқығы үшінші тұлғалардың мүд- делеріне байланыссыз иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырумен байланысты. Экологиялық құқықта табиғи ресурстарға меншік құқығы басқа субъектілерге бе- рілген күннің өзінде мемлекетке тиесілі болады, өйткені мем- лекет аталған құқықтың жүзеге асырылуын қадағалап оты- рады.

Меншік құқығының объектісі – Қазақстан Республика- сының шекарасында орналасқан жекелеген табиғи ресурс, қор- шаған орта немесе табиғи ресурстар кешені.

Табиғи ресурстар меншік құқығының объектісі болып танылуы үшін, онда табиғи ресурстардың белгілері болуы керек: а) ресурстардың табиғи жолмен пайда болуы; б) табиғи ортамен тұрақты байланысы. Олар материалдық тұтырудың қайнар көздері болумен қатар адамның тішілік ету ортасы болып табылады және қорғауға жатады. Сонымен қатар олар адамның еңбек өнімінің нәтижесі емес, табиғи жолмен пайда болады және сонымен қатар олардың мөлшері шектеулі. Табиғи объек- тілер аумақтық кеңістікте жылжымайды (жануарлардан басқа- сы), яғни жылжымайтын мүлік болып табылады.

Демек, табиғи объектілерге және табиғи ресурстарға меншік құқығы азаматтық айналымның өзге объектілеріне қарағанда бірнеше ерекшелік тән:

– кейбір табиғи объектілер қоршаған ортаның бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады және меншік құқығы- ның пәні бола алмайды. Мысалы, атмосфералық ауа, ғарыш кеңістігі, озон қабаты және өзге

де табиғи құ- былыстар меншік құқығының объектісі бола алмайды, оларды пайдалану және қорғау ерекше мемлекеттің иелі- гінде болады немесе халықаралық құқық нормаларымен реттеледі.

– табиғи объектілердің қоршаған ортамен тығыз байланы- сы. Табиғи объект табиғаттың бір бөлігі болумен қатар меншік құқығының объектісі ретінде танылады. Табиғи ресурстың қоршаған ортамен экологиялық байланысы- ның үзілуі табиғи ресурсқа меншік құқығының тоқтап, материалдық құндылық ретінде меншік құқығының пай- да болуына әкеледі. Мысалы, жер қойнауындағы мұнай табиғи ресурс болып табылады және экологиялық құ- қықпен реттеледі. Ал жер қойнауынан алынған мұнай материалдық құндылыққа айналып, оның айналымға түсуі азаматтық заңдармен реттеледі.

– табиғи объектілердің абсолютті құнының болмауы олардың табиғи жолмен пайда болуымен сипатталады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының нысандары

Табиғат объектілеріне меншік құқығының нысандары Қа- зақстан Республикасының Конституциясымен анықталады. Ата заңның 6-бабының 3-тармағына сәйкес, жер және оның қой- науы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай- ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылғы Консти- туциясында табиғи объектілерге екі меншік нысаны бекітілген: жеке меншік және мемлекеттік меншік. Қазақстан Республика- сында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдік- тері заңмен белгіленеді.

Конституцияда жер, оның қойнауы, су, жануарлар мен өсім- діктер дүниесі ғана емес, одан басқа табиғи ресурстар да мем- лекеттік меншікте болатыны айтылған.

Республика аумағындағы табиғи ресурстарға мемлекеттің ерекше меншік құқығының болуы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің және оның дербес экономикалық жүйесінің негізі екенін дәлелдейді.

Аталған табиғи ресурстарға меншік иесінің құқықтарын мемлекет атынан жүзеге асырудың шектері мен субъектілері тек заңмен ғана белгіленеді. Атап айтқанда, жер, жер қойнауы, су, ор- ман және өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы атқарылатын іс-әрекет Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасында табиғи ресурс ретінде тек жер – заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке мен- шікте де болуы мүмкін. Жерге жеке меншік құқығы Қазақстан Республикасының Жер кодексімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жекеменшікке берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы азаматтарына жер учаскелері жекеменшігінде:

- шаруа немесе фермер қожалығын;
- өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағ- бандық;
- жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақса- тына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса ал- ғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұр- ғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олар- дың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жекеменшігінде:

- тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу;
- орман өсіру үшін;
- үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақса- тына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса ал- ғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін (23-бап).

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәр- тібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдасты- рылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асы- рылуға тиіс.

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды (ҚР Жер кодексінің 22-бабы).

Егер Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз

калауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады.

Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерін де тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің меншік иелері аталған құқықтарды осы Кодекстің ережелерін ескере отырып іске асырады.

Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәміле жасалған кездегі барлық ауыртпалықтарымен беріледі.

Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт (өтеусіз пайдаланушымен) нысанында жасалады (ҚР Жер кодексінің 25-бабы). Қазақстан Республикасының Су кодексінің 29-бабына сәйкес, ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары мемлекеттік

немесе жекеменшікте болуы мүмкін.

Мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шарттар бойынша осы құрылыстарға қызмет көрсететін су пайдаланушыларға немесе олардың бірлестіктеріне жалға, сенімгерлік басқаруға, өтеусіз пайдалануға берілуі, сондай-ақ сатылуы немесе өтеусіз берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес, орман қоры мемлекеттік және жеке орман қорларынан тұрады (5-бап). Жеке орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жекеменшікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған: 1) қолдан өсірілген екпелер; 2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер; 3) жеке орман питомниктері; 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер; 5) агроорман-мелиорациялық екпелер; 6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.

Жеке орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жеке орман иеленушілер жүзеге асырады (7-бап).

Мемлекет табиғи ресурстардың меншік иесі ретінде адамның өз өмірі мен денсаулығы үшін қоршаған ортаның қолайлы болуы құқығын қамтамасыз ететін, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін көздейтін, қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілеп, адам қызметінің қоршаған ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеу табиғи тепе-теңдікті сақтау мен табиғат қорларын тиімді пайдалану шараларын жүзеге асырады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілері

Меншік қатынастарында құқықтарға ие тұлға меншік иесі болып табылады. Оған өз мүлкін иелену, пайдалану және билік ету құқығы тиесілі болады. Меншік қатынастарындағы міндетті субъектілер азаматтық құқықтарға ие өзге субъектілер. Олар меншік иесінің құқықтарын шектемеуі және бұзбауы тиіс.

Қазақстан Республикасында табиғат объектілеріне меншік субъектісі Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының меншік туралы заңымен белгіленеді. Меншік туралы заңның республика аумағында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі Қазақстан Республикасы деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы атынан мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету өкілеттігін тікелей немесе арнайы мемлекеттік органдар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметі, жергілікті атқарушы органдары мен басқа да құрылымдар табиғат объектілерін иеленуді, пайдалануды және билік етуді заңдарда белгіленген күшірет шегінде жүзеге асырады.

Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыреттері арнайы заңдарда бекітіледі: Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Қазақстан Республикасының Орман кодексі, Қазақстан Республикасының Су кодексі, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Жануарлар дүниесін пайдалану, қорғау және өсімін молайту туралы заңы. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, елді мекендер жерін қоспағанда, аудан шекарасының шегінде жер қатынастарын реттеу саласында аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы органның құзыретіне мыналар жатады:

1) Жер кодексінің 13, 16, 18 және 19-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер учаскелерін жекеменшікке және жер пайдалануға беру;

1-1) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеумен және барлаумен байланысты жер қойнауын пайдалану мақсаттары үшін жер учаскелерін беру;

Жер кодексінің 13, 16 және 18-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жер учаскелерін алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою;

2) ауылдық атқарушы органдардың құзырына берілген ауыл шаруашылығы алқаптарын қоса алғанда, елді мекендер аумағында жер шаруашылық орналастыру жобаларын тиісті өкілді органның бекітуіне әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

4-1) Жер кодексінің 49-2-бабына сәйкес жерді резервте қалдыру;

5) Жер кодексінің 71-бабының 2-тармағына сәйкес іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру;

5-1) осы Кодекстің 69-бабына сәйкес қауымдық сервитуттар белгілеу;

5-2) елді мекендердің аумақтарын жер-шаруашылық орна-ластырудың бекітілген жобаларын тұрғындар үшін қолжетімді орындардағы арнаулы ақпараттық стендтерде орналастыру;

6) арнайы жер қорын құру;

8) жерді аймақтарға бөлу жобаларын (схемаларын) аудан-ның өкілді органына бекітуге табыс ету;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы орган-дарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру (ҚР ЖК 17-бабы).

Мемлекеттің табиғат қорларын иелену, пайдалану және билік ету құқығының табиғи ресурстарды пайдаланушылар, ие-ленушілер мен кейде билік етушілердің құқығынан ерекшелік-тері бар. Мұны меншік иесі құқығының мазмұнынан айқын ажыратуға болады.

Бірінші ерекшелік. Мемлекет табиғат қорларына өз құқы-ғының мазмұнын түзіп, оларды меншік иесі ретінде жүзеге асы-рады. Басқалар, табиғат қорларын иеленушілер, пайдаланушы-лар мемлекет белгілеп берген құқық шеңберінде ғана жүзеге асырады.

Екінші ерекшелік. Мемлекет табиғат қорларына меншік құ-қығын мемлекет өз атынан қоғамның, барлық адамдардың мүддесі үшін пайдаланады. Басқа табиғат қорларын иелену-шілер, пайдаланушылар өзіне иеленуге, пайдалануға берілген табиғат объектісін өз мүддесі үшін заңда көрсетілген мақсатта ғана пайдаланады.

Үшінші ерекшелік. Табиғат қорларына мемлекеттің билік жүргізуі шексіз және оған ешкім шек қоя алмайды, оны тоқтата да алмайды. Бірақ табиғат қорларына мемлекеттік билік Конституцияға сәйкес болуы қажет. Сондықтан, Конституцияға қайшы келетін заң нормаларының күші болмайды.

Табиғат қорларын мемлекеттен басқа иеленушілер мен пай-даланушылар (жеке және заңды тұлғалар) заңда белгіленген рет-терде белгілі бір шекте билік ету құқығын пайдалануы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасында табиғи ресурстар мемлекеттің меншігінде болады, тек өсімдіктер мен жануарлар әлемінің объектілері мен жекелеген жер учаскелері жеке меншікте бола алады. Жануарлар дүниесін пайдалану, қор-ғау және өсімін молайту туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте бола-ды. Мекендейтін ортадан осы Заңда белгіленген тәртіппен алын-ған, сондай-ақ еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайлар-да өсіріліп, ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілері оларды аулаған, өсіретін және ұстайтын жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылады (4-бап).

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жер учаскелері мемлекеттік және жеке меншікте болуы мүмкін. Жер учаскелері жеке меншікке азаматтарға:

– шаруа немесе фермер қожалығын;

– өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағ-бандық;

– жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақса-тына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін.

Оралмандарға жер пайдалану құқығымен берілген жер учас-келері Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және жағдайларда олардың жекеменшігіне өтеді (ҚР ЖК 46-бабы).

Шетел тұлғаларына үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешен-дерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке менші-гінде болуы мүмкін.

Мемлекеттік емес заңды тұлғаларға:

– тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу;

– орман өсіру үшін;

– үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақса-тына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салынған жер учаскелері болуы мүмкін (23-бап).

Жер учаскесіне жеке меншік қатынастарын реттейтін жер заңнамасы жер учаскелерін беру субъектілер, нысаналы мақса-ты, жер учаскесін беру көлеміне байланысты шектеулер орна-тады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны

Табиғи объектілерге меншік құқығының мазмұнына иелену, пайдалану және билік ету құқықтары кіреді.

Табиғат объектілерін иелену құқығы – іс жүзінде табиғи объектілерді иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі.

Табиғат объектілерін пайдалану құқығы – табиғи ресурс- тардың пайдалы қасиеттерін және одан түскен табысты ием- дену, сондай-ақ өзге де пайда алу қызметі.

Табиғат объектілеріне билік ету құқығы – табиғи объектіле- рінің іс жүзінде немесе заң жүзінде тағдырын айқындауға бері- летін мүмкіндігі.

Азаматтық заңнамаға сәйкес, меншік иесі өзіне тиесілі мү- лікке қатысты өз қалауы бойынша кез келген әрекеттер жасауға, соның ішінде бұл мүлікті басқа адамдардың меншігіне беріп, иелігінен шығаруға, өзі меншік иесі болып қала отырып, оларға мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өз өкілеттігін тапсыруға, мүлікті кепілге беруге және оған басқа да әдістермен ауыртпалық түсіруге, оларға өзгеше түрде билік етуге құқылы.

Меншік иесінің өз өкілеттігін жүзеге асыруы басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүд- делерін бұзбауға тиіс. Құқықтар мен заңды мүдделерді бұзу- шылық басқа нысандармен қатар, меншік иесінің өзінің моно- полиялық және өзге де басымдық жағдайын пайдаланып киянат жасауынан көрінуі мүмкін.

Меншік иесі өз құқықтарын жүзеге асырған кезде азамат- тардың денсаулығы мен айналадағы ортаға келтірілуі мүмкін зардаптарға жол бермеу шараларын қолдануға міндетті.

Меншік құқығының мерзімі шексіз. Мүлікке меншік құқы- ғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көздел- ген негіздер бойынша ғана ықтиярсыз тоқтатылуы мүмкін.

Заң құжаттарында көзделген реттерде, жағдайлар мен шек- терде меншік иесі өз мүлкін басқа адамдардың шектеулі түрде пайдалануына жол беруге міндетті (ҚР АҚ 188-бабы).

Сонымен қатар экологиялық қатынастар аясында аталған құқықтар меншік объектісіне (табиғи ресурстар) және субъек- тілердің түрлеріне (мемлекет, ұйымдар, жеке тұлғалар) байла- нысты ерекшелінеді.

Табиғи ресурстар меншік құқығының ерекше объектілері, олар табиғи жолмен пайда болуына байланысты алғашқы құны жоқ, кеңістік қатынастарында шектелген, қоршаған ортаның сапасын қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие болады, және қоғамның тұрақты дамуының негізі болып табылады. Табиғи ресурстар және тұтастай қоршаған ортаның жағдайы мен пай- далану – қоғамдық мүдделер аясы, сондықтан мемлекет табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттеуге заңдық шектеулер белгілеу арқылы араласады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының пайда болуы және оны тоқтату негіздері

Табиғи ресурстарға меншік құқығының пайда болуы мен тоқтату негіздері заңмен анықталады және меншік нысанына байланысты болады.

Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік меншіктегі табиғи ресурстарды мемлекеттік меншіктен жеке меншікке жеке немесе заңды тұл- ғаларға беру негізінде пайда болады.

Жеке меншіктегі табиғи ресурстар мемлекеттік меншікке мына жағдайларда өтуі мүмкін:

- міндеттемелері бойынша өндіріп алу жүргізілген кезде;
- мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған;
- заңдарды бұза отырып пайдаланылып жүрген табиғи объектіні мәжбүрлеп алып қойылған;
- тәркілеу.

ҚР Жер кодексіне сәйкес жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке мен- шікке берілуі мүмкін.

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдасты- рылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асы- рылуға тиіс.

3. Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығы:

- 1) меншік иесі – жер учаскесіне құқығын иеліктен шығарып басқа тұлғаларға берген;
- 2) меншік иесі меншік құқығынан бас тартқан;
- 3) жер учаскесіне меншік құқығынан Қазақстан Республи- касының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда айырыл- ған ретте тоқтатылады.

Меншік иесінен жер учаскесін олардың келісімінсіз алып қоюға:

- 1) меншік иесінің міндеттемелері бойынша жер учаскесінен өндіріп алу жүргізілген;
- 2) жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелік- тен шығарылған;
- 3) Жер кодексінің 92 және 93-баптарында көзделген жағ- дайларда, мақсатына сай пайдаланылмай отырған немесе Қазақ- стан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскесі

меншік иесінен мәжбүрлеп алып қойыл-ған;

4) радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскесі оның мен-шік иесінен, құны тең жер учаскесі беріле отырып, мәжбүрлеп иеліктен шығарылған;

5) тәркіленген реттен басқа жағдайларда жол берілмейді (ҚР Жер кодексінің 81-бабы).

Бақылау сұрақтары:

1. Табиғат объектілеріне меншік құқығының түсінігін ашып көрсетіңіз.
2. Табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілерін атаңыз.
3. Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұнын ашып көрсетіңіз.
4. Табиғат объектілеріне меншік құқығының пайда болу және тоқтату негіздерін атаңыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылғы
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. 27 желтоқсан 1994 жылғы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 Орман кодексі // Егемен Қазақстан, 2003 жылғы 19 шілде. – №180-181.
4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер Кодексі
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 Су Кодексі
6. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-IV Заңы //Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2010. – №12 (2565). – 60-құжат.
7. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2004. – №18. – 107-құжат.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

4 классикалық дәріс.

Табиғатты пайдалану құқығы ұғымын және олардың түрлері.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының табиғатты пайдалану құқығы ұғымын және олардың түрлерін қарастыру.

Түйінді сөздер: Табиғат пайдалану құқығы, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Табиғат пайдалану құқығының түсінігі, белгілері және мазмұны. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері. Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері. Арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгеру және тоқтату шарттары.

Табиғат пайдалану құқығының түсінігі, белгілері және мазмұны

Табиғатты пайдалану деп адамның табиғатқа әсер етуінің барлық нысандарын (оны қорғауды қоса алғанда) айтуға болады. Адам мен табиғатқа келтірілген экологиялық салдарға байланысты табиғат пайдалануды екі нысанға бөліп қарастыруға болады.

Бірінші нысан – табиғатты ұтымды пайдалану. Ол экономикалық даму мен тұрақты табиғи орта арасындағы тепе-теңдік, табиғат байлықтарын бүгінгі және болашақ ұрпақ мүддесі үшін сақтау, адамның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны, қоғамның табиғи ресурстарға қажеттілігін қамтамасыз ететін, табиғаттың заңдылығын есепке ала отырып жүзеге асырылатын саналы мақсатқа бағытталған қызметті білдіреді. Ұтымды табиғатты пайдаланудың міндетті шарты – экологиялық мәселелерді шешуге байланысты қажетті шараларды қолдану.

Екінші нысан – табиғатты ұтымсыз пайдалану. Ол табиғат заңдарын бұзатын қызметті білдіреді. Оның нәтижесінде қоршаған ортаның сапасы төмендейді, табиғи ресурстар сарқылады, адамдардың өмірінің табиғи ортасы нашарлайды.

Заңдық мағынада табиғатты пайдалану – оның әртүрлі нысандары мен түрлерін біріктіретін түсінік.

Табиғи ресурстарды пайдалану және табиғи объектілердің құқықтық жағдайын – арнайы заңның табиғи ресурстарды пайдалануға беру ережелері айқындайды.

Табиғатты пайдалану құқығы – қоғам мен мемлекеттің, азаматтардың экономикалық, экологиялық және күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер, жер қойнауы, су және өзге де табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты жеке және заңды тұлғалардың қызметін реттейтін заңмен белгіленген нормалар мен ережелердің жиынтығы.

Табиғатты пайдалану құқығын үш мағынада қарастыруға болады. Біріншіден, объективті құқық, яғни табиғатты пайдалану туралы құқықтық нормалар мен нормативтік актілердің жиынтығы. Екіншіден, субъективтік құқық, яғни табиғатты пайдалану құқығының субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Үшіншіден, табиғатты пайдаланудың субъективтік және объективтік құқығын жүзеге асыру тетігі болып табылатын құқықтық қатынас ретінде.

Табиғатты пайдалану құқығы арқылы мемлекеттің және өзге де меншік иелері мен пайдаланушылардың және өзге де табиғат пайдалану құқықтық қатынастарына қатысушылардың табиғи ресурстарға қатысты құқықтары жүзеге асырылады. Демек, аталған субъектілердің арасында табиғатты пайдалануға қатысты өзара қарым-қатынастар туындайды, табиғат пайдалану құқығының экономикалық, экологиялық,

мәдени, тәр- биелік, эстетикалық және өзге де нысандары жүзеге асыры- лады.

Табиғат пайдалану құқығын сипаттаған кезде ол құқықтың табиғатты пайдаланудың барлық нысандары мен түрлеріне қатысы бар деп айта алмаймыз, тек қана құқықтық реттеуге жа- татын және құқықтық реттелуді қажет ететін түрлерге байла- нысты. Мысалы, табиғат пайдалану құқығының пәніне дем алу үшін атмосфералық ауаны, күн энергиясын пайдалану жат- пайды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пай- далануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пай- далану болып табылады.

Табиғи ресурстарды пайдалану, яғни табиғи ресурстардың пайдалы қасиеттерін алу. Ал, әсер ету – адамның шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тікелей әсері.

Қоршаған ортаға әсер етуді төрт топқа бөліп көрсетуге болады: алдын ала жоспарланған, жоспарланбаған, тікелей, жа- нама.

Алдын ала жоспарланған әсер ету қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында материалдық өндіріс үрдісінде орын алады. Оған пайдалы қазбаларды өндіру, гидротехникалық құрылғыларды салу, ағаш дайындау үшін және жер учаскелері- нің аудандарын кеңейту үшін орманды кесу және тағы басқалар жатады.

Жоспарланбаған әсер ету жоспарлы әсер етуге қосымша пайда болады. Мысалы: пайдалы қазбаларды ашық түрмен өнді- ру – жерасты суларының деңгейін төмендетеді, атмосфералық ауаны ластайды және т.б.

Жоспарланған және жоспарланбаған әсер етулер тікелей немесе жанама болуы мүмкін.

Тікелей әсер етулер адамның шаруашылық қызметінің қор- шаған ортаға тікелей әсері, соның ішінде жер учаскесін сулан- дыру – топыраққа тікелей әсер етеді және онымен байланысты үрдістерді өзгертеді.

Жанама әсер етулер бір-біріне байланысты құбылыстар арқылы болады. Мысалы, жоспарланған жанама әсер етулер – тыңайтқыштарды қолдану және олар арқылы егістіктің көлеміне әсері.

Табиғи ресурстарды пайдалану құқығын мақсатына қарай екіге бөлуге болады: Біріншісі – табиғи ресурстарды экономикалық, экологиялық сауықтыру, эстетикалық қажеттіліктер үшін пайдалану құқығы.

Екіншісі – табиғи ресурстарды адам өмірі мен денсаулығы үшін пайдалану құқығы.

Бірінші топтағы табиғи ресурстарды пайдалану құқығы табиғи қорлардың белгілі бір түрін немесе түрлерін заңдарда көрсетілген мақсаттарда тиімді пайдалануды және оларды қорғауды көздейді.

Екінші топтағы табиғи ресурстарды пайдалану құқығы атмосфералық ауаның тазалығын, климатқа, жерге, орманға,суға, тағы басқа табиғат объектілеріне табиғи немесе жасанды апаттың болмауын талап етеді.

Бұл ерекшеліктер табиғи ресурстарды пайдалану мен қор- ғаудың экологиялық қатынастарын реттеу кезінде қолданылады. Табиғи ресурстарды пайдалану табиғатты жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Табиғатты пайдалану құқығы экономикамен тығыз байла- нысты, табиғатты пайдалану – экономикалық қатынастардың құқықтық нысаны болып табылады. Табиғат пайдаланудың нысаны мен мазмұны бар, олар өзара тығыз байланысты.

Табиғатты пайдаланудың мазмұны дегеніміз – заңға негіз- делген және өзара байланысы бар белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға берілген табиғи ресурстарды иелену мен пайдалану құқықтарының жиынтығы. Иелену мен пайдалану өзара біріккен құқықтар, өйткені табиғи объек- тіні оны иелену кезінде ғана пайдалана алады. Иелену құқығы кез келген табиғатты пайдаланудың алғышарты болып табы- лады.

Табиғатты пайдалану құқығы – заңға негізделген өндіріс немесе жеке қажеттіліктер

үшін пайдалы қасиеттерді алу арқылы табиғи объектіні пайдалану. Табиғатты пайдалану құқығы табиғи объектіні пайдалануға байланысты құқықтар мен міндеттер арқылы көрініс табады.

Демек, табиғатты пайдалану құқығын үш мағынада қарастыруға болады. Біріншіден, объективті құқық, яғни табиғатты пайдалану туралы құқықтық нормалар мен нормативтік актілердің жиынтығы. Екіншіден, субъективтік құқық, яғни табиғатты пайдалану құқығының субъектілерінің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Үшіншіден, табиғатты пайдаланудың субъективтік және объективтік құқығын жүзеге асыру тетігі болып табылатын құқықтық қатынас ретінде.

Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері

Табиғат пайдалану құқығының негізгі жіктеуші белгілері дегеніміз – табиғи объектілерді пайдалану мақсаты бойынша және табиғатты пайдалану субъектілері бойынша айқындалатын айырмашылық.

Жіктеу белгілеріне байланысты табиғатты пайдаланудың келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Адам мен азаматтың қолайлы қоршаған ортаға деген табиғи құқығы және табиғи объектіге байланысты жалпы табиғатты пайдалану құқығы. Аталған құқықты жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат қажет емес.

Арнайы мемлекеттік органнан рұқсат алудың міндеттілігі бойынша арнайы табиғатты пайдалану.

Табиғатты пайдалану – мақсатына байланысты ауыл шаруашылығындағы, өнеркәсіп және энергетика саласындағы, көлік, қорғаныс мақсатындағы табиғатты пайдалану және өзге де мақсаттарда пайдалану.

Табиғат пайдалану әдістеріне (шарттарына) байланысты табиғи ресурсты табиғи ортадан алу арқылы немесе табиғи ортадан алмай пайдалану болып бөлінеді. Аталған табиғатты пайдалану құқықтары су және орман заңнамасы, жер қойнауын пайдалану, жануарлар дүниесін пайдалану заңнамаларында бекітіледі.

Бір табиғи ресурсты пайдалану кезінде басқа табиғи ресурсқа және қоршаған ортаға болуы мүмкін минималды экологиялық жағымсыз антропогендік әсерін қамтитын кешенді табиғатты пайдалану құқығын атауға болады.

Меншік құқығымен немесе пайдалану құқығымен тиесілі оқшауланған табиғи объектіні (жер учаскесі, су объектісінің бөлігі, жер қойнауының бір бөлігі, және т.б.) пайдалануға байланысты жеке табиғатты пайдалану ажыратылады.

Жеке табиғи объектіні меншік иесінің беруіне байланысты бастапқы табиғат пайдалану құқығы – мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен алынған құқық. Меншік иесі емес тұлғамен берілген кейінгі табиғатты уақытша пайдалану құқығы – бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған құқық.

Мерзіміне байланысты табиғатты пайдалану құқығы мерзімі шектелмеген, яғни тұрақты немесе мерзімі шектелген уақытша (қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді) болуы мүмкін.

Табиғат пайдалануды құқықтық реттеудің пәндік-салалық белгісіне байланысты жер пайдалану құқығы, су пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалану құқығы, орман пайдалану құқығы және т.б. болып бөлінеді.

Аталған табиғи объектілерді пайдалану құқығының түрлерінің жиынтығы табиғатты пайдалану құқығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде табиғат пайдаланудың жалпы және арнайы түрлері бекітіледі. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асы-

рылады.

Жалпы табиғатты пайдалану құқығы пайда табуға байланысты емес, адамның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған, сондықтан жеке арнайы рұқсатты талап етпейді. Сонымен қатар егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі.

Табиғатты жалпы пайдалану – бұл адамның күнделікті өмірі мен денсаулығы, мәдени-эстетикалық қажеттіктерін табиғат объектілері есебінен тегін қанағаттандыру.

Табиғатты жалпы пайдалану үшін табиғи ресурстар жеке-леген азаматтарға бекітіліп берілмейді. Кейбір реттерде арнайы уәкілдік берілген органдар мен жергілікті өкілетті органдар табиғатты жалпы пайдаланудың өзге шарттарын белгілеуі мүмкін.

Жер заңнамасында жалпы жер пайдалану құқығы тікелей қарастырылмаған. Бірақ елді мекендер жерінің құрамында ортақ пайдаланудағы жер учаскелері кіреді. Халықтың ұйымдасқан түрдегі жаппай демалысы мен туризміне арналған және сол үшін пайдаланылатын рекреациялық мақсаттағы жер учаскелері белгіленген.

Жалпы су пайдалану ержелері Қазақстан Республикасының Су кодексімен реттеледі. Жалпы су пайдалануға – су объектілерін арнайы техникалық құралдар мен құрылғылар пайдаланбай, азаматтардан арнайы рұқсат алынбай ауыз су және күнделікті өмірлік қажеттіліктері үшін пайдалану, шомылу, мал суару мақсатында пайдалану жатады. Сонымен қатар жалпы су пайдалануда су объектілерінде адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында ережелерді және уәкілетті мемлекеттік органдармен бекітілген ережелерді сақтау міндеттілігі жүктеледі. Су пайдалануды жүзеге асыру жалпы пайдаланудағы барша халыққа қолжетімді, ашық пайдаланудағы су объектілерінде жүзеге асады. ҚР Су кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше жағдай көзделмесе, барлық су объектілері ортақ пайдаланудағы объектілер болып табылады. Бірақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ортақ пайдаланудағы су объектілерін пайдалануды шектеуге жол беріледі.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажы үшін тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Орманды жалпы пайдалану құқығы орман заңнамасымен белгіленеді. Жалпы орман пайдалануда жеке тұлғалар өздерінің қажеттілігі үшін жабайы жемістер, жанғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрілік шикізат және өзге де жанама орман ресурстарын жинауды жүзеге асырады.

Арнайы табиғат пайдалану – ҚР Экологиялық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі.

Табиғат пайдалану түрлеріне: 1) жерді пайдалану; 2) суды пайдалану; 3) орманды пайдалану; 4) жер қойнауын пайдалану; 5) жануарлар дүниесін пайдалану; 6) өсімдіктер дүниесін пайдалану; 7) қоршаған ортаға эмиссиялар; 8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады.

Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Экологиялық құқық ғылымында арнайы табиғат пайдалану құқығы деп белгілі субъектілер мен уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты негізінде қоғамның, жеке және заңды тұлғалардың экономикалық мүддесін қанағаттандыру мақсатында, жалпы табиғатты пайдалануға қарағанда қоршаған ортаға әсері көбірек табиғатты

пайдалану танылады. Арнайы табиғат пайдаланудың екі нысанын бөліп қарастырамыз: кешенді табиғат пайдалану және жеке табиғи ресурстарды пайдалану құқығы (жер учаскесін, жер қойнауын, орман ресурстарын және т.б.). Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін.

Бір табиғи ресурсты пайдалануға берген кезде онымен байланысы бар өзге де табиғи ресурстар да пайдаланылады немесе оларға әсер етіледі. Заң әдебиетінде кешенді табиғат пайдалану аумақтағы экологиялық жағдайды есепке ала отырып, кешенді табиғат пайдаланудың қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту және сол аумақтағы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын бір немесе бірнеше табиғи ресурстарды қатар пайдалану танылады.

Жекелеген табиғи ресурстар (жер, жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі) арнайы табиғат пайдалануға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында беріледі.

Жер заңнамасында арнайы жер пайдалану құқығы деген түсінік кездеспейді, бірақ жер пайдалану құқығы көп жағдайда (жалпы ортақ пайдаланудағы жер учаскелерін пайдалану құқығынан басқа жағдайларда) арнайы болып табылады. Жер пайдалану құқығы: 1) мемлекеттік органдар актілерінің; 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Арнайы су пайдалану арнайы құрылғылары, техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Жер қойнауын жалпы пайдалану түрлерінен басқа жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың барлық қалған түрлері уақытша және өтемді жер қойнауын пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажы үшін өндіруді жүзеге асыратын тұлғаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдаланушылар кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылуы тиіс.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңына сәйкес, жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін мекендейтін ортасынан алу арқылы пайдалану жатады. Жануарлар дүниесі арнайы пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде беріледі.

Арнайы орман пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Орман кодексінде бекітілген. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы тендер нәтижелері туралы хаттама және сол негізге алынып жасалған шарт негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану құқығы орман билетінің негізінде туындайды. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

Табиғи ресурстарды арнайы пайдалану барысында күрделі экологиялық қатынастар туындайды. Олар табиғи объектілерді пайдаланудың түріне, мақсатына, орналастыруға, мөлшерлеуге, қорғауға, тағы басқа жағдайларға байланысты болғандықтан, мемлекет тарапынан арнаулы ережелерді белгілеуді талап етеді. Сондықтан экологиялық заңнамада табиғатты пайдаланушыға табиғи ресурстар табиғатты арнайы пайдалану тәртібімен шаруашылық және өзге де шараларды жүзеге асыру үшін шарт немесе пайдалануға рұқсат беру негізінде пайдалануға немесе жалға беріледі.

Табиғи ресурстарды иелену және пайдалану кепілдіктері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде, Жер кодексінде, Су кодексі, Орман кодексі және басқа табиғат қорғау заңдарындағы жеке баптардың ережелерінде берілген.

Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметін заң шығарушы арнайы табиғат пайдалануға жатқызады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қоршаған ортаға эмиссиялар дегеніміз – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, зиянды физикалық әсер ету, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау. Арнайы табиғат пайдалану түрі ретінде қоршаған ортаға эмиссиялар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

Табиғи ресурстарды пайдалану объектілеріне – жер, су қорлары, орман қорлары, жер қойнауының кен байлықтары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жеке түрлері жатады. Аталған қорлардың және басқа табиғи объектілердің кез келген түрі иелену немесе пайдалану объектісі бола алмайды. Сондықтан табиғи ресурстың заңда көрсетілген түрі ғана иемдену немесе пайдалану объектісі бола алады. Сонымен қатар олар кез келген заңды ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беріле бермейді. Мысалы, орман қоры учаскелері иелік етуге мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына, сондай-ақ қорықтар мен ұлттық парктерге орман шаруашылығын жүргізу үшін беріледі. Басқа заңды ұйымдар мен заңды тұлғалар иелігіне заңда белгіленген тәртіппен орман шаруашылығын жүргізу үшін орман қорының учаскелері берілуі мүмкін.

Табиғи ресурстарды иелену, пайдалану, жалға алуды, мемлекеттік, қоғамдық, кооперативтік, акционерлік, тағы басқа кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жүзеге асырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке азаматтары, заңда көрсетілген ретте шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтар да осыған құқылы. Шетелдің заңды ұйымдары мен азаматтарына табиғи ресурстар пайдалануға немесе жалға, заңда көрсетілген жағдайларда жеке меншігіне берілетін болғандықтан, олар иелену құқығының субъектісі бола алады. Қазақстан Республикасының азаматы республика аумағында тұрған мерзіміне қарамастан, жер учаскесін мұралық өмірлік иеленуге құқылы.

Табиғатты арнайы пайдаланудың шарттары дегеніміз – табиғат объектілерін нақтылы игерудің нысаны. Оны іске асыру үшін табиғи ресурстарды арнайы пайдаланудың негізгі шарттары – табиғи ресурстарды пайдаланатын немесе айналадағы табиғи ортаға ықпал жасайтын кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтарға, олардың меншік нысанына қарамастан, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін; айналадағы табиғи ортаға ластайтын заттарды шығарғаны және тастағаны, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы белгіленеді.

Табиғи ресурстарды арнайы пайдалануға берудің және айналадағы табиғи ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды сақтаудың ережелері табиғат қорғау заңдарымен және табиғатты пайдалану туралы шартпен анықталады.

Заңда көрсетілген жағдайларда суды, су тоғандарын, кең тараған пайдалы қазбаларды, жергілікті маңызы бар кен қазбаларын өкілетті органдар (әкімдер) бере алады.

Табиғи ресурстарды арнайы пайдалану құқығы жерді пайдаланушы рұқсат алған күннен бастап өз күшіне енеді. Бірақ табиғи ресурсты пайдалануға кірісу табиғат объектілерінің түрлеріне қарай заңда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады. Тиісті жерге орналастыру органдары берілген жер учаскесінің шекарасын нақты белгілеп бергенге дейін және жерді иелену немесе пайдалану құқығын куәландыратын құжат тапсырылғанға дейін осы учаскені пайдалануға кірісуіне тыйым салынады.

Экологиялық заңнама табиғи ресурсты пайдалануға рұқсат беру құжатында осы ресурстардың пайдалануға берілген мерзімін, оларды қорғау мен сақтауды қамтамасыз етудің ережелерін, пайдаланудың нақты мөлшерін, қалдықтарды шығару мен тастаудың шекті нормативтерін көрсетуді талап етеді.

Табиғи ресурстарды иеленуге немесе пайдалануға, жалға берілетін құжаттардың нысаны табиғи ресурс түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін (акт, шарт, лицензия, куәлік

т.т.). Орман кодексі бойынша орман қоры учаскелерін пайдалануға беру лицензия, ағаш кесу билеті, ордер, орман билеті негізінде жүзеге асырылады.

Табиғат қолдану құқығының субъектілері заңға сәйкес алынған табиғат ресурстарды пайдалану құқығы бар тұлғалар. Олар заңды тұлғалар – кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер, сонымен қатар жеке тұлғалар болуы мүмкін.

Табиғат пайдалану құқығын иеленудегі қажетті алғышарты құқық-субъектілік болып табылады, яғни құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілігінің болуы. Ал заңды тұлғаларда, құрылтай құжаттары немесе жарғысында көрсетілген табиғат ресурстарын өз қызметтеріне сәйкес қолдануға мүмкіндік қажет болған жағдайда, жалпы құқық қабілеттілігі және арнайы құқық қабілеттілігі болуы қажет.

М.М. Бринчуктің пікірі бойынша, табиғат пайдалану құқығының субъектісі екі сипатта көрініс табады: а) заң бойынша мүмкіндігі бар пайдалану құқығының иесі; б) табиғи ресурс- тарға субъективті құқық иесі, заңмен бекітілген құқықтары мен міндеттері бар, жер, жер қойнауы, су және орман, жануарлар әлемінің объектілерін пайдалану қатынастарының субъектісі ретінде.

Жалпы табиғат қолдану құқығының субъектілері болып азаматтар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар саналады, өйткені оларда заң бойынша су, орман, жер пайдалану құқығы бар.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының субъектілері болып заңды тұлғалар және кәсіпкер-азаматтар саналады. Заңды тұлғалар: мемлекеттік орган ретінде, мемлекеттік меншіктегі ресурс- тарды пайдалану және белгілі табиғи ресурстарды пайдалану құқығы бар заңды тұлға ретінде көрініс табады. Заңды тұлға, жалпы құқық қабілеттілігінен басқа, арнайы табиғат пайдалану құқығын иелену үшін тиісті рұқсат құжаттарын алу қажет (лицензия, рұқсат, келісім-шарт және т.б.).

Табиғат пайдалану құқығының жалпы және арнайы түрлеріне қарай, табиғат пайдаланушылардың айырмашылықтарын көрсетуге болады.

Жалпы табиғат пайдалану құқығының субъектісі әрбір адам бола алады, өйткені заң бойынша оның жерді, суды, орманды пайдалану құқығы бар. Жалпы табиғат пайдалану құқығында адам табиғат ресурстарын кәсіпкерлік әрекеттерді жүзеге асыру үшін емес тек өзінің қажеттілігіне орай қолдана алады. Бұл табиғат пайдалану заңнамаларында көзделген. Кәсіпкерлік әрекеттерді жүзеге асыру үшін су объектілерін тек лицензия алған соң, яғни арнайы табиғат пайдалану құқығын иеленген соң жүзеге асыра алады. Орман заңнамасында да осындай жағдай көзделген. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ҚР заңына сәйкес, жер қойнауын пайдаланушыға жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелерінде кең таралған пайдалы қазбаларды және жерасты суларын өз мұқтажды үшін тәулігіне елу текше метрден аспайтын көлемде өндіру тұрақты және өтеусіз жер қойнауын пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар жүктелген міндеттерді атқару үшін әрекет қабілеті болуы қажет. Табиғат пайдалану құқығы субъектілерінің мәртебесі олардың заңда белгіленген құқықтары мен міндеттері бойынша анықталады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде табиғат пайдаланушы – табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға деп бекітіледі. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдаланушылар болуы мүмкін.

Табиғат пайдаланушылар:

1) тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген);

2) бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен алынған) және кейінгі (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл

мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдалану- шыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

Табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Эко- логиялық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақ- тауға міндетті.

Табиғат пайдалану құқығының объектісі болып оқшауланған (шекарасы бар) және де заңдық түрде белгіленген (табиғат қол- дану құқығын иеленуші құжаттар, жеке меншік куәлігі, жалдау шарты және т.б.) табиғи ресурстың жеке анықталған бөлігі (мы- салы, жер учаскесі, су объектісі, орман қорының бөлігі) табылады.

Жалпы табиғат пайдалану құқығының объектісі қоршаған орта болып табылады деп айтуға болады. Табиғат пайдалану ұғымы – жалпылама ұғым. Орман пайдалану, су пайдалану кезінде біз табиғат пайдалануды жүзеге асырамыз. Табиғат пайдалану құқығының жалпы объектісі – қоршаған орта.

Заңнамада табиғат пайдалану құқығының объектілері көбі- не, жер пайдалануға, жер қойнауын пайдалануға, су пайдалануға және т.б. нақтыланған. Яғни, сәйкесінше жер пайдалану құқы- ғының объектісі – жер, су пайдалану құқығының – сулар болып табылады, жер қойнауын пайдалану құқығының – жер қойнауы. Бірақ, табиғат пайдалану құқығын реттеуде экожүйелі әдісті қолдану қағидасына сәйкес табиғат пайдаланудың түрлеріне байланысты жеке объектілерді бөліп қарастыру шартты түрде болады: орман пайдалануды жүзеге асыра отырып біз жер, су, атмосфералық ауа, жануарлар дүниесінің объектілеріне әсер етеміз. Мүмкін тікелей пайдалану және жанама пайдалану құқығының объектілерін бөліп қарастыру қажет шығар. Мұндай шешім табиғат пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау тиімділігін арттырады деуге болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, табиғат пайдалану заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқығының объектісі жер, су пайдалану құқығының объектісі – сулар болып табылады, жер қойнауын пайдалануда – жер қойнауы. Бірақ экологиялық құқықта жер, сулар, жер қойнауы, орман және т.б. табиғи объектілер және табиғи ресурстар ретінде көрініс табады. Екі түсінік те заңна- мада қолданылады. Бұдан табиғат пайдалану құқығының объек- тісі ретінде табиғи объект не табиғи ресурс танылады ма деген сұрақ туындайды. Осы сұраққа жауап беру үшін олардың арасындағы айырмашылықты қарастырып өтейік.

Жер табиғи объект ретінде – Қазақстанның барлық жер қоры. Жер табиғи ресурс ретінде – нақты шаруашылық мақ- саттар үшін пайдалануға болатын жерлер. Яғни, табиғат пайда- ланудың объектісі ретінде табиғи ресурстар танылады. Сонымен қатар табиғат пайдалану объектісі болып табиғи объектілер де саналады (мысалы, қалдық суларды су объектілеріне орналас- тыру, шомылу үшін пайдалану).

Табиғат пайдалану құқығының объектілерінің сипаттамасы табиғат пайдалану құқығының түрлеріне қарай ерекшеленеді. Егер арнайы табиғат пайдалану құқығының объектілері – жеке анықталынған жер, су, орман т.б. болып табылса, жалпы табиғат пайдалану құқығында объектілерді оқшаулау жүргізілмейді (жалпы пайдалануға жататын елді мекендердің жерлері, жалпы пайдаланудағы су объектілері).

Арнайы табиғат пайдалану объектілері орналасқан аумақ учаскелері оқшаулану керек, яғни басқа аумақтан бөліну керек. Оқшаулаудың екі түрі бар – физикалық және заңды. Физикалық оқшаулау өзіне тиесілі аумақты қоршап алу. Заңды оқшаулау дегеніміз – арнайы табиғат пайдалану объектісінің құқықтық мәртебесін заңдық күші бар нормативтік актілерде бекіту.

Демек, табиғат пайдалану құқығының объектісі болып жекелеген табиғи ресурстар немес табиғат кешені табылады.

Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

Табиғат пайдаланушы субъектілердің мәртебесі олардың заңда бекітілген құқықтары мен міндеттерімен анықталады. Табиғат пайдаланушылардың құқықтары

мен міндеттері әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде (бірінші кезекте табиғатты пайдалану заңнамасында), сонымен қатар рұқсат беру құжаттарының мәтінінде (мысалы, лицензиялар) бекітіледі. Табиғат пайдалану құқығының мазмұнын құрайтын құқықтар мен міндеттердің көлемі табиғи ресурстардың түрлеріне байланысты және заңнама нормаларымен және құқық орнатушы құжаттарымен белгіленеді.

Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жалпы және арнайы деп бөлуге болады. Жалпы құқықтар барлық табиғат пайдалану субъектілеріне тән.

Табиғат пайдаланушылардың жалпы құқықтары ҚР Экологиялық кодексында бекітілген. Жеке тұлғалардың:

- 1) өздерінің өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға;
- 2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
- 3) қоршаған ортаны қорғау қоғамдық бірлестіктері мен қораларын құруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелері бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға;

- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жиналыстарға, митингілерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға;

- 6) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттар, шағымдар, арыздар мен ұсыныстар беруге және оларды қарауды талап етуге;

- 7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақытылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға;

- 8) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға;

- 9) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға;

- 10) қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;

- 11) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу мен тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

- 12) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге құқығы бар.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары болады.

Арнайы құқықтар пайдаланылатын табиғи объектінің ерекшеліктеріне, табиғат пайдаланудың түріне байланысты және белгілі субъектілерге ғана тән болады. Су объектілерін пайдалану кезіндегі су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері – ҚР Су кодексімен (71-72 б.), жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері – ҚР Жер кодексімен (64-65 б.), орман пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері – ҚР Орман кодексімен (24-25 б.), жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері – ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңымен (74-75 б.), жануарлар әлемін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері – Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР заңымен (27 б.) реттеледі.

Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мемлекет немесе басқа табиғат пайдаланушылардың мүдделерін қорғау мақсатында шектелуі мүмкін.

Табиғатты пайдаланудың мазмұнына кіретін құқықтар мен міндеттердің құрамы

мен көлемі олардың нысаналы мақсатына, табиғат пайдалану құқығы субъектілерінің құқықтық мәрте- бесіне байланысты болады. Табиғатты пайдалану саласындағы кейбір нақты құқықтар мен міндеттердің арасында айырмашы- лықтар бар.

Мысалы, жер пайдалану құқығының негізгі жалпы құқығы жерге өз бетінше шаруашылық жүргізу. Бұл құқықтар санатына: жер учаскесін оның нысанасынан туындайтын мақсатта пайдалана отырып, жерде дербес шаруашылық жүргізу; ауыл шаруашылығы және өзге де дақылдар мен екпелер себу мен отырғызуға, өндірілген ауыл шаруашылығы өнімі мен жер учаскесін пайдалану нәтижесінде алынған өзге де өнімге және оны өткізуден түскен табысқа меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару; өз шаруашылығының қажеттіліктері үшін жер учаскесінде бар құмды, сазды, қиыршық тасты және басқа да кең таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті, екпелерді, жер үсті және жер асты суларын, кейіннен мәмілелер жасасу ниетін көздемей, белгіленген тәртіппен пайдалану, сондай-ақ жердің өзге де пайдалы қасиеттерін пайдалану; жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда келтірілген шығынды толық көлемде өтетіп алу; жерді аймақтарға бөлуді ескере отырып, меншік, шаруашылық жүргі- зу, оралымды басқару құқығымен жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкестікте тұрғын үйлер, өндірістік, тұрмыстық және өзге де үйлер (құрылыстар, ғимараттар) салу; белгіленген құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнаулы талаптарға сәйкес суландыру, құрғату және өзге де мелиорациялық жұмыстар жүргізу, тоғандар мен өзге де су айдындарын жасау; меншік құқығын, уақытша ұзақ мерзімге өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын шаруашылық серіктес- тігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғам акцияларының төлеміне немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде беру құқықтары жатады.

Жер қойнауын пайдаланушының жалпы құқықтары болып: келісімшартта көзделген талаптарға сәйкес өзіне берілген келісімшарттық аумақ шегінде жер қойнауын пайдалану жөнін- дегі іс-әрекетті дербес жасауға; егер келісімшартта не Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше жағдай көзделмесе, өз қызметінің нәтижелерін, оның ішінде минералдық шикізатты өз қалауынша пайдалануға; келісімшарттық аумақта, ал қажет болған жағдайда жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіппен берілген өзге де жер учаскелерінде жұмыстарды жүзе- ге асыру үшін қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объекті- лерін салуға, сондай-ақ шарттар негізінде келісімшарттық ау- мақта да, одан тысқары жерлерде де жалпыға ортақ объектілер мен коммуникацияларды пайдалануға; келісімшарттың қолда- нылу мерзімін ұзарту туралы келіссөздерге бастамашылық жа- сауға; жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргі- зуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін мердігерлерді тартуға; Заңда белгіленген талаптарды сақтай отырып, құқықтарды немесе олардың бір бөлігін басқа тұлғаларға беруге; Заңда немесе келісімшартта айқындалған жағдайларда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтатуға құқығы бар.

Су пайдаланушылар өз бетінше өздеріне тиесілі су объекті- сін пайдалану құқығын жүзеге асырады. ҚР Су кодексінде көз- делген жағдайларды қоспағанда, су пайдаланушылардың су пай- далану құқығына қысым көрсетуге байланысты олардың қыз- метіне мемлекеттік органдардың тарапынан араласуға тыйым салынады.

Барлық табиғат пайдаланушылардың негізгі міндеттері табиғи объектілерді ұтымды және тиімді пайдалану, қорша- ған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес табиғи объектіге ұқыпты қарау. Ол үшін табиғат пайдаланушыға заңмен белгіленген экологиялық талаптарды орындау жүктел- ген.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, жеке тұлғалар:

- 1) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға;
- 2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға

жәрдемдесуге;

3) өз кінәсінен экологиялық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерді болдырмауға; өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттері болады.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болуы, өзгеруі және тоқтату шарттары

Табиғат пайдалану құқығының пайда болу негіздерін пайдалану түрлеріне байланысты екі топқа бөлеміз: жалпы табиғат пайдалану құқығының пайда болу негіздері және арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болу негіздері.

Жалпы табиғат пайдалану тікелей заң нормасынан пайда болады және мемлекеттік тіркеуді талап етпейді. Адам мен азаматтың конституциялық құқығынан туындайды, яғни адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаға құқығы, Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар және т.б., жалпы табиғатты пайдалану құқығын жүзеге асыру алдын ала заңдық әрекеттерді жасауды қажет етпейді (рұқсат алу, лицензия), және ақысыз жүзеге асырылуымен сипатталады.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болу негіздері күрделі заңдық құрамдармен, яғни заңдық фактілердің жиынтығымен көрініс табады.

Табиғат пайдалану құқығының құқық нормасы, субъектінің құқықтары мен міндеттерін біріктіретін заңдық фактілер негізінде пайда болады. Табиғат пайдалану аясындағы құқықтық қатынастардың мәні заңдық фактілермен байланысты. Заңдық фактілер – субъектінің еркіне байланысты заңдық құбылыстар мен заңдық әрекеттерге бөлінеді.

Табиғат пайдалану құқығының пайда болуының негізгі шарттары – заңдық әрекеттер. Олар табиғи ресурстың түріне, субъектісіне, табиғат пайдаланудың түріне байланысты болады. Барлық жағдай экологиялық құқықтың нормалары мен талаптарына сәйкес жүзеге асуы керек. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу негіздері ретінде заңдық әрекеттер күрделі заңдық жиынтықты құрайды, оған: табиғи объектіні пайдалануға беру туралы тұлғаның ерік білдіруі (өтініш); уәкілетті мемлекеттік органдардың шешім қабылдауы; табиғи объектіні пайдалану құқығын бекітетін сәйкесінше құжат жатады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, арнайы табиғат пайдалану құқығы:

1) табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар;

2) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды (ҚР ЭК 12-бабы).

Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, лицензиялар және (немесе) рұқсаттар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде туындайды.

Жылжымалы көздерден туындайтын эмиссияларды қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат

пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі.

Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық акті-леріне сәйкес беріледі.

Арнайы табиғат пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға билік ете алмайды.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

Табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар негізінде туын- дайды.

Табиғи ресурстарды арнайы пайдалану құқығына рұқсат және лицензия – жеке және заңды тұлғалардың белгілі табиғат пайдалану құқығын куәландыратын ресми құжат.

Арнайы табиғат пайдалану құқығына берілетін рұқсат әкім- шілік акт ретінде заңдық құрамның элементі ретінде экология- лық заңнаманың әр саласында әртүрлі нысандарда көрініс таба- ды. Мысалы, орман заңнамасы бойынша, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсат- тама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі (ҚР Орман кодексінің 20-бабы).

Жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызметі Эколо- гиялық кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған ли- цензияның негізінде жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орын- дау мен қызметтер көрсетуге қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заң- намасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын қоршаған ор- таны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Арнайы табиғат пайдалануға рұқсат беру Қазақстан Респуб- ликасының Экологиялық кодексі арқылы реттеледі және табиғат пайдаланушының табиғи ресурстың қажеттілігі негізделген өтінішінің негізінде беріледі.

Қазақстан Республикасында табиғат пайдаланушыларға мынадай экологиялық рұқсаттар:

- 1) қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар;
- 2) кешенді экологиялық рұқсаттар беріледі.

Эмиссиялардың барлық стационарлық көздерінен қоршаған ортаға эмиссияларды экологиялық рұқсатсыз жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ластағыштар ретінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген заттар шығарындыларын қоспағанда, парниктік газдар шығарындылары экологиялық рұқсаттың нысанасы болып табылмайды.

Жылжымалы көздерден туындайтын ластағыш заттардың шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын табиғат пайдаланушылар шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат ал- майды.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат табиғат пайдалану- шыға оның өтініміне сәйкес Қазақстан Республикасының Эко- логиялық кодексінде белгіленген тәртіппен

беріледі.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген шарттарды орындауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Өз меншігінде өндірістік объектілері бар табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін:

1) бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында орналасқан әрбір объект бойынша да, олардың тұтас жиынтығы бойынша да өтінім бере алады;

2) әртүрлі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында орналасқан әрбір объектінің орналасқан жері бойынша өтінім беруге тиіс.

Егер қоршаған ортаға эмиссиялар ортақ табиғат пайдалану процесінде жүретін болса, бұл эмиссияларға рұқсат алу талап етілмейді. Табиғат пайдаланушының Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын қызмет түрлері үшін арнаулы экологиялық талаптар мен нормалар қабылданған болса, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа осы талаптар мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін табиғат пайдалану шарттары енгізілуі мүмкін.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдаланудың белгілі бір шарттарын енгізу туралы шешімді рұқсат берген органдар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларда көзделмеген табиғат пайдалану шарттарын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа енгізуге тыйым салынады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдалану шарттарын енгізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті рұқсат берген органға тоқсан сайын ұсынып отыруға міндетті.

Кешенді экологиялық рұқсат табиғат пайдаланушының ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген эмиссиялардың техникалық үлес нормативтерін сақтау шартымен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын біртұтас құжат болып табылады.

Кешенді экологиялық рұқсаттарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы туындауының келесі негізі табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері.

Табиғи объектіні пайдалану құқығын беру туралы өтініш жазбаша түрде жазылып, уәкілетті мемлекеттік органға берілуі керек. Өтініште сұралып отырған табиғи объектінің түрі, көлемі, орналасқан жері, пайдалану мақсаты мен мерзімі және т.б. көрсетілу керек. Өтініш қаралып, сәйкесінше уәкілетті мемлекеттік органның шешімі шығады.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды.

Табиғатты пайдалану туралы шарт табиғатты пайдаланушы мен жергілікті өкілетті органмен, ал республикалық маңызы бар табиғи ресурстарды пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметімен жасалады.

Табиғатты пайдалану туралы шарт табиғатты пайдаланушылар көздеп отырған шаруашылық немесе өзге де қызметте және осы орайда қолданылатын технологияға экологиялық сараптаманың қорытындылары болған жағдайда жасалады.

Табиғатты пайдалану туралы шартта мынадай ережелер көрсетілуі тиіс:

- шаруашылықты жүргізуге және өзге де қызметке жол беруге болатын экологиялық талаптар;
- табиғи ресурстарды пайдаланғаны және табиғи ортаны ластағаны үшін төлемдердің төлеу мерзімі мен мөлшері;
- табиғи ресурстардың жалпы пайдаланудан шығып қалуына байланысты оларды жаңғыртуға арналған төлем- дердің мерзімі мен мөлшері;
- өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырудың көлемі мен тәртіптері, оларды орналастырғаны үшін төлемдерді төлеу мерзімі мен мөлшері;
- табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланбаған, айналадағы табиғи ортаны лимиттен тыс тұтынып, ластағаны үшін айып салып жазалауды қолданудың шарттары мен тәртібі;
- қолданылатын технологияға ерекше талаптар;
- берілетін жеңілдіктер;
- тараптардың шарт талаптары мен ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі;
- шарттың күшіне ену мерзімі.

Табиғат пайдалану құқығы мына жағдайларда өзгертіледі:

- табиғат пайдалану объектісінің өзгеруі;
- табиғат пайдалану объектісінің құқықтық мәртебесінің өзгеруі;
- пайдаланудағы табиғи объектінің экологиялық жағдайы- ның өзгеруі және соған байланысты табиғат пайдалануға шектеу қоюдың заңмен бекітілуі.

Табиғат пайдалануды толығымен немесе ішінара, тұрақты немесе уақытша тоқтату негіздері – құқыққа сай немесе құқыққа қайшы әрекеттер, әрекетсіздік немесе оқиғалар болып табы- лады.

Табиғат пайдаланушылардың барлығына ортақ табиғат пай- далану құқығын тоқтату негіздеріне:

- пайдалануға берілген табиғи объектіні мемлекет қажет- тіліктері үшін алып қою;
- табиғи объектіні пайдалану уақытының аяқталуы;
- пайдалануға рұқсат беру құжаттарында көрсетілген та- биғат пайдалану құқығын тоқтататын жағдайлардың орын алуы;
- табиғи объектіге зиян келтіретін табиғат пайдаланушы- ның табиғи объектілерді пайдалану ережелерін жүйелі түрде бұзуы;
- төтенше жағдайлардың орын алуы (табиғи апаттар, әске- ри әрекеттер және т.б.);
- егер табиғат пайдаланушы рұқсат беру құжатында берілген уақыт аралығында табиғи объектіні пайдалан- баса;
- табиғи объектіні пайдалануға берген субъектінің шаруа- шылық қызметінің тоқтауы;
- табиғи объектіні пайдалану үшін төлемдерді жүйелі түрде төлемеу жатады.

Мысалы: ҚР Жер кодексіне сәйкес, жер пайдалану құқығы:

1) жер пайдаланушы жер пайдалану құқығын иеліктен шығарып басқа тұлғаларға берген; 2) жер пайдаланушы жер пайдалану құқығынан бас тартқан; 3) жер пайдалану құқығынан Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайлар- да айырылған ретте тоқтатылады. Сонымен қатар жер пайда- ланушыдан жер пайдалану құқығын олардың келісімінсіз алып қоюға: 1) жер пайдаланушының міндеттемелері бойынша жер учаскесінен немесе жер пайдалану құқығынан өндіріп алу жүргізілген; 2) жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған; 3) мақсатына сай пайдаланылмай отырған немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскесі жер пайдаланушыдан мәж- бүрлеп алып қойылған; 4) радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскесі жер пайдаланушыдан, құны тең жер учаскесі беріле отырып, мәжбүрлеп иеліктен шығарылған; 5) тәркіленген реттен басқа жағдайларда жол берілмейді.

Жер пайдалану құқығы бұдан басқа да мынадай негіздер бойынша тоқтатылуы

мүмкін:

1) учаске берілген мерзімнің өтуі; жер учаскесі кепілде тұрған жағдайларды қоспағанда, жер учаскесін жалға беру шартының немесе өтеусіз уақытша жер пайдалану шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

2) жер пайдаланушыға қызметтік жер телімін берумен байланысты туындаған еңбек қатынастарының тоқтатылуы.

Бақылау сұрақтары:

1. Табиғат пайдалану құқығының түсінігі, белгілері және мазмұны.
2. Табиғат пайдалану құқығының түрлерін ашып көрсетіңіз.
3. Табиғат пайдалану құқығының объектілері және субъектілері қандай?
4. Табиғат пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
5. Арнайы табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгеру және тоқтату шарттарын ашып көрсетіңіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылғы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1996. – №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ КОДЕКСІ Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 Орман кодексі // Егемен Қазақстан, 2003 жылғы 19 шілде. – №180-181.
4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2003. – №13. – 99-құжат.
5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 Су кодексі // Егемен Қазақстан, 2003 жылғы 23 шілде. – №184-185.
6. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы №291-IV Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2010. – №12 (2565). – 60-құжат.
7. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 2004. – №18. – 107-құжат.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық
Дәріс кешені

5 классикалық дәріс.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны
қорғаудың мемлекеттік құқықтық механизмін түсіндіру.

Мақсаты: Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік құқықтық механизмін түсіндіру және қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласын- дағы мемлекеттік реттеудің түсінігі, белгілері. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану сала- сындағы мемлекеттік басқарудың жекелеген функциялары. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау. Экологиялық нормалауды құқықтық реттеу және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері. Экологиялық таңбалаудың құқықтық негіздері. Экологиялық сарап- тама: мақсаттары, міндеттері, түрлері. Экологиялық рұқсаттар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде. Экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің түсінігі, белгілері

Мемлекет механизмі (аппараты) – бұл органдар, мекемелер және лауазымды тұлғалардың жүйесі, онда олар белгіленген құқықтық тәртіп бойынша мемлекеттік-билік өкілеттіктерімен қамтамасыз етіледі және мемлекет

функциясын жүзеге асырады. Эколог-заңгерлер мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеудің арасын ажыратып көрсетеді. Ал кейбіреулері басқару мен реттеуді ажыратпай, басқаруды реттеумен байланыстырып,

бір-бірін толықтырып тұратын құбылыс ретінде қарастырады.

Ең алдымен, мәселені шешу үшін «мемлекеттік басқаруға» құқықтық түсінік беріп, оның мәні мен заң актілерінде алатын орнын анықтап алу керек.

Саясаткерлер мемлекеттік басқару жөнінде сөз қозғай отыра, оның өзіне тән бірнеше ерекшеліктерін көрсетеді:

Мемлекеттік басқару бұл – мемлекеттік биліктің күшіне сүйенетін, оны реттеу, сақтау және қайта құру мақсаты мен адамдардың қоғамдық өміріне мемлекеттің әсерін реттейтін және ұйымдастыратын практикалық қоғамдық даму процестерін мақсатқа сай басқару;

Мемлекеттік басқару – бұл заңда және басқа нормативтік құқықтық актілерде бекітілген, белгілі бір қызметтер мен міндеттерді орындайтын және мемлекет билігінің әрекетін реттеуді жүзеге асыратын саяси билік жүйесінің негізгі құралы болып табылатын мемлекеттік билікті жүзеге асыратын белгілі бір қызмет түрі;

Мемлекеттік басқару – болашақта бағдарланған қоғамдағы және мемлекеттегі әлеуметтік саяси, экономикалық және технологиялық өзгерістерді жүзеге асыру мен жетілдірудің маңызды факторы.

Мемлекеттік басқару – бұл бір мезгілде өнер және ғылым болып табылады және объективті сипаттағы басқару мен субъективті тәсілмен оның орындалуын жүзеге асыратын, екеуінің арасындағы қарама-қайшылыққа үстемдік ететін, әлеуметтік кәсіптік қызметтің күрделі түрлерінің бірі болып табылады.

А.Ж. Оспановтың пікірінше, басқару бұл – мемлекеттік органдар қызметтерінің түрлі экологиялық қызметтерін қамтамасыз етудің ұйымдық негізі.

Л.К. Еркінбаева «ҚР аграрлық құқық қатынастары» атты ғылыми еңбегінде мемлекеттік басқаруға заңды тұрғыда мынандай анықтама берген: «мемлекеттік басқару деп, қоғамдық өмірді заңнамалар арқылы реттеу, сақтау және өзгерту мақсатында мемлекеттік қызметті ұйымдастыруды айтуға болады».

А. Ибраеваның «Мемлекеттің құқық теориясы» атты еңбегінде мемлекеттік басқарудың 3 түрлі нысаны көрсетілген:

1) заң шығарушылық – басқарушылық қатынастарды реттеуге бағытталған мемлекеттік органдармен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау; 2) құқық қолданушылық – нормативтік құқықтық актілерді орындауға бағытталған тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға негізделген мемлекеттің қызметі;

3) құқық қорғаушылық – нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындамаған немесе бұзған тұлғаларға қатысты мемлекеттің қолданатын мәжбүрлеу қызметі [50, 121 б.].

Д.Л. Байдельдиновтың пікірінше, экология саласындағы мемлекеттік басқару бұл – мемлекеттік органдардың қоршаған ортамен қорғау мен қоғамның ара қатынасының экологиялық тәртібін реттеуге, экологиялық құқықтарды жүзеге асыру мен мемлекет субъектілерінің экологиялық міндеттерін сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық-орындаушылық қызметі деген болатын.

Біздің ойымызша, заңгерлік тұрғыдан қарағанда, басқаруды қолданыстағы заңға сәйкес реттелетін, оны реттеу, сақтау немесе қайта құру мақсатымен қоғамдық қызметті ұйымдастыру бойынша мемлекеттік мақсатқа сай қызмет ретінде түсіну керек деп ойлаймыз.

Осыған ұқсас түсінікті «мемлекеттік реттеу» ұғымына да қатысты көрсетуге болады.

Жалпы реттеу – бұл олардың белгілі бір құрылымдарының сақталуын, қызмет тәртібін қолдануы және

оның мақсаттары мен бағдарламаларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ұйымдастырылған жүйелер қызметі.

Б.Ф. Ерофеевтің ойынша, экологияны пайдалану мен қор- шаған ортаны мемлекеттік реттеу, экономикалық және эко- логиялық реттеу арқылы жүзеге асырылады. Егер елдің эконо- микалық жүйесін реттеу мемлекеттің басқару, іс әрекетінде әсіресе экономикалық қатынастардың жаңа жүйелерін қайта өндіруде көрінсе, онда экологиялық жүйені реттеу, экологиялық жүйелерді қолдауға қатысты тиісті шаралар жиынтығы мен оларды тиімді қалыптастыру үшін қалыпты жағдайлар құруды көрсетеді. Бұл көзқарасты қазақстандық ғалым С.Т. Культелеев те ұстанады. Сондай-ақ ол мемлекеттік реттеудің мақсаты эко- логиялық жүйелердің объективті заңдарына сай келетін осындай қоғамдық және өндірістік қатынастарды құру болып табылады деп атап көрсетеді.

Реттеу тек тәртіп үлгісін құрумен ғана шектелмейді, мазмұны бойынша оны қадағалауды бақылауды, есеп жүргізуді, тіркеуді, болжамды, жоспарлауды және осыған ұқсас басқару әрекетінің мүмкіндігін жүзеге асыру мемлекеттің үлесіне тиеді, тек қана мемлекеттің араласу масштабы ғана өзгереді. Н.Н. Ведениннің ойынша, мемлекеттік реттеу – бұл мемле- кеттік басқаруға қарағанда кең көлемді ұғым: соңғысы бірінші- сінің бөлігі, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану саласындағы мемлекет билігінің атқару орган- дарына қарағанда үлкен маңызға ие емес.

ҚР Экологиялық кодексі бойынша мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік басқаруға жеке-жеке түсінік берілген. ҚР Экология- лық кодексінің 6-бабында қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері көрсе- тілген.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар

Республикадағы экология мәселелері мемлекеттік органдардың кең ауқымымен бақыланады. Жалпыға бірдей қабылданған модельге сәйкес олар негізінен үш топқа бөлінеді: өкілді билік органы, атқарушы билік, сот жүйесі.

Бұл топтардың әрқайсысы өздерінің мақсаттары, сипаты мен ауқымы, нысандарымен, әдістерімен өзара ерекшеленеді.

Табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауды мемлекеттік басқару әртүрлі деңгейдегі әртүрлі мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Оларды үш түрге бөлуге болады: жалпы құзыреттілік органдары, арнайы құзыреттілік органдары, функционалдық органдар. Табиғатты пайдалануды басқарудың және қоршаған ортаны қорғаудың жалпы құзыреттілік органдарының ерекшелігі, олар өздерінің құзыретіне байланысты басқа да міндеттерді шешумен қатар: экономикалық даму, әлеуметтік дамуды басқару (денсаулық сақтау, білім беру және т.б.), мәдениет, қорғаныс, ғарыш және т.б. Табиғатты ұтымды пайдалануда және табиғатты қорғауды қамтамасыз ету мәселелерін шешуде әртүрлі деңгейде әрекет ететін мамандандырылған басқару органдарының рөлі жақсы.

Оларға қоршаған ортаны реттеу, лицензиялау, сертификаттау, бақылау және т.б. байланысты ең жауапты функциялар жүктелген.

Мамандандырылған органдарға қоғам мен табиғат арасындағы өзара әрекеттесу саласындағы проблемаларды шешу үшін құрылған мекемелер кіреді.

Бұл органдардың табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдаланудың арнайы мәселелері бойынша ұлттық экономиканың барлық салаларына және қызмет саласына тарайтыны соншалық, олар жиі салааралық немесе ведомстволық бағынысты органдар деп аталады.

С.Б. Байсалов пен Л.В. Ильяшенко мемлекеттік органдарды үш топқа жіктеді:

- 1) жалпы құзіреттегі органдар;
- 2) ведомстволық құзіреттегі органдар;
- 3) арнайы құзіреттегі органдар.

Н.Б. Мухитдинов қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарын үш блокқа жіктейді:

А) жалпы басқару органдары; Б) арнайы басқару органдары; В) өзге де органдар.

Сонымен қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі мыналар құрайды:

1) жалпы құзіретті органдар – әртүрлі міндеттерді, оның ішінде экологиялық міндеттерді қамтитын кешенді мәселелерді шешетін органдар:

- Қазақстан Республикасының Президенті;
- Қазақстан Республикасының Парламенті;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- Жергілікті атқарушы органдар;

2) Экологиялық функцияларды орындауға арнайы өкілеттілігі бар органдар. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, бұл органдар екі түрге бөлінген: Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар.

А) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – табиғатты қорғаудың барлық немесе бір бөлігін (блогын) орындайтын органдар:

– Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті.

Ә) арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар – жекелеген табиғи объектілерді қорғауды және пайдалануды ұйымдастырушы органдар. Экологиялық кодекске сәйкес, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар мыналар болып табылады:

1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;

- 3) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 4) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 6) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;
- 7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 9) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;
- 10) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 11) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

Бақылау сұрақтары:

1. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің түсінігі, белгілері.
2. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар.
3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау.
4. Экологиялық нормалауды құқықтық реттеу және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері.
5. Экологиялық таңбалаудың құқықтық негіздері.
6. Экологиялық сараптама: мақсаттары, міндеттері, түрлері.
7. Экологиялық рұқсаттар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде.
8. Экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-
VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының
экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т.
Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы : HAS, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының
экологиялық құқығы.
– Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики
Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. –
432 с.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

6 классикалық дәріс.

Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік-құқықтық басқару

Мақсаты: Қазақстан Республикасының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік-құқықтық басқаруды қарастыру.

Түйінді сөздер: Табиғатты пайдалану, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері. Табиғи ре- сурстардың мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесі. Қор- шаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері. Табиғи ресурс- тарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөнін- дегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік рет- теу. Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі. Экологиялық аудиттің құқықтық жағдайы.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік рет- теу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мем- лекеттік басқарудың жекелеген функциялары. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 6-бабына сәйкес, *Қор- шаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:*

- 1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензия- лауды;
- 2) экологиялық нормалауды;
- 3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық рет- теуді;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы;
- 5) экологиялық рұқсаттар беруді;
- 6) мемлекеттік экологиялық бақылауды;
- 7) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйе- сін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынта- ландыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйе- сін;
- 8) парниктік газдар шығарындыларын квоталауды;
- 9) парниктік газдарды түгендеуді;
- 10) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңірудің нарықтық тетігін белгілеуді;
- 11) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің нақты көлемінің мониторингі жүйесін;
- 12) мемлекеттік экологиялық мониторингті;
- 13) табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;
- 14) экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды.

Табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды;
- 2) табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молық- тыруға мемлекеттік бақылау жасауды;
- 3) табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісімшарттар) жасасуды;
- 4) табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыруды;
- 5) табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрларын жүргізуді;
- 6) табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлуді;
- 7) табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды;
- 8) табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицен- зиялау

Жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызметі шаруашы- лық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қор- ғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырда- ғы Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңымен реттеледі. Аталған заңға сәйкес, лицензия – жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиялар беретін

бірінші санаттағы рұқсат, ал лицензиялау дегеніміз – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың түпнұсқасын беруге және қайта ресімдеуге, рұқсаттық бақылауды жүзеге асыруға, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың қолданысын тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға байланысты іс-шаралар кешені болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Экологиялық нормалауды құқықтық реттеу – қағидалардың (нормалардың) және олардағы қамтылған қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің (нормативтерінің) жүйесі.

Экологиялық нормалаудың мақсаты болып, экологиялық қауіпсіздікті, экологиялық жүйелер мен биологиялық әртүрлілікті сақтауды қамтамасыз ететін қоршаған орта сапасын реттеу және оған жол беруге болатын әсерді белгілеу болып табылады.

Экологиялық нормалау процесінде нормативтер үшке бөлінеді:

- қоршаған орта сапасының нормативтері,
- эмиссиялар нормативтері,
- табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау саласындағы нормативтер.

Қоршаған орта сапасының нормативтері – қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоршаған орта сапасының нормативтеріне:

1) қоршаған орта жай-күйінің химиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген нормативтер, оның ішінде радиоактивті заттарды қоса алғанда, жол беруге болатын шекті шоғырлану, химиялық заттардың шамалап алынған қауіпсіз деңгейлерінің нормативтері;

2) қоршаған орта жай-күйінің физикалық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде шудың, тербелістің, магнит өрістерінің, радиоактивтіліктің, жылудың және өзге де физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейлерінің нормативтері;

3) қоршаған орта жай-күйінің биологиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде қоршаған орта сапасының индикаторлары ретінде пайдаланылатын өсімдіктердің, жануарлардың және басқа да организмдердің түрлері мен топтарының нормативтері, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен, гигиеналық нормативтермен регламенттелетін, микроорганизмдердің жол беруге болатын шекті шоғырлану нормативтері:

- топырақ бонитеті, карашіріндінің құрамы, топырақтың су және жел эрозиясына ұшырау, олардың батпақтану, сортаңдану, тұздану көрсеткіштері және жер топырағының басқа да сипаттамалары;
- аумақтың ормандылығы және онда орман өсіру, орманның қоқыстануы, ормандардың санитарлық жай-күйі, орман қорының жекелеген учаскелерінің басқа да сандық және сапалық көрсеткіштері;
- ауыз суға және өзге де мақсаттарға пайдаланылатын су сапасының нормативтері;
- табиғи ресурстар жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері;

4) қоршаған орта сапасының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері жатады.

Эмиссиялар нормативтері – қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері. Эмиссиялар нормативтеріне:

1) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері;

2) ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары мен төгінділерінің нормативтері;

3) өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері;

4) жол берілетін физикалық әсер (жылу мөлшерінің, шу, тербеліс, иондаушы сәуле және өзге де физикалық әсерлер деңгейінің) нормативтері;

5) күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру нормативтері жатады.

Эмиссиялар нормативтері аумақтардың және акваторияның табиғи ерекшеліктері ескеріле отырып, қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс және жол берілетін шекті шоғырлану немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде есептеледі.

Экологиялық таңбалаудың құқықтық негіздері – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі растаудан өткен өнімге экологиялық таза өнім белгісін беру.

Экологиялық таңбалаудың міндеттері:

- 1) тұтынушыларды қоршаған ортаға қауіпті өнімдерді сатып алудан (пайдаланудан) қорғау;
- 2) өнімдердің барлық түрлерін өндіру, пайдалану және жою, (кәдеге жарату, өңдеу) кезінде қоршаған ортаның ластануын болдырмау;

3) жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндіріс- тердің және өнімдердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) экологиялық қауіпсіз технологиялық процестерді, жаб- дықтарды және өндірістерді енгізу;

5) елге экологиялық қауіпті өнімдер мен технологиялардың әкелінуін болдырмау;

6) отандық өнімнің экспортталуына жәрдемдесу және бәсе- кеге қабілеттігін арттыру болып табылады.

Экологиялық рұқсаттар – қоршаған ортаны қорғау са- ласындағы мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде

Экологиялық рұқсат – жеке және заңды тұлғалардың қорша- ған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат.

Қазақстан Республикасында табиғат пайдаланушыларға мы- надай экологиялық рұқсаттар:

1) қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар;

2) кешенді экологиялық рұқсаттар беріледі. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат:

1) табиғат пайдаланушы және ол жүргізіп отырған шаруа- шылық және өзге де қызмет туралы мәліметтерді;

2) рұқсаттың қолданылу мерзімін;

3) табиғат пайдалану шарттарын, оның ішінде олардың бар- лық көздері бойынша эмиссиялардың нормативтерін;

4) рұқсаттың қолданылуы кезеңіне арналған қоршаған орта- ны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын, белгілен- ген үлгідегі құжаттар жиынтығы болып табылады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін табиғат пайдаланушы- ларға рұқсат берілетін объектілер I, II, III және IV болып төрт санатқа бөлінеді.

II I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2- сыныпты объектілері жатады. санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3- сыныпты объектілері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныпты объектілері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныпты объектілері жатады.

2-1. Өндірістік объектілердің санитарлық сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын қызмет түрлері IV санатқа жатады.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты I санат объектілеріне – қоршаған ортаны қорғау сала- сындағы уәкілетті органнан, II санат объектілеріне – облыстар- дың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, III санат объектілеріне – оңайлатылған схема бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қала- ның, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, IV санат объектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қала- ның, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алады.

Өтінімдер беру:

Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері. Мем- лекеттік экологиялық бақылау дегеніміз – уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақ- стан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Пре- зиденті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақ- тауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі; Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты – экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурс- тарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;

2) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

3) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;

4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

5) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкі- летті мемлекеттік орган;

7) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік ор-Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласын-

дағы бақылау;

2) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы бақылау;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау. Экологиялық бақылау жүзеге

асыратын субъектілерге байланысты келесі түрлеген бөлінеді:

1) **Мемлекеттік экологиялық бақылау** – уәкілетті орган- ның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкі- меті қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі. Инспекторлық тексеру – мемлекеттік экологиялық бақылаудың нысаны болып табылады. Инспекторлық экологиялық тексеру дегеніміз – мем- лекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасы- ның экологиялық заңнамасын сақтауы туралы ақпаратты жинау мен талдау арқылы жүргізетін іс-шаралар кешені болып табылады.

2) **Өндірістік экологиялық бақылау** – арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтары- ның және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі.

3) **Қоғамдық экологиялық бақылау** – жұртшылықты мемлекеттің экологиялық проблемаларына тарту мақсатында жүргізілетін және жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайтын қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған қыз- мет түрі.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері.
2. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері.
3. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру.
4. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау.
5. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мем- лекеттік реттеу.
6. Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі.
7. Экологиялық аудиттің құқықтық жағдайы.
8. Экологиялық білім беру мен ағарту ісінің құқықтық негіздері.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы : НАС, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

7 классикалық дәріс.

Экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету.

Мақсаты: Экологиялық қауіпсіздіктің түсінігі, мақсаты мен міндеттерін қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Экологиялық қауіпсіздіктің түсінігі, мақсаты мен міндеттері. Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы. ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі. Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың түсінігі мен түрлері. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті. Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттері. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары.

Экологиялық қауіпсіздіктің түсінігі, мақсаты мен міндеттері

Қауіпсіздік – бұл адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғау жағдайы. Өмірлік маңызды мүдделерге адамның, қоғамның және мемлекеттің дамуына мүмкіндік беретін және өмір сүруді қамтамасыз ететін қажеттіліктердің жиынтығы жатады, ал қауіпсіздіктің қатеріне жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы жатады. Экологиялық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ұлт-тық қауіпсіздігінің негізгі стратегиялық құрамдас бөліктерінің бірі және мемлекеттік басымдықтардың маңызды аспектісі. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы табиғи ресурс-тарды, яғни табиғи объектілер мен энергия көздері, өндіріс өнімдері мен тұтыну тауарлары ретінде пайдаланылатын және тұтыну құндылығы бар табиғи-антропогендік объектілердің әр-түрлі компоненттерін шаруашылық және өзге де қызметке тартуды көздейді. Табиғи ресурстарды пайдалану қоршаған ортаның сапасына әсер етеді, олар физикалық, химиялық, биологиялық және басқа көрсеткіштермен және (немесе) олардың жиынтығымен сипатталады. Табиғи ресурстарды бей-берекет және қадағалаусыз пайдалану, оларды шаруашылық айналымына тарту қоршаған ортаға теріс әсер ететін заттар және (немесе) энергияның орналасуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты табиғи экологиялық жүйелердің жойылуы мен табиғи ресурстардың сарқылуына қауіп төндіретін, қоршаған ортаға жағымсыз өзгерістер әкелетін зиян келтіріледі.

Мұндай жағдайларда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік – экологиялық қауіп-қатерден қорғау. Бұл екі ұғым үнемі бірге қарастырылады.

Ал, экологиялық қауіп – антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, оның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй.

Экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік

маңызы бар мүдделері мен құқықтарының қорғалуының жай-күйі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету объектілері:

- адам (оның қолайлы қоршаған ортаға құқығы);
- қоғам (қоршаған орта жағдайына байланысты материал-дық және рухани құндылықтар жиынтығы);

- табиғи ресурстар және қоғамның орнықты дамуына және болашақ ұрпақтың әл-ауқаты үшін негіз болатын қор-шаған орта.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері:

- осы саладағы функцияларын заң шығарушы, атқарушы және сот билігі арқылы жүзеге асыратын мемлекет;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдары;

- азаматтар;

- қоғамдық және басқа да ұйымдар мен қауымдастықтар. Экологиялық қауіпсіздікке қауіп төндіретін көздер:

- шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер етуі;

- табиғи ресурстардың сарқылуы;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соқтыратын әрекеттер (әрекетсіздік);

- төтенше жағдайлар салдарлары.

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат-тың мақсаты табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаға антропо-гендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қа-терлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту;

- биоәртүрлілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу;

- экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигон-дары мен сынақ кешендерін оңалту;

- Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу;

- су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу;

- табиғи ластануларды, әуе бассейнінің ластануын, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және олар-дың алдын алу;

- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту;

- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай-лардың алдын алу.

Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заңнамасы:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- заңдар;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілеріне негізделеді.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір адамның қолайлы қоршаған ортаға, қоршаған ортаның жай-күйіне қаты-сты шынайы ақпаратқа қолжетімділігіне, қоршаған ортаға қаты-сты құқық бұзушылыққа байланысты денсаулыққа немесе мүлікке келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ табиғат пен қор-шаған ортаны және табиғи ресурстарды сақтауға

тығыз байла- нысты.

Қолайлы қоршаған ортаға субъективті құқық әдетте әлеу- меттік құқықтарға жатады. Біздің ойымызша, қарастырылып отырған құқықтың құндылығының мұндай төмендеуі негізсіз, өйткені қолайлы қоршаған орта өмір сүрудің қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабы бойын- ша, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағ- даяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауап- кершілікке әкеп соғады. Бұл мемлекетті құзыретті органдар дайындаған қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында мерзімді түрде жариялауға міндеттейді.

Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы

Экологиялық қауіпсіздік тек қоршаған ортаны қорғауды ғана емес, сонымен қатар бұл саладағы ұлттық мүдделерді айқындауға, қауіп-қатерді ескерту бойынша және олардың салдарын минимизациялау бойынша мемлекеттік саясатты жа- сап шығаруға және жүргізуге мүмкіндік береді.

Экологиялық заңнаманың заманауи жағдайы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатынастарды реттейтін және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің жоғары да аталған бағыттардың заңдық негізін құ- райтын тікелей әрекеттегі заңдардың кең шеңберінің болуымен сипатталады.

ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ха- лықаралық-құқықтық актілердің рөлі

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек ішкі шаралар- мен мүмкін емес екендігін атап өтейік. Бұл мақсатқа жету үшін басқа мемлекеттермен тең серіктестікті ұйымдастыру талап етіледі. Ғылымда жаһандық экологиялық қауіпсіздік термині берік орнықты. Осылай М.Н. Копылов экологиялық қауіпсіздік тер- минін халықаралық құқықтың жаңа қағидасы ретінде есептеуді ұсынады.

Халықаралық-құқықтық актілерде қамтылатын құқықтық нормалар Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіз- дікті қамтамасыз етуде үлкен әсер тигізуде, өйткені Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқықтың жал- пы мойындалған қағидалары мен нормалары және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары оның құқықтық жүйесінің құрам бөлігі болып табылады деп айқындайды.

Жалпы мойындалған экологиялық қағидалар мен халықара- лық серіктестіктің бағыттары Қоршаған орта бойынша Сток- гольм Декларациясымен (1972), Табиғаттың Бүкіләлемдік Хар- тиясымен (1982), Қоршаған орта мен оны дамыту бойынша Дек- ларациямен (Рио-де-Жанейро, 1992), Мыңжылдық Саммитінің Декларацияларымен (Нью-Йорк, 2000), «XXI ғасырдағы Күн тәртібі» (Рио-де-Жанейро, 1992), Тұрақты даму бойынша Бү- кіләлемдік Саммит (Йоханнесбург, 2002) және басқа да халықара- лық актілермен айқындалған. Бұл актілер орасан зор ха- лықаралық беделге ие және жүзеге асыруды халықаралық кон- венцияларда да, көптеген мемлекеттердің, соның ішінде Қазақ- стан Республикасының да ұлттық заңнамасында орын тапқан.

Халықаралық экологиялық шарттар өзінің реттеуімен барша адамзаттың өмірін сақтап қалу үшін өлшеусіз маңызға ие болып табылатын барлық негізгі табиғи қорларды (сулар, жер, тірі қорлар, атмосфера) қамтиды.

Қазақстан қоршаған ортаны қорғауға және жаһандық және аумақтық деңгейлердегі тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық шарттарды жасап шығару мен жүзеге асыруға бағытталған, әртүрлі халықаралық комиссиялар мен процес- тердің белсенді қатысушысы және мүшесі болып табылады. Олардың арасында – БҰҰ-ның Тұрақты даму бойынша комис- сиясы; Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуы бойынша мемлекетаралық комиссиясы; Тұрақты даму үшін кәсіпкер- лердің бүкіләлемдік кеңесінің аумақтық еуразиялық желісі; ТМД гидрометеорологиясы бойынша мемлекетаралық

кеңесі;

«Еуропа үшін қоршаған орта» мен «Азия үшін қоршаған орта мен тұрақты даму» процестері бар. БҰҰ-ның Дау бағдарла- масымен, Жабайы табиғат әлемдік қорымен (WWF) және басқа да халықаралық ұйымдармен серіктестік даму үстінде.

Соңғы уақытта экологиялық сипатқа ие халықаралық құ- жаттарды қабылдаудың белсенділігі артуда. Экологиялық ба- ғыттағы халықаралық-құқықтық актілер санының артуы толы- ғымен негізді жалғасуда және бірінші кезекте халықаралық эко- логиялық құқық талаптарын орындауды қамтамасыз ету туралы мәселе қойылған. Бұл мәселеде халықаралық серіктестік про- цесіндегі назар одан әрі жинақталуда.

Бұлардың арасындағы барынша маңыздыларына мыналар- ды жатқызуға болады: 1972 жылғы Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау бойынша ЮНЕСКО Конвенциясын; 1973 жылғы Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы Конвенциясы; 1977 жылғы Табиғи ортаға әскери немесе басқа да қасақана әсер ету құралдарын қолдануға тыйым салу туралы Конвенция; 1979 жылғы Жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтау туралы Бонн Конвенциясы, 1985 жылғы Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена Конвенциясы, Теңіз ортасын қорғауға қатысты конвенциялар, соның ішінде 1982 жылғы БҰҰ Теңіз құқығы туралы Конвенциясы; 1989 жылғы Қауіпті қалдықтарды шекарааралық тасымалдауды бақылау және оларды кәдеге жарату туралы Базель Конвенциясы және т.б.

Қарусыздандыру саласындағы халықаралық келісімдер тікелей қоршаған ортаны қорғауға байланысты емес, дегенмен олар қоршаған ортаны қорғауға септігін тигізеді. Халықаралық конвенциялармен, шарттармен және әдет-ғұрыптарымен бірге, халықаралық ұйымдардың ұсынылымдары экологиялық қауіп- сіздікті қамтамасыз етуде орасан зор рөл атқарады: БҰҰ-ның 1972 жылғы Қоршаған орта туралы Стокгольм декларациясы; 1974 жылғы Мемлекеттердің экономикалық құқықтары мен міндеттері туралы хартиясы; Бас Ассамблеяның 1980 жылғы мемлекеттердің Жердің табиғатын сақтаудағы қазіргі және бо- лашақ ұрпақ алдындағы тарихи жауаптылығы туралы; 1982 жылғы Табиғаттың Бүкіләлемдік хартиясы, және, әрине, 1992 жылғы Қоршаған орта мен даму туралы Рио декларациясы.

Қазақстан Ауаның трансшекаралық ластануы туралы кон- венцияны ратификациялады. Аталған Конвенция және оның үш хаттамасы күшіне енді және ауаны трансшекаралық ластауды әлсірету үшін тиімді құрал ретінде әрекет етеді.

Климаттың өзгеруі туралы конвенция мен Биологиялық алауантүрлілік туралы конвенцияға 154 мемлекеттің қол қоюы экологиялық мәселелерді шешу бойынша жаһандық келісімге жету жолындағы елеулі қадам болып табылады. Оған Рио-де-Жанейродағы БҰҰ Конференциясында қол қойылды. Конвен- цияның мақсаты климаттық жүйеге зиянды әсер ететін пар- никтік газдарды шығарудың деңгейін тұрақтандыру болып табылады, дегенмен Конвенцияда климаттың бірқатар өзгеруі шарасыз екендігі туралы мойындау бар.

Жабайы флорамен және фаунамен халықаралық сауда ту- ралы конвенция жойылып кету қаупіндегі жануарлар мен өсімдіктердің он мыңдаған түрімен сауданы реттейді. Бұл мүмкін, мүшелері 136 мемлекет болып табылатын, жабайы табиғатты қорғау бойынша барлық халықаралық шарттардың ішіндегі барынша табыстысы. Аталған Конвенция қабылданды және Вашингтонда 1973 жылдың 3 наурызында қол қоюға ашық болып жарияланды және күшіне 1975 жылдың 1 шілдесінде енді. Планетаның экожүйесін сақтау мен қорғау үшін бірінші деңгейлі маңызға Рио-де-Жанейрода 1992 жылы 5 маусымда қабылданған биоалуантүрлілік туралы Конвенция ие болып табылады. Қазақстан Конвенцияға 1992 жылы қол қойып, оны ратификациялады. Конвенцияның мақсаты – биоалуантүрлілікті сақтау, бөлшектерді табысты пайдалану, әділетті және теңдей негізде, генетикалық қорларды пайдаланумен байланысты табыс табу. Аталған Конвенция ережелерінің негізінде Қазақстан Республикасында өзінің экологиялық саясатының басты бағыт- тары жасалуда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықара- лық серіктестік тек жаһандық деңгейде ғана емес, сонымен бірге Орталық Азия мен ТМД мемлекеттерінің

ішінде де жүзеге асырылуда, сондай-ақ бұл ережелер екіжақты келісімдер жасау кезінде қолданылады.

Қазақстан Республикасымен халықаралық көпжақты шарттық-құқықтық міндеттемелерді жүзеге асыру. Қазақстанды халықаралық табиғат қорғау серіктестігіне қосу оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының құрама бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласында 900-ден астам нормативтік құқықтық актілер әрекет етеді.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың түсінігі мен түрлері

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрақты міндет, қоғам мен оның құрылымдарының өркендеуінің маңызды шарты және интегративті көрсеткіші болып табылады. Қажетті деңгейдегі қауіпсіздік объектілерінің (тұлғалар, қоғам мен мемлекет) эко-номикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және олардың өмір-лік маңызды мүдделеріне **қауіптеніне** теңбе-тең өзге де сипатта-ғы шараларды жасау мен ұстану бойынша біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру арқылы қауіпсіздікке қол жеткізіледі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат мыналарды қарастырады:

- Мемлекеттік билік органдары әрекеттерінің бірлігі мен келістілігі;
- Экологиялық қауіп деңгейінің жобалық төмендетілуі;
- Мемлекет пен қоғамды дамытудағы экономикалық стра-тегияны қалыптастыру мен жүзеге асыруда экологиялық қауіпсіздік артықшылықты тәртіпте қамтылуы тиіс.

Экологиялық қауіпсіздік қызметтің келесі бағыттарын жү-зеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі:

- Құқықтық, ұйымдастырушылық, инженерлік-техника-лық, санитарлық-гигиеналық және медициналық сипат-тағы шаралар кешенін жүргізу;
- Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу;
- Азаматтардың экологиялық есендігін қамтамасыз ету саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу;

- Экологиялық қатерлі объектілерге экологиялық аудит жүргізу;
- Экологиялық қауіптілікті төмендету бойынша іс-шара-ларды жасау мен орындау, бұл шараларды орындау ту-ралы есепті ұсыну;

– Азаматтарды экологиялық қауіп, оны жою жөніндегі ша-ралар туралы, республикада тұтастай және муниципалды түзілімдер бойынша аумақтардағы экологиялық ахуал-дың жағдайы туралы жүйелі түрде хабарландыру;

– Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндетті алдын-алу іс-шаралары кешенін жүзеге асыру (мемлекеттік экологиялық нормалау, табиғат қорлары-ның кадастрларын, тастандылар кадастрын, жер, су және орман кадастрын жүргізу, экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыру, экологиялық үгіт-насихат);

– Азық-түлікті өндіру мен ауызсуды тұтыну кезінде қауіп-сіздік талаптарын белгілеу;

– Адамның қоршаған ортаға шаруашылық әсер етуін нор-малауға талаптарды айқындау;

– Құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық сипаттағы басқа да шаралар.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қыз-меттің негізгі элементтері мыналар болып танылады

- Мемлекеттік экологиялық сараптама;
- Экологиялық қауіпті жағдайлардың салдарын жою;
- Экологиялық аудит;
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын бұзу салдарында келтірілген шығындарды өтеу;

- Заңдық жауаптылыққа тарту;
- Экологиялық қауіпсіздікті ақпараттық қамтамасыз ету;
- Өзге де элементтер.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыт-тары:

- экономиканы экологияландыру;
- заңнаманы экологияландыру;
- қоғамды экологияландыру болып табылады. Экономиканы экологияландыру.

Экономиканы экология-

ландыру – өндірістің табиғат қажеттілігін азайту және заттар мен энергия алмасуының биосфералық процестеріне экономиканың әсерін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды қамтамасыз етуде және ресурстық-экологиялық тепе-теңдікті сақтауда болып табылады.

Экономиканы экологияландыруды жүзеге асыру үшін ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту және экологиялық

«лас» өндірістің үлесін азайту керек, сонымен бірге табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың, экологиялық мониторингтің және статистиканың табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру арқылы барлық әзірленетін мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу қажет.

Табиғат пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға белгілеу жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуді, табиғат пайдаланудың ақылық жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметінің тиімділігі қаржы ынталандыруын құрумен, сондай-ақ табиғат қорғау-қызметіндегі қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық құралдарын енгізумен айқындалады. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер – ресурстарды нормативтен тыс пайдаланғаны немесе нормативтен тыс шығарынды және ластаушы заттардың төгінділері үшін ставкаларды арттырудың тетігі арқылы қоршаған ортаның ластануын азайтуды экономикалық ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Экономикалық құралдар инновацияларды енгізу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, неғұрлым тиімді және аз қалдықты технологияларды дамыту мен енгізу мақсатында шаурашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатаң нормалар мен стандарттардың белгіленуіне ықпал етуі тиіс.

Табиғат қорғау заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген зиян ластану деңгейі мен келтірілген залалды (зиянды) қалпына келтіруге, ұдайы өндіріске кеткен шығындарды және өзге де шығыстар мен ысыраптарды ескере отырып, толық көлемде өтеуге жатады.

Қоғамды экологияландыру. Қоғамды экологияландыру – бұл адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жүйесін қалыптастыру процесі. Оны жүзеге асыру экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді дамыту, ғылыми қамтамасыз ету, экологиялық үгіт-насихат және жұртшылықтың қатысуы жолымен жүргізіледі.

Қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде экологиялық білім беруді дамыту үшін:

– білім берудің барлық деңгейіндегі оқу бағдарламаларына экология және тұрақты даму мәселелерін енгізу жолымен үздіксіз экологиялық білім берудің жүйесін қалыптастыру;

– міндетті және қосымша білім беру жүйесінің барлық деңгейі үшін экология саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

- экологиялық білім беруді мемлекеттік қолдау;
- табиғи жүйелердің экологиялық сыйымдылығы мен олардың тұрақтылық шектерін айқындау;
- экологиялық таза және ресурс үнемдейтін технологияларды, өндірістерді, шикізаттың түрлерін, материалдарды, өнім мен жабдықты, оның ішінде ауыл шаруашылығында, әзірлеу;
- биологиялық әртүрлілікті, биоқауіпсіздіктің ғылыми негіздерін сақтау проблемасын зерделеу;
- климаттың ықтимал жаһандық және өңірлік өзгерістерін және табиғи орта үшін оның салдарларын зерттеу;
- экологиялық қатерлерді айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;
- ластанулардың алдын алу мен жоюдың, қоршаған ортаны оңалту және қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратудың құралдары мен әдістерін әзірлеу;
- адамдардың аурулары мен қоршаған орта сапасы өзгерістерінің арасындағы байланысты зерделеу;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жинақталған білімді жүйелеу және ғылыми зерттеулерді үйлестіру.

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді бюджеттік бағдарламалар және халықаралық гранттар арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми мекемелер жүргізеді.

Халықтың арасында экологиялық ақпарат таратудың экология қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде үлкен ағартушылық, үгіт-насихаттық мәні бар. Бұл жұмыста орталық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдары қатыстырылуы тиіс.

Сонымен бірге берілетін материалдардың сапасын, жеделдігін және өзектілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттік органдар олар бойынша ресми материалдар беру арқылы өзекті экологиялық проблемаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы тиіс. Бұл үшін интернетте экологиялық сайттар құрып, онда ресми ақпаратты орналастыру, ғылыми мақалаларды, монографияларды жариялауды жалғастыру, экологиялық газеттер мен журналдар басып шығару қажет.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. БҰҰ-ның толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде халықаралық ынтымақтастықты пайдалануы тиіс. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода негізі салынған және 2002 жылы Йоханнесбургте өткен Дүниежүзілік саммитте расталған тұрақты даму қағидаттары халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен серіктестік саясатының негізі болуы тиіс. Осы саясаттың негізгі бағыттары:

- халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық іске асыру;
- қоршаған ортаның сапасын бағалаудың және жай-күйін бақылаудың жалпы тәсілдерін, әдістерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеу;
- үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулерді жүргізу;
- экологиялық қауіпсіздік проблемасын шешуде халықаралық тәжірибені пайдалану;
- қоршаған ортаны қорғау мен елдің тұрақты дамуы саласындағы нақты бағдарламалар мен жобаларды шешуге халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды жандандыру.

Маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға және халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне республиканың неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық әзірленетін бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары және оларды іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар белгіленуі тиіс.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл адамның шаруашылық не өзге де қызметінің қоршаған ортаға негативті әсер етуін анықтау, ескерту және алдын алуға, қолайсыз әсер етудің салдарын оқшаулау және жоюға бағытталған, сәйкесінше қағидалардың негізінде, белгіленген нысандар мен рәсімдер арқылы жүзеге асырылатын арнайы құзыретті органдардың заңға тәуелді қызметі болып табылады.

Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізу міндеттерінің бірі – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу болып табылады.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес төтенше экологиялық жағдай – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Экологиялық зілзала – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Халықтың денсаулығына төнетін қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсініледі.

Халық денсаулығының едәуір нашарлауы деп қоршаған ортаның ластануынан туындаған денсаулықтың өмірмен сыйыс-пайтын орны толмас бұзылуының, өлім себептері құрылымы өзгерулерінің және ерекше өзіндік аурулардың пайда болуының артуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің едәуір артуы түсініледі.

Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарына жатқызу экологиялық ахуалды нашарлататын көздер мен факторларды анықтау және экологиялық қолайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен азайту, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың денсаулығына әсер ету салдарларын мейлінше азайту жөнінде негізделген шұғыл шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

Төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала болуы ықтималдығы болжанатын аумақты зерттеу мақсатында комиссия құрылады.

Жергілікті атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) экологиялық ахуалдың қолайсыздығы болжанатын аумақта тұратын тұрғындардың;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдар депутаттарының;
- 3) қоғамдық бірлестіктердің өтініштері негізінде комиссия құруға бастамашы болуға құқылы.

Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері және басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғалар кіреді.

Комиссия:

- 1) аумақтың экологиялық жай-күйін;

- 2) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындау себептерін;
- 3) қандай да бір тозу деңгейіне ұшыраған аумақтардың ше- караларын;
- 4) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың залалын, нашарлау мүмкіндігін;
- 5) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайды жою жө- ніндегі қажетті шараларды;
- 6) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындау- ына себепші болған факторларды жою мақсатында оны жоюға қажетті құралдарды;
- 7) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауы- на себепші болған шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін айқындау мақсатында материалдарды жинау мен талдауды жүзеге асырады.

Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда, комис- сия тиісті мемлекеттік органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

Аумақты зерттеу материалдары мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін денсаулық сақтау, ғылым және ғы- лыми-техникалық қызмет және білім беру салаларындағы уәкі- летті мемлекеттік органдардың қорытындысымен бірге қор- шаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында аумақты төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зіл- зала аймағы деп тану немесе танымау туралы тұжырым болуға тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындылары, сондай-ақ денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми- техникалық қызмет салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қо- рытындылары негізінде аумақ:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен – төтен- ше экологиялық жағдай аймағы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңымен – экологиялық зіл- зала аймағы деп жарияланады.

Жоғарыда тізбеленген нормативтік құқықтық актілерде:

- 1) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақ- тарының шекаралары;
- 2) экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймағы деп жариялау мерзімдері;
- 3) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақ- тарының құқықтық режимі;
- 4) тиісті аумақтағы қолайсыз экологиялық жағдайды тұрақ- тандыру және деңгейін азайту жөніндегі шаралар не оларды әзірлеу қажеттігіне сілтеме;
- 5) азаматтарды төтенше экологиялық жағдай немесе эко- логиялық зілзала салдарынан зардап шеккендер санатына жат- қызу тәртібі және оларды әлеуметтік қорғау шаралары көрсеті- леді.

Табиғи ресурстарды молайту, қоршаған ортаны сауықтыру, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар Қазақ- стан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжат- тарына сәйкес сараланған түрде әзірленеді және жүзеге асырыла- ды.

Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарына жатқызу экологиялық ахуалды нашарлата- тын көздер мен факторларды анықтау және экологиялық қо- лайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен азайту, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмен- дету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың ден- саулығына әсер ету салдарларын мейлінше азайту жөнінде негіз- делген шұғыл шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

Белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдай мен эко- логиялық зілзаланың құқықтық режимі белгіленген жағдайда мынадай шаралар:

- 1) қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауына себепші болған объектілер қызметін тоқтату не шектеу;

- 2) табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молайту), қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде жедел шаралар;
- 3) халыққа тұрақты немесе уақытша тұруы үшін міндетті түрде үй-жайлар бере отырып, оларды тұруға қауіпті жерлерден көшіру;
- 4) карантин белгілеу және басқа да санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;
- 5) ауырған, өлім-жітімге ұшырау қаупі туындаған жағдайда жануарларға көмек беру жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізу;
- 6) келудің және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының қозғалысын шектеу;
- 7) жаңа құрылыс салуға және жұмыс істеп тұрған, қызметі төтенше экологиялық жағдайларды жоюға немесе халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты емес кәсіпорын- дар мен басқа да объектілерді кеңейтуге уақытша тыйым салу қолайсыз экологиялық жағдайдың салдарынан зардап шеккен адамдар үшін тамақ өнімдерін бөлудің ерекше тәртібін енгізу;
- 8) жоғары экологиялық қауіп төндіретін объектілерді салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салу;
- 9) жиынтық қасиеттері және (немесе) жай-күйінің ерекше-ліктері осы аймақтағы экологиялық жағдайды ушықтыруы мүм-кін ерекше қауіпті (химиялық, радиоактивті, уытты, жарылғыш, жанатын, биологиялық) заттарды, өсімдіктерді қорғау құрал-дарын шаруашылық және өзге де қызметтерге қолдануға уақыт-ша тыйым салуды белгілеу;
- 10) сауықтыру, курорттық мақсаттағы объектілердің жұмыс істеуіне тыйым салу;
- 11) адамдарға, өсімдіктерге, жануарлар дүниесіне және бас-қа табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп бар кез келген басқа да қызметті жүзеге асыруға тыйым салу немесе оларға шектеу енгізілуі мүмкін.

Төтенше экологиялық жағдайдың немесе экологиялық зіл-заланың салдарынан зардап шеккен адамдардың Қазақстан Рес-публикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өздеріне келтіріл-ген зиянды өтетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық жағдайдың қалыпқа түсуін куәландыратын зерттеу материалдарының негізінде төтенше экологиялық жағ-дай аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, ал экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы – Қазақстан Республикасы заңымен тоқтатылуы мүмкін.

Төтенше экологиялық жағдай аймағын немесе экологиялық зілзала аймағын анықтау қолайсыз экологиялық ахуалдың не-ғұрлым жоғары дәрежесін көрсететін бір немесе бірнеше негізгі және қосымша көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлері халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйін анық-таудың өзге де мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз не? Ұлттық қауіпсіздік пен эко-логиялық қауіпсіздіктің ара қатынасы қандай?
2. Экологиялық қауіпсіздіктің мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
3. ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құ-қықтық актілердің рөлі қандай?
4. Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды атаңыз.
5. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдар-дың құзыреті қандай?
6. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамдық бірлестік-тердің рөлі қандай?
7. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақта-рының құқықтық жағдайын ашып көрсетіңіз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 02 қаңтар 2021 жылғы Экологиялық кодексі // <http://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы №527-IV заңы // <http://adilet.zan.kz>
3. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі [Мәтін] : оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы : HAS, 2008. – 325 б.
4. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.
5. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде №10928 тіркелді // <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысымен бекітілген Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидалары // <http://adilet.zan.kz>.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

8 классикалық дәріс.

Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік.

Мақсаты: Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілікті қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері. Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауапкершіліктің түрлері. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы

Экология заңдарының міндеті қоғам мен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікті сақтау, адамның өмірі мен денсаулығына қоршаған ортаның қолайлы болу құқығын қамтамасыз ету, болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны қорғау, адамның қызметінің қоршаған ортаға зиянды ықпал етуіне жол бермеу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды насихаттау. Табиғатты қорғауды құқықтық қамтамасыз ету үшін табиғат игіліктерін сақтау және қалпына келтіру жолымен пайдалану шарттары және негіздері заңды түрде анықталып, табиғатты қорғау мақсатында көзделген құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленуі қажет. Құқықтық жауапкершілікті қолдану арқылы экологиялық талаптарды орындауды мемлекеттік мәжбүрлеу іске асырылады.

Жалпы, құқықтық мемлекетті құрудағы қоғамның маңызды ерекшелігі – құқықтық тәртіп пен заңдылықты сақтау болып табылады. Экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын адамдардың іс-әрекеттеріне қарсы тұру бұл заңды жауапкершілікті қолдану болып танылады. Сәйкесінше, жауапкершіліктің маңызды міндеттерінің бірі – қоғамда заңдылықты қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту, қоршаған табиғи ортаға келтірілген шығындарды өтеттіру.

Ал, экологиялық құқық бұзушылықтарға жауапкершілікті бір-бірімен тығыз байланысты үш түрлі мағынадағы жалпы заңдық жауапкершілік ретінде қарастыруға болады, яғни олар төмендегідей тәртіпте қарастырылады:

а) заңмен бекітілген талаптарды орындау бойынша мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ретінде;

б) мемлекет пен (оның органдарының тұлғасында) құқық бұзушы (санкцияға тартылғандар) арасындағы құқықтық қатынастар ретінде;

в) құқықтық институт ретінде, яғни құқықтың әртүрлі салаларының заң нормаларының жиынтығы (жер, тау-кен, су, орман, табиғат қорғау және тағы басқалар).

Экологиялық заңнамаларды бұзғаны үшін жауапкершілік ретінде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көптеген реттермен қарастырылады.

Құқық бұзушылық ретінде жауапкершілік мемлекеттік органдар мен құқық бұзушы арасындағы туындайтын қатынас- тармен реттеледі. Яғни, бұл жағдайда экологиялық құқық бұзушылық қатынастарының бір тарабы – мемлекеттік органдар ретінде экологиялық құқық бұзушылық қатынастары істерін қарастыратын арнайы өкілеттік берілген органдар болып табылады. Құқықтық институт ретінде құқық бұзушыға әрекет ететін мәжбүрлеу шараларын қолдану мен жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормалар қарастырылады. Аталған құқықтық жауапкершілік институтының ерекшелігі – оның кешенділігі. Экологиялық құқық бұзушылықтың нормалары жүйесін өзге құқық салаларының нормалар жүйесі де құрайды, атап айтсақ, олар: жер, орман, су, тау-кен, экологиялық, еңбек, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқықтар және өзге де құқықтардың нормалары.

Экологиялық заңдарды бұзу дегеніміз – белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи ортаға зиян келтіретін заңға қайшы кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік.

Экологиялық құқық бұзушылықтың төмендегідей белгілері бар:

1. Кінә. Табиғатқа зиян келтірген тұлғаның кінәсі қасақана- лық және абайсыздық нысанда болады.
2. Тұлғаның мінез-құлқының құқыққа қайшы болуы, бұл экологиялық нормалардың және басқа да заңдылықтың бұзылуын білдіреді.
3. Қоғамдық қауіптілік – бұл қоршаған ортаға, экологиялық құқыққа және жеке немесе заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіру немесе зиян келу қаупінің тууы.
4. Құқыққа қайшы әрекет пен зиянның пайда болуының немесе оны келтірудегі шын қауіптің себептілік байланысының болуы.
5. Жазаланушылық, яғни құқық бұзушылық жасаған тұлғаға заңды жауапкершілік шаралары қолданылады.

Құқық бұзушылық туралы тек, олардың қалыптасуының барлық элементтері бар жағдайда, яғни құқық бұзушылық құрамы анық болған жағдайда айтуға болады. Сәйкесінше, экологиялық құқық бұзушылықтың төмендегідей элементтері қарастырылады:

- а) объектісі; б) субъектісі;
- в) объективтік жағы; г) субъективтік жағы.

Аталған құқық бұзушылық құрамына қысқаша тоқталып өтсек.

- Экологиялық құқық бұзушылық объектісі ретінде табиғатты рационалды, мақсатқа сай пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар қарастырылады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік

Экология заңдарын бұзғаны үшін жауапкершіліктің келесі түрі – тәртіптік жауапкершілік, экологиялық құқықтық тәртіпті бұзатын абайсызда жасалатын, тәртіптік жауапкершілік көзде- тін әрекет немесе әрекетсіздік нәтижесінде пайда болады.

Тәртіптік жауапкершілік – қызмет бабы қатынастары саласында қолданылады. Тәртіптік жауаптылық – еңбек заңдары белгілеген жаза, ол тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынады. Тәртіптік жауаптылыққа тартудың тікелей негізі – экологиялық және табиғи ресурстық заң нормаларын бұзу нәтижесі болған, лауазымды тұлғаның өзінің еңбек міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы. Еңбек заңдарына сәйкес, тәртіптік жауапкершілікке бағыну тәртібі бойынша тартылады, яғни оны бастық егер де тікелей бұзақылық үстінде ұстайтын болса, өзінің жұмысшысына жүктейді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес, кінәлі адамдарға тәртіптік жауаптылықтың келесі түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) Кодексте белгіленген жағдайларда еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Заңмен және заңды тұлғалардың тәртіп жөніндегі жарғыларымен тәртіптік жауаптылықтың басқа да түрлері көзделуі мүмкін. Сонымен қатар құқық бұзушыларға белгіленген тәртіпте шағымдануға құқық берілген. Экологиялық пайдалану саласында тәртіптік жауапкершілік, жұмыскердің өзінің еңбек міндеттемелерін орындау барысында жасаған экологиялық талаптарды бұзғаны үшін туады (егер бұл талаптарды орындау оның еңбек шартымен немесе әкімшіліктің уақытша тапсыруы бойынша жүктелген болса).

Тәртіптік жауаптылықтың объектісі екіжақты еңбек тәртібінің ережелері және қоршаған орта.

Экологиялық тәртіптерді бұзған адам тәртіптік жауаптылыққа, оның әрекеттерінің нәтижесіздігі тартылады.

Тәртіптік теріс қылық көрсеткен, экологиялық құқық бұзушылықты жасаған жұмыскер, қызметкер немесе лауазымды адам тәртіптік жауаптылықтың субъектісі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнайы органдардың, жерді, суларды, жер қойнауын, ормандарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инстанциялар жұмыскерлерінің тәртіптік жауаптылығы арнайы заңдармен реттеледі.

Тәртіптік жауапкершіліктің басқа жауапкершіліктерден ерекшелігі төмендегідей:

- Тәртіптік жауапкершілік тек жеке тұлғаларға қатысты қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік өзге заңды жауапкершілік түрлерімен қатар қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік жұмыскердің жұмыс уақыты кезінде жасалған теріс қылығы үшін қолданылады. Яғни жұмыскердің жұмыстан тыс уақытта немесе демалыс уақытында жасаған теріс қылықтары үшін өзге жауапкершілік түрлері қолданылады;
- Субъектісі тек қана жұмыс істеп жүрген жұмысшы;
- Тәртіптік жауапкершілікте жұмыс істеп жүрген уақытында жауапкершілік заңдарын бұзғаны үшін қолданылады;
- Тәртіптік жауапкершілік ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан шығару сияқты жазалау шараларын қолданумен ерекшеленеді;
- Тәртіптік жауапкершілікке тарту – Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексімен және белгілі бір ұйымның жарғысына сәйкес жасалған ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі. Соңғы жылдар ішінде табиғат ресурстарын пайдаланудың артуына байланысты адамзаттың табиғатқа тигізетін әсері өте күшейді. Адамзат өндірістік қызмет процесіне барған сайын табиғатты елеулі өзгерістерге ұшыратушы, табиғаттағы геологиялық жүйенің зат алмасуының тепе-теңдік құрылымын бұзушы қуатты фактор ретінде көрінеді.

Қазіргі кездегі қоғамның дамуы айналадағы қоршаған ортаны пайдаланумен тікелей байланысты, яғни адамзат тіршілігіне қажеттінің барлығын табиғаттан алады. Бұл жағынан алғанда табиғат – табиғи қажеттілікті қамтамасыз ететін таңғажайып құбылыс. Ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқындап дамуы, жерасты қазба байлықтарын кеңінен пайдалану, транспорт түрлерінің көбеюі қоршаған ортаны түрлі химиялық қосылыстармен ластауда. Мұндай химиялық қосылыстардың көбінің

токсиндік және концерогендік қасиеттері биосфералық тепе-теңдіктің бұзылуына, климаттың өзгеруіне, ауыл шаруашылығы өнімдер өнімділігінің төмендеуіне және халықтың денсаулығының нашарлауына әсерін тигізеді. Ток- синдік және концерогендік қосылыстар клетка құрамына еніп, ДНК молекуласына әсер етеді, хромосомаларын бұзып, нәти- жесінде ағзалардың тіршілік ету қабілеттігін төмендетеді.

Нәтижесінде, елімізде қазіргі таңда терең және тұрақты теріс өзгерістерімен сипатталатын қолайсыз экологиялық жағдай туып отыр. Ресурстарды өндіру және пайдалану барысын- да қоршаған ортаға жүктелген ауыртпашылықтар ұлғая түсті. Оның себебін көптеген факторлардан іздеуге болады, таби- ғи ресурстарды ретсіз, тиімсіз пайдалану және өзге де жағдай- лар.

Қазақстан территориясының өте үлкен бөлігі әртүрлі фак- торлардың әсерінен кешенді ластанған. Мысалы, ауаның, судың, жердің әртүрлі өндірістік зиянды қалдықтармен, улы газдармен және тағы басқа да факторлармен ластануы. Оған полигондар- ды, сынақ алаңдарын, «Байқоңыр» ғарыш кешенін, ірі тау-кен өндірістерін, Балқаш, Арал, Каспий суларындағы экологиялық апаттарды, мыңдаған өндірістік кәсіпорын, зауыттар мен фабри- каларды қосатын болсақ, Қазақстан территориясының апат алаңы екенін байқауға болады. Сәйкесінше, қазіргі таңда елдегі экологиялық жағдаяттың нашарлауы алаңдаушылық туғызады. Экологиялық мәселелер адамзат үшін маңыздылығымен-ақ елеусіз алдыңғы шепке шықты.

Жалпы, қоршаған табиғи орта – адамның өміріне, тіршілік ету жағдайына және денсаулығына әсер ететін табиғи компо- ненттердің жиынтығы. Қоршаған табиғи ортаның компонент- теріне атмосфералық ауа, сулар, топырақ, жер асты байлықтары, жануарлар және өсімдіктер әлемі жатады. Қоршаған ортаны ластау – адамның шаруашылық қызметінің нәтижесінде, қатты, сұйық және газ тәріздес қалдықтарды табиғи ортаға: атмосфе- раға, гидросфераға, топыраққа шығару; қоршаған ортада қажет емес физикалық факторлардың: шудың, жылудың, сәуле шы- ғаратын радиацияның, ультрадыбысты толқындардың, тербеліс- тердің пайда болуы нәтижесінде қоршаған ортаның физикалық- химиялық қасиеттерінің өзгеруі.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экология- лық жауапкершіліктің түрлері. Адамның табиғатқа әсер етуі- нің артқаны соншалық табиғи ортаны сақтау проблемасы адамның өзінің тіршілік ету проблемасымен қабысып жатыр. Сондықтан да күн тәртібінде экологиялық проблемаларды ше- шудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құ- ралдарын дайындау туралы мәселе тұр.

Дегенмен аталған проблеманы шешу жекелеген мемлекет- тер мен аймақтардың шеңберімен шектеліп қалмайды, олар жаһандық сипатқа ие болды. Жаһандық экологиялық пробле- маларды шешу қажеттілігінің астарында халықаралық қауым- дастықтардың бірігуі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бар.

Жалпы, жоғарыда аталған құқықтық жауапкершілік түрле- рінен басқа экологиялық-құқықтық жауапкершілік те көзделген. Құқықтық әдебиеттерде жер- құқықтық, су-құқықтық, орман- құқықтық және тағы сол сияқты арнайы жауапкершіліктің түр- лері кездеседі.

Арнайы жауапкершіліктің мынадай түрлерін айтуға болады:

1. Экологиялық пайдалану құқығын шектеу. Мысалы, ор- ман пайдаланушылар орман пайдалану тәртібін бұзғанда орман пайдалану құқығы тоқтатыла тұрады.

2. Экологиялық пайдаланудың белгілі бір элементтерін құрайтын шараларды тоқтату. Мысалы, орман пайдаланушылар жүргізетін жұмыстар олардың орманды қорғау жөніндегі шара- ларды орындамауымен байланысты ормандардың жай-күйі мен өндірісіне қауіп-көтер төндірсе, осы жұмыстар тоқтатылуы мүмкін. Табиғат пайдаланушылар экологиялық пайдаланудың нормаларын, ережелерін және тағы басқа да талаптарын бұзған жағдайда экологиялық пайдалану құқығын тоқтату.

3. Табиғат пайдаланушылардың салақтығы табиғи ортаға зиян келтіретін болса, экологиялық пайдалану құқығынан айырылу.

4. Өз еркімен табиғи объектіні пайдаланған құқық бұзушыға осы кезеңде табиғи объектіге жұмсаған шығынын өтемеу. Мысалы, өз еркімен басып алынған жер учаскелері қайтарып алынғанда сол учаскеге жұмсалған шығындар өтеуге жатпайды.

5. Бұзылған объектіні қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жүргізу міндетін құқық бұзушыға жүктеу. Мысалы, өз еркімен басып алынған жерді қайтарып алғанда ондағы құрылыстарды бұзу, жерді қалпына келтіру кінәлі тұлғаның есебінен жүргізіледі.

Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің әкімшілік және басқа да жауапкершілік түрлерінің нормаларына тән ерекше жүйесі болмайды. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершіліктің нормаларын қоршаған ортаны қорғау салаларының әртүрлі институттарынан кездестіруге болады және олар мемлекетте табиғат пайдалануды басқарудың жеке элементтерімен ұқсас. Осы мән-жайлар арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктің бір түрі емес деген сұрақ тудырады. Алайда, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік әкімшілік жауапкершіліктен мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. Әкімшіліктік жауапкершілікті қолдану белгілі бір талап қою мерзімімен байланысты болады.

2. Әкімшілік шараларды арнайы өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қолданады. Арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілікті сәйкесінше арнайы органдар немесе экологиялық пайдалануды басқарушы органдары қолданады.

3. Әкімшілік шараны әкімшілік-процессуалдық нормаларға сай қолданады, ал арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік табиғат пайдалануды басқару органдарының қарауы бойынша ерікті түрде қолданылады.

4. Әкімшілік шара айыппұл салу, заңсыз табиғат пайдалану құралдарын тәркілеу және тағы басқа түрде болады. Ал, арнайы экологиялық-құқықтық жауапкершілік барлық уақытта мұндай салдарға әкелмейді. Жер учаскесін алып қою жер пайдаланушыны жерге қатысты бірқатар міндеттерден босатады.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі

Адамның табиғатқа әсер етуінің артқаны соншалық табиғи ортаны сақтау мәселесі адамның өзінің тіршілік ету мәселесімен қабысып жатыр. Қоршаған ортаның жайы бүкіл планетадағы экологиялық жағдайға үлкен әсер етеді. Сондықтан да экологиялық мәселелерді шешудің саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық құралдарын дайындау туралы проблема тұр.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу ерікті түрде немесе жүргізілу тәртібі Экологиялық кодекске сәйкес айқындалатын залалды экономикалық бағалау негізінде сот шешімі бойынша жүргізіледі.

Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пайызы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

Сондай-ақ мұнда Қазақстан Республикасының экологиялық заңдарын бұзғанының нәтижесінде келтірілген залалдың орнын толтыру тәртібі қарастырылған.

Мысалы, өнеркәсіп жерінің заңдарын бұзғаны үшін барлық құқықтық жауапкершілік түрлерін: қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қарастырайық. Экологиялық заңдарды орындамау айыппұл санкцияларын пайдалануды, әкімшілік

және тәр- тіптік шаралар, аса қауіпті жағдайда – қылмыстық жауапкер- шіліктерге әкеледі. Қылмыстық құқық қоршаған ортаны қорғау- да басты тәсіл болып қарастырыла алмаса да, қоршаған ортаға аса қауіпті залал келтіргендігі сотпен анықталатын табиғатты орғау заңдарын бұзушыларды жазалаудың құқықтық шарасын тағайындауда, экологиялық құқық бұзушылықпен күресте – қылмыстық-құқықтық тыйым салу қызметі маңызды орын ал- мақшы.

Ең қатал қылмыстық жауапкершілік – экологиялық құқық бұзулардың ішіндегі ең қауіпті қоғамдық-экологиялық залал келтіретін экологиялық қылмысты жасағаны үшін тағайында- лады.

1. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуы тиіс.

2. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық ны- санда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс- шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығын- дарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады.

4. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жа- уапкерге қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі міндет- терді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін.

5. Зиянды өтеудің заттай нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына оған құны тең ресурс беру жөніндегі шаралар жатады. Зиянды заттай нысанда өтеу келті- рілген зиянды өтеудің тәртібін, талаптарын, мерзімдері мен көлемін реттейтін шарт және (немесе) келісім жасасу жолымен жүргізіледі.

6. Зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгі- ленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады.

7. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

Экологиялық дауларды шешу тәртібі:

1. Экологиялық дауларды соттар Қазақстан Республика- сының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді. Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері ара- сындағы экологиялық даулар келіссөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заң- ды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеуі ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсаған шығындары, аурудың күтіміне байланысты шығындары, өзге де шығыстар мен жоғалтулары ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс. азақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 321-бабында экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды Экологиялық кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті. Сондай-ақ:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;
- 2) табиғи ресурстарды өз бетімен және ұтымсыз пайдала- нудың;
- 3) қоршаған ортаны өз бетімен ластаудың, оның ішінде апаттық, келісілмеген жаппай шығарындылар мен төгінділердің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын

орналастырудың;

4) қоршаған ортаны нормативтен тыс ластаудың салдары- нан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өте- луге тиіс.

Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі эколо- гиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадағы бізді қорша- ған орта туралы білімнің берері мол.

Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамдардың табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтау болып отыр. Бұл мәселені, бір жағынан, ғылым, екінші жағынан, ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс-әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.
2. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.
3. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.
4. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.
5. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.
6. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.
7. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкер- шіліктің түсінігі және түрлері.
8. Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.
9. Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі.
10. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін басқа экологиялық жауап- кершіліктің түрлері.
11. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шіл- дедегі №226-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қара- шадағы №414-V ҚРЗ.
4. Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөнін- дегі заңнаманы қолдануы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысы (2011.21.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
5. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Кара- ганда: Арко, 2001. – 337 б.
6. Бринчук, М.М. Экологическое право (право окружающей среды): учебник. – М.: Юрист, 2004. – 688 с.
7. Еркінбаева Л.К. Правовое регулирование возмещение вреда земле. – Дис. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук. – Алматы, 1995. – 159 с.
8. Петров В.В. Экологическое право России. – М.: Бек, 1995. – 537 б.
9. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право РК: учебное пособие. – Алматы: Издательский центр ОФППИ «Интерлигал», 2004. – 312 с.
10. Абдраимов Б.Ж., Жарылқасын, Е. Возмещение экологического вре- да: монография. – 47 с. Доступен в Информационном справочнике «ПАРАГРАФ».

Еркінбаева Л.Қ., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – 312 б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

9 классикалық дәріс.

Жердің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жердің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау құқықтық қатынастарды қарастыру.

Түйінді сөздер: Жер, экологиялық-құқықтық режим, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы. Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі. Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері. Жерді сақтап қояудың құқықтық негіздері. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Жерге орналастыру – жерді қорғауда алдын алу шарасы ретінде. Мемлекеттік жер кадастрының жерді қорғаудағы ролі. Жер мониторингін жүргізудің құқықтық реттеу. Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы

Жер – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі.

Жер өзін басқа табиғи объектілерден айыратын ерекше-ліктерге ие болып табылады:

1. Құнарлылығы. Ол табиғи және қолдан жасалған құнарлық болып бөлінеді. Табиғи құнарлылық дегеніміз – адамға керекті өсімдіктерге, мал шаруашылығына керекті жағдай туғызу. Қолдан жасалған құнарлылық – жер шаруашылық айналымына енгізілгеннен кейін, оның құнарлылығы тыңайтқыштар пайдалану, техникалық құралдарды пайдалану арқылы іске асырылады.

2. Жер – «Мәңгілік өндіріс құралы». Егер жерді пайдалану дұрыс ұйымдастырылса, оның құнарлылығы жоғалмайды. Басқа өндіріс құралынан айырмашылығы сол. Айрықша қажеттілігі. Жерді басқа табиғи нысандармен немесе құралдармен толықтыра алмайсын

3. Мекен-жайының тұрақтылығы. Басқа өндіріс құралдарына қарағанда жер бір жерден қозғалмайды, содан соң оны жылжымайтын мүлікке жатқызады.

4. Кеңістіктегі шектеулер. Жердің санын және шаршысын көбейту мүмкін емес.

Жер экологиялық, экономикалық және сауықтыратын маңызды қызметтер атқарады. Жердің экологиялық қызметі төмендегідей:

Климат қалыптастыру қызметі, өйткені жер күн қуатын бөлу үрдісіне қатысады.

Термо реттегіш қызметі Атмосфераға көтерілген топырақ шаңы ауадағы ашықтықты бәсеңдетіп, күн қуатын азайтады.

Химиялық элементтердің айналуын қамтитын қызметі. Топырақтың ішінде органикалық заттар бейорганикалыққа қайта өңделеді.

Ландшафт жасау қызметі, яғни су мен жердің әсерінен топырақ ауыса келе микрорельефін ауыстырады, шұңқырларды көмеді.

Орта қалыптастырушы. Жер өсімдіктер мен жануарлар мекендейтін орта болып саналады.

Экономикалық қызметін қарастырайық. Жер – негізгі ауыл және орман шаруашылығы құралы болып табылады. Жерде мекен-жайлар өндіріс орындары орналасады.

Жерлер эстетикалық қызмет те атқарады. Қазбалардың кейбір телімі табиғи, тарихи және мәдени ескерткіш болып саналады. Олар рухани, тәрбиелік және ғылыми құндылықтарға ие.

Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, жерді қорғау дегеніміз – қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерді орман және ауыл шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, техникалық және басқа да іс-шаралар жүйесін қамтиды. Жер қатынастарын мемлекеттік реттеудің бұл қызметі жерді қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде қарастырып отыр.

Жерді қорғау мақсаттары болып:

1) өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, мелиорациялық және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау;

2) тозған немесе бүлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

3) жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу табылады.

Қоршаған орта сапасының нормативтері дегеніміз – қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер.

Қоршаған орта сапасының нормативтеріне:

1) қоршаған орта жай-күйінің химиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген нормативтер, оның ішінде радиоактивті заттарды қоса алғанда, жол беруге болатын шекті шоғырлану, химиялық заттардың шамалап алынған қауіпсіз деңгейлерінің нормативтері;

2) қоршаған орта жай-күйінің физикалық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде шудың, тербелістің, магнит өрістерінің, радиоактивтіліктің, жылудың және өзге де физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейлерінің нормативтері;

3) қоршаған орта жай-күйінің биологиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде қоршаған орта сапасының индикаторлары ретінде пайдаланылатын өсімдіктердің, жануарлардың және басқа да организмдердің түрлері мен топтарының нормативтері, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен, гигиеналық нормативтермен регламенттелетін, микроорганизмдердің жол беруге болатын шекті шоғырлану нормативтері:

- топырақ бонитеті, қарашіріндінің құрамы, топырақтың су және жел эрозиясына ұшырау, олардың батпақтану, сортаңдану, тұздану көрсеткіштері және жер топырағының басқа да сипаттамалары;
- аумақтың ормандылығы және онда орман өсіру, орманның қоқыстануы, ормандардың санитарлық жай-күйі, орман қорының жекелеген учаскелерінің басқа да санитарлық және сапалық көрсеткіштері;
- ауызсуға және өзге де мақсаттарға пайдаланылатын су сапасының нормативтері;
- табиғи ресурстар жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері;

4) қоршаған орта сапасының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері жатады.

Жерді пайдалану кезінде экологиялық нормативтерді орындау талабы қарастырылған. Жер кодексінде жерді қорғауға қатысты бір норматив бар ол: «Топырақта зиянды заттарға жол беруге болатын шекті шоғырлану нормативтері» деп аталады. Топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдердің және басқа да биологиялық заттардың жол берілетін шектегі қоспаларының нормативтері топырақтың жай-күйін адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мүдделеріне сай бағалау үшін белгіленеді.

Жер кодексіне сәйкес жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) жерді құнарсызданудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталап сортаңданудан, құрғап кетуден, тапталудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен, химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен ластанудан, басқа да бүліну процестерінен қорғауға;

2) ауыл шаруашылығы жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларын жұқтырудан, арамшөп, бұта мен шілік басып кетуден, жердің жай-күйі нашарлауының өзге де түрлерінен қорғауға;

3) бүлінген жерді жаңғыртуға, оның құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы

қасиеттерін қалпына келтіру мен оны шаруашылық айналымына уақытылы тартуға;

4) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, сақтауға және пайдалануға бағытталған іс-шаралар жүргізуге міндетті.

Жердің тозуын болдырмау, топырақтың құнарлылығын және ластанған аумақтарды қалпына келтіру мақсатында, сон- дай-ақ ауыл шаруашылығының тозған алқаптарының, химия-лық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттар- дың жол берілетін шектегі қоспаларының және жол берілетін шектегі әсер деңгейінің белгіленген нормативтерінен артық ластанған, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, ақаба сулармен ластанған жердің, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жердің топырақ құнарлылығын қалпына кел- тіру мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жерді сақтап қою көзделеді.

Жерді сақтап қоюдың құқықтық негіздері. Жерді сақтап қою дегеніміз – шаруашылық қызметтің нәтижесінде өсімдіктері жойылған, топырақ қабаты бұзылған, гидрологиялық режимі мен бедері өзгерген жерді шаруашылық айналымнан уақытша шығару болып табылады. Жердің ластануы – антропогендік қызметтің нәтижесінде жерде шекті рұқсат етілетін зиянды заттар нормативтерінен асып түсетін, жердің құндылығын төмендететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қорша- ған ортаның басқа да объектілерін, халықтың тұру жағдайын - нашарлататын мөлшерде әртүрлі заттар мен организмдердің жинақталуы болып табылады. Жердің ластануы бірнеше түрге бөлінеді: радиоактивті ластану, химиялық ластану, биологиялық ластану, шаруашылық тұрмыстық ластану.

Радиоактивті ластану – жердің радионуклидтермен, оның ішінде ядролық қаруды сынаудың, радиациялық авариялардың, ядролық қондырғылардың жұмыс істеуінің, иондаушы сәулеле- ну көздерін, радиоактивті заттар мен қалдықтарды сақтау және көму пунктерін пайдаланудың, сондай-ақ атом энергиясын пай- далануға байланысты өзге де қызметтің нәтижесінде ластануы;

Химиялық ластану – топырақтың химиялық құрамының адамдардың өндірістік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық немесе өзге де қызметінің салдарынан оның құнарлылығы мен сапа- сының төмендеуін тудыратын өзгеруі;

Биологиялық ластану – жердің бактериологиялық, гель- минтологиялық, энтомологиялық және карантиндік ластануы;

Шаруашылық-тұрмыстық ластану – жердің, топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерінің жағымсыз өзгеруін тудыратын өндірістік қалдықтармен және сарқынды сулармен ластануы.

Тозған, ластанған және бүлінген жерді, сондай-ақ каран- тиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерді анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жер учаскесі меншік иесі- нің немесе жерді пайдаланушының қолдаухаты, жергілікті атқа- рушы немесе өзге де құзыретті органның бастамасы негіз болып табылады. Тозған, ластанған және бүлінген жерді, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерді анықтауды белгіленген өкілеттіктері шегінде, жердің пайдала- нылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібімен немесе арнайы далалық зерттеу нәтижесінде жергі- лікті атқарушы органдар, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық жер ресурстарын басқаруды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органдар және басқа да уәкілетті органдар жүргізеді.

Облыстық (Астана және Алматы қалалары) атқарушы орган жердің ластану деңгейі мен бүліну дәрежесін, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерді анықтау, келтірілген залалды айқындау, жердің ластануынан, карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларының жұғуынан және бүлінуінен болған зардаптарды жою мақсатында арнайы комиссия құрады.

Комиссияның құрамына облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарының, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумақтық жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, ауыл шаруашылығы органдарының және басқа да құзыретті органдар мен ұйымдардың мамандары кіреді. Комиссия жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қор- ғау жөніндегі органдардың және басқа да уәкілетті органдардың нормативтік-нұсқаулық құжаттары мен әдістемелік нұсқамала- рына сәйкес тозған, ластанған және бүлінген жерге, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерге кешенді зерттеу

жүргізеді. Жердің ластану деңгейі Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен бекітілген топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорга- низмдердің және басқа да биологиялық заттардың шекті жол берілетін шоғырлануының нормативтеріне сәйкес анықталады.

Арнайы комиссияның зерттеу материалдары комиссияның барлық мүшелері қол қойған қорытындыда қорытылуы тиіс.

Қорытындыда:

- меншігінде немесе пайдалануында тозған, ластанған, бүлінген, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жер учаскесі бар тұлғаның деректері;
- жердің тозуын, ластануын, бүлінуін карантиндік зиян- кестер мен өсімдік ауруларының жұғуын тудыратын объектілер;
- егер ол анықталса, жерді ластаған, бүлдірген, ауру жұқ- тырған тұлғаның деректері;
- тозған, ластанған, бүлінген, сондай-ақ карантиндік зиянкес- тер мен өсімдік аурулары жұққан жердің түрі мен алаңы;
- жердің тозу, ластану, бүліну, сондай-ақ карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруларының жұғу дәрежесі бойынша сапалық жай-күйі;
- жер ресурстарына келтірілген залалдың бағасы;
- тозған, ластанған және бүлінген жерді, сондай-ақ ка- рантиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар, пайдала- нудың арнаулы мақсатын өзгерту немесе пайдаланудың арнайы режимін белгілеу, сақтап қоюды жүзеге асыруға не шаруашылық айналымынан толық шығаруға ұсыны- латын жер учаскелерін бөле отырып, тозған, ластанған, бүлінген жерді одан әрі шаруашылыққа пайдалану жөніндегі ұсынылатын іс-шаралар көрсетіледі.

ерді кешенді зерттеу материалдары және арнайы комис- сияның қорытындысы негізінде облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы аумақтық қоршаған ортаны қорғау, мемле- кеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, ауыл шаруашы- лығы органдарымен және басқа да уәкілетті органдармен ке- лісілген тозған, ластанған және бүлінген жерді, сондай-ақ каран- тиндік зиянкестер мен өсімдік аурулары жұққан жерді одан әрі пайдалану (арнаулы мақсатын өзгерту; пайдаланудың арнайы режимін белгілеу; жерді сақтап қою; шаруашылық айналымнан толық шығару) туралы шешімнің жобасын дайындайды және оны облыстық (Астана және Алматы қалалары) атқарушы органның бекітуіне енгізеді.

Нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған немесе халықтың өмірі мен денсаулығына өзге де түрде қатер төндіретін жер учаскелері меншікке, тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілмейді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген сани- тарлық талаптар мен нормативтерге сәйкес өнім алу қамтамасыз етілмейтін, радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелері ауыл шаруашылығы айналымынан алынады және сақтап қоюға жатады. Бұл жерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және оны өткізуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ядролық қару сы- нақтары өткізілген жер учаскелерін ядролық қару сынағының зардаптарын жою жөніндегі барлық іс-шаралар аяқталғаннан соң және кешенді экологиялық тексеру жүргізілгеннен кейін ғана мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болғанда меншікке немесе жер пайдалануға беруі мүмкін.

Аталған аумақтарда ядролық қару сынақтарының зардапта- рын жою жөніндегі іс-шаралар қоршаған ортаны қорғау жөнін- дегі, жер ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалану жөніндегі республикалық және облыстық бағдарламаларда және басқа да арнаулы бағдарламаларда көзделеді. Радиоактивті ластануға ұшыраған жерді алып қою мен қорғау тәртібі Қазақстан Респуб- ликасының заңдарында айқындалады. Ядролық қару сынақтары жүргізілген жерді босалқы жердің құрамына ауыстыру туралы материалдарды тиісті облыстық атқарушы органдардың қолдау хаты бойынша қоршаған ортаны қорғау және атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдармен бірлесіп, жер ре- сурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган дайын- дайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жол- данады.

Ядролық қару сынақтары жүргізілген жер учаскелері Қазақ- стан Республикасы Үкіметінің шешімімен босалқы жер құра- мына ауыстырылады.

Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкі- летті орган:

- 1) мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер- дің, ұйымдар мен

азаматтардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер учаскелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына;

2) жер учаскелерін өз бетінше иеленіп алуға жол бермеуге;

3) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушы- лардың құқықтарының сақталуына;

4) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушы- лардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру және сақтау жөніндегі ұйымдастыру-шаруашылық, агротехникалық, орман мелиорациялық және эрозияға қарсы гидротехникалық іс- шаралар кешенін уақытылы және дұрыс жүргізуіне;

5) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушы- лардың өздерінде жердің бар- жоғы, олардың жай-күйі мен пай- даланылуы туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақы- тылы беруіне;

6) жердің жай-күйіне әсер ететін тұрғынжай және өндірістік объектілердің жобалануына, орналастырылуы мен салынуына;

7) жерді жақсарту жөніндегі, топырақ эрозиясының, тұз- дану, батпақтану, су басу, шөлейттену, құрғақтану, тығыздалу, қоқыстану, ластану және жердің тозуын туғызатын басқа да процестердің салдарын болғызбау мен жою жөніндегі іс-шара- лардың уақытылы және сапалы орындалуына;

8) азаматтардың өздеріне жер учаскелерін беру туралы өті- ніштерін (өтінішхаттарын) қараудың белгіленген мерзімдерінің сақталуына;

9) межелік белгілердің сақталуына;

10) жергілікті атқарушы органдар уақытша жер пайдалануға берген жердің уақытылы қайтарылуына;

11) бүлінген жердің қалпына келтірілуіне;

12) жердің бүлінуіне байланысты жұмыстар жүргізілген кез- де топырақтың құнарлы қабатының сыдырып алынуына, сақ- талуына және пайдаланылуына;

13) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі жерге орналасты- ру жобаларының және басқа да жобалардың жүзеге асырылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдар- дың, ауылдық округтердің әкімдері елді мекен аумағында жеке тұлғаларға қатысты (жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда):

1) мемлекеттік жер учаскелерін заңсыз иеленіп алу немесе айырбастау не жерге мемлекеттік меншік құқығын тікелей неме- се жанама нысанда бұзатын басқа да мәмілелердің жасалуына жол бермеу;

2) жердің нысаналы мақсатсыз пайдаланылуына жол бермеу үшін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүргізеді.

Жерге орналастыру – жерді қорғауда алдын алу шара- лары ретінде Жерді қорғауда алдын алу шараларының маңызы үлкен. Олардың қатарына жерге орналастыру, жер мониторингі, жер кадастры жатқызылған. Жерге орналастыру дегеніміз – жер қатынастарын реттеуге, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған Қазақстан Республикасы жер заңдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүйесі болып табылады.

Жерге орналастыру:

1) ландшафтық-экологиялық көзқарас негізінде жерге орна- ластырудың, жерді аймақтарға бөлудің, жер ресурстарын пай- даланудың, жақсарту мен қорғаудың республикалық, облыстық және өңірлік схемаларын (жобаларын) әзірлеуді;

2) қолданыстағы жерді пайдалануды қалыптастыру және ретке келтіру жөніндегі шаруашылық аралық жерге орналас- тыру жобаларын жасауды, белгілі бір жерде жер учаскелерін бөліп беру мен шекарасын белгілеуді;

3) белгілі бір жерде елді мекендердің шекарасын (шегін) анықтау мен белгілеуді, олардың жер-шаруашылық орналасты- ру жобаларын жасауды; белгілі бір жерде әкімшілік-аумақтық құрылымдардың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және жерді пайдалану мен қорғаудың ерекше шарттары бар басқа да жер учаскелерінің шекарасын белгілеуді;

4) аумақтың жер-шаруашылық орналастыру, бүлінген жерді жаңғырту мен жаңа жерді игеру жобаларын, сондай-ақ жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да жобаларды әзір- леуді, келісуді, бекітуді және беруді;

5) жерді түгендеу ісін жүргізуді, пайдаланылмай жатқан, ұтымды пайдаланылмай жүрген немесе нысаналы мақсатында пайдаланылмай отырған жерді анықтауды;

6) топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақ- ты зерттеу, геоботаникалық және басқа да зерттеу мен іздестіру жұмыстарын жүргізуді;

7) жер ресурстарының жай-күйі мен пайдаланылуының та- кырыптық карталары мен атластарын жасауды қамтиды және қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жер кадастрының жерді қорғаудағы ролі

Мемлекеттік жер кадастры дегеніміз – Қазақстан Респуб- ликасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учас- келерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің, өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады.

Мемлекеттік жер кадастрының жерді қорғаудағы ролі

Мемлекеттік жер кадастры дегеніміз – Қазақстан Респуб- ликасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учас- келерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің, өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады.

Жер мониторингін жүргізуді құқықтық реттеу

Жер мониторингі болып жатқан өзгерістерді уақытылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен оның зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілетін жер қоры- ның сапалық және мөлшерлік жай-күйін базалық (бастапқы), жедел, мерзімді байқау жүйесін білдіреді.

Жер мониторингі қоршаған табиғи ортаның жай-күйі мони- торингінің құрамдас бөлігі және сонымен бір мезгілде басқа да табиғи ортаға мониторинг жүргізу үшін база болып табылады.

Халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы жердің ғаламдық мониторингі бойын- ша жұмыстарға қатысуы мүмкін.

Жерге меншік нысандарына, жердің нысаналы мақсаты мен пайдаланылу сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері жер мониторингінің объектісі болып табылады.

Жер мониторингінің міндеттері:

1) жердің жай-күйінің өзгерістерін уақытылы анықтау, оларды бағалау, болжам жасау және кері әсері бар процестерді болдырмау мен зардаптарын жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерге орналас- тыруды, жерді пайдалану мен қорғауды бақылауды және жер ресурстарын мемлекеттік басқарудың өзге де функцияларын ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады.

Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, экологиялық талаптар дегеніміз – Экологиялық кодексте, Қазақ- стан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарында қамтылған, қорша- ған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін ша- руашылық және өзге де қызметті шектеу және оларға тыйым салу.

Бақылау сұрақтары:

1. Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы.
2. Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі.
3. Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері.
4. Жерді сақтап қояудың құқықтық негіздері.
5. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау.
6. Жерге орналастыру – жерді қорғауда алдын алу шарасы ретінде.
7. Мемлекеттік жер кадастрының жерді қорғаудағы ролі.
8. Жер мониторингін жүргізуді құқықтық реттеу.
9. Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер:

1. Еркінбаева Л.Қ., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы: оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – 312 б.
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20 маусым 2003 жыл.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

10 классикалық дәріс.

Жер қойнауының экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.

Мақсаты: Жер қойнауының экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғаудың құқықтық қатынастарды қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Кен орындары және олардың сыныпталуы. Жер қойнауын пайдалану құқығының режимдері. Жер қойнауын пайдалану жө- ніндегі операциялар. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары. Жер қойнауын қорғау. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін шектелген ау- мақтардың құқықтық режимі. Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен оның құрамындағы пайдалы қазбалар мемлекет меншігінде болады.

Жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен, ал ол болмаған кезде жер бетінен төмен орналасқан жер қыртысының бөлігі, су айдындары мен ағын сулардың түбі жер қойнауы деп танылады.

Жер қойнауының ресурстары:

- 1) пайдалы қазбалар;
- 2) техногендік минералдық түзілімдер;
- 3) жер қойнауының кеңістігі.

Пайдалы қазбалар – Химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері оларды материалдық өндіріс саласында және тікелей немесе қайта өңделгеннен кейін тұтыну саласында пайдалануға мүмкіндік беретін, пайдалы құрауыштары бар табиғи минерал- дық түзілімдер мен органикалық заттар пайдалы қазбалар болып танылады. Өзінің экономикалық маңызы бойынша және жер қойнауын пайдаланудың тиісті шарттарын белгілеу мақсатында пайдалы қазбалар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) жерасты сулары;

- 2) көмірсутекті пайдалы қазбалар (көмірсутектер). Мұнай, шикі газ және табиғи битум көмірсутектер деп танылады

- 3) пайдалы қатты қазбалар. Жер қойнауында немесе жер бетінде қатты күйде болатын табиғи минералдық түзілімдер, органикалық заттар мен олардың қоспалары пайдалы қатты қазбалар деп танылады. Пайдалы қатты қазбалар кендік және кендік емес болып бөлінеді. Саф металдар, қара, түсті, сирек, радиоактивті металдардың және сирек кездесетін жер элементтерінің кендері кендік пайдалы қатты қазбалар деп танылады. Қалған пайдалы қатты қазбалар кендік емес деп танылады.

Техногендік минералдық түзілімдер, техногендік мине- ралдық түзілімдерге арналған құқықтар. Тау-кен өндіру, тау- кен қайта өңдеу және энергетикалық өндірістердің пайдалы құрауыштары және (немесе) пайдалы қазбалары бар қалдықта- рының шоғыры техногендік минералдық түзілімдер деп таны- лады. Тау-кен өндірістерінің техногендік минералдық түзілім- деріне жер қойнауынан айырып алу процесінде тау-кен жы- ныстарынан пайдалы қатты қазбаларды бөліп алу нәтижесінде түзілетін пайдалы қатты қазбаларды өндірудің қалдықтары (аршылым, қоршауыш жыныс, шаңдар, кенеусіз (кондициялы емес) кен) жатады. Тау-кен қайта өңдеу өндірістерінің техно- гендік минералдық түзілімдеріне кен байыту өндірістері (байы- ту қалдықтары мен шламдары) және (немесе) химиялық- металлургиялық өндірістер қызметі (шлактар, кектер, клинкер- лер және металлургиялық қайта жасау қалдықтарының басқа да осыған ұқсас түрлері) нәтижесінде түзілетін қайта өңдеу қал- дықтары жатады.

Жер қойнауы кеңістігі. Геотехникалық, геологиялық, эко- номикалық және экологиялық факторларды ескере отырып, өндірістік, ғылыми немесе өзге де қызмет объектілерін орна-

ластыруға арналған орта ретінде пайдаланылуы мүмкін жер қойнауының үш өлшемдік кеңістіктегі қасиеті жер қойнауы кеңістігі болып табылады.

Кен орындары және олардың сыныпталуы

Кен орны дегеніміз – өзінің сандық, сапалық және тау-кен техникалық сипаттамалары бойынша оң экономикалық әсері бар өнеркәсіптік әзірлеме үшін жарамды болуы мүмкін пайдалықазбаның (пайдалы қазбалардың) табиғи немесе техногендік шоғыры болып табылады.

Пайдалы қазбалар ресурстарының немесе қорларының шамасы және олардың экономикалық маңыздылығы бойынша ірі кен орындары жеке санатқа бөлінеді.

Жер қойнауын пайдалану құқығының режимдері келесі түрлерге бөлінеді:

- Жер қойнауын пайдаланудың лицензиялық режимі.
 - Жер қойнауын пайдаланудың келісімшарттық режимі
- Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия – мемле-

кеттік орган беретін және оның иесіне көрсетілген жер қойнауы учаскесінің шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі опера- цияларды жүргізу мақсатында жер қойнауы учаскесін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады. Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия бір ғана жер қойнауы учаскесін пайдалану үшін беріледі.

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның түрлері. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері ескеріле отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай лицензиялар беріледі:

- 1) жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия;
- 2) пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған лицензия;
- 3) пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензия;
- 4) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия;
- 5) жер қойнауы кеңістігін пайдалануға арналған лицензия;
- 6) кен іздеушілікке арналған лицензия.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мазмұны, жасалу, орындалу және тоқтатылу тәртібі Жер қойнауы кодек- сінде айқындалатын шарт болып табылады. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша бір тарап (Қазақстан Республикасының атынан құзыретті орган) екінші тарапқа (жер қойнауын пайдаланушыға) белгілі бір мерзімге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге міндеттеледі, ал жер қойнауын пайдаланушы келісімшарт талаптарына және Кодекске сәйкес өз есебінен және өзі тәуекел етіп жер қойнауын пайдалануды жүзеге асыруға міндеттеледі.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар – жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге қатысты, оның ішінде жерасты суларын, емдік балшықты барлаумен және өндірумен,

жер қойнауын сарқынды суларды ағызу үшін барлаумен байланысты, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың түрлері Жер қойнауын пайдалану құқығы мынадай операцияларды жүзеге асыру үшін беріледі:

- 1) жер қойнауын геологиялық зерттеу;
- 2) пайдалы қазбаларды барлау;
- 3) пайдалы қазбаларды өндіру;
- 4) жер қойнауы кеңістігін пайдалану;
- 5) кен іздеушілік.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар белгіленген барлық салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлейді. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары:

- 1) қол қою бонусын;
- 2) тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді;
- 3) жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты;

- 4) роялтиді;
- 5) Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін;
- 6) пайдалы қазбаларды өндіру салығын;
- 7) үстеме пайда салығын қамтиды.

Жер қойнауын қорғау

Жер қойнауын қорғау – Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануға, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде олардың ластануын болғызбауға, осы операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға, сондай-ақ жер қойнауын заңсыз пайдалануды анықтауға және оның жолын кесуге бағытталған іс-шаралар, оның ішінде бақылау іс-шаралары жүйесі.

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, көмірсутектерді барлау және өңдеу кезінде жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану

- 1) жер қойнауын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) жоғарғы технологияларды қолдану және жер қойнауын пайдаланудың оң практикасы негізінде жер қойнауын ұтымды және экономикалық жағынан тиімді пайдалану;
- 3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау көмірсутектерді барлау мен өңдеуді жүргізудің міндетті шарттары болып табылады.

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау:

- 1) халықтың өмірін және денсаулығын қорғауға;
- 2) табиғи ландшафтарды сақтауға және бүлінген жерлерді, өзге де геоморфологиялық құрылымдарды қалпына келтіруге;
- 3) жер сілкінуі, көшкінді, су басуды, топырақтың шөгуін болдырмау мақсатында жер қойнауының үстіңгі бөліктерінің энергетикалық жай-күйінің қасиеттерін сақтауға;
- 4) су объектілерінің табиғи жай-күйін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық жүйелерді және басқа да іс-шараларды қамтиты.

Жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар

1. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, оның ішінде өндіруге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін берілетін пайдалы қазбалар, кен орындары мен жер қойнауы учаскелері қорының ауқымы мен құрылымын нақтылы бағалау үшін жер қойнауын ілгерілей геологиялық зерттеудің толымдылығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды әрі кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) бай учаскелерді тандап өндіруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алудың толымдылығын қамтамасыз ету;

кен орнын игеру кезінде сыртқа шығарылатын және жер қойнауында айналыстан шыққан негізгі және онымен бір жерде жатқан пайдалы қазбалар қорларын және қосалқы компоненттерді, оның ішінде минералдық шикізатты өңдеу өнімдері мен өндіріс қалдықтарын дұрыс есепке алу;

4) бастапқы өңдеу деректері бойынша мемлекеттік баланста есепте тұрған пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою;

5) су жинау алаңдарында және ауызсумен немесе өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жерасты сулары жинақталған жерлерде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызбау;

6) жер қойнауын су басудан, өрттен және кен орындарын пайдалануды және игеруді қиындата түсетін басқа да дүлей факторлардан қорғау;

7) жер қойнауының ластануын, әсіресе мұнайды, газды немесе басқа да заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде ластануын болғызбау;

8) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру, доғару, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;

9) қалдықтарды үю мен орналастыру кезінде экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету;

10) ілеспе газдың маңызды стратегиялық энергия көздерін, не мұнай-химия өнеркәсібі

үшін шикізат ресурстарын алу және қоршаған ортаға зиянды барынша азайту мақсатында өңдеу жолымен оны барынша пайдалану жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы та- лаптар болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.
2. Жер қойнауы мен басқа да пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизм.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер қойнауы қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.
4. Жер қойнауына меншік құқығы және оны іске асыру нысандары.
5. Жер қойнауын пайдалану және оны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.
6. Жер қойнауын пайдалану құқығы және оның түрлері.
7. Пайдалы қазбаларды есепке алу, оларды жіктеу.
8. Пайдалы қазбалардың кен орындарының мемлекеттік кадастры.
9. Жер қойнауына, жер қойнауы пайдаланушыларға келтірілген зиянды өтеу.
10. Жер қойнауы туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.
5. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI ҚРЗ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы
Пән: Экологиялық құқық
Дәріс кешені
11 классикалық дәріс.
Судың құқықтық режимі және оларды қорғау

Мақсаты: Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасын қарастыру.

Түйінді сөздер: Су, судың құқықтық режимі, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасының Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі. Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизм. Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және сараптама. Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі. Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық. Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар

Судың заңдық түсінігі жаратылыстану ғылымындағы судың түсінігінен ажыратылады. Жаратылыстану ғылымы бойынша су – бұл сұйық, қатты және газ күйінде кездесетін сутегі мен оттегінің химиялық қосылысы. Суды құқықтық мағынада айқындау үшін «сулар» терминін қолданамыз, Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес, сулар – су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы. Көріп тұрғанымыздай, «су» және «сулар» түсініктері арасында елеулі айырма-шылық бар. Біріншісі – кеңістіксіз сипаттағы затты құраса, екіншісі – осы заттың жер беті құрлығы рельефі мен жер қойнауында орын алуы. Осы екі түсінікті салыстырамыз. ҚР территориясында орын алған су қорын үш бөлікке бөлуге болады:

Судың кеңістіктегі физикалық жағдайы мен жай-күйіне қарай құқықтық реттеуге келмегендіктен қорғауға жататын жеке табиғи объект бола алмайды. Мысалы, атмосфералық су буы, жер қойнауында еріген су, жануарлар мен өсімдіктер организміндегі су. Олар тек атмосфералық ауа, жер, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің құрамдас бөлігі ретінде қорғалады.

Жер үсті су айдындарын, жер асты көздерін, мұздықтарды және т.б. құрайтын сулар. Ол қоғамдық қатынастардың жеке объектісі бола алады.

Адам еңбегімен қоршаған ортадан бөліп алынған су, яғни түрлі қоймаларда, сыйымдылықтарда, сауыттардағы су құбыры желілерінде айналушы су.

Жоғарыда аталған категориялардан тек екіншісі ғана экологиялық құқық нормаларымен қорғауға жататын табиғи объект талаптарына сай келеді. Бірінші категория ешқандай құқықтық реттеуге келмейді, ал үшінші категория табиғи объект ерекшелігі сипатына сәйкес келмейді, яғни барлық қоршаған табиғи ортамен байланысы. Осыдан шығатыны, «су» түсінігі «сулар» түсінігінен әлдеқайда ауқымды болып табылады.

«Сулардың» құқықтық белгісі болып олардың ҚР су қорындағы есептілігі табылады. Қазақстан Республикасында тұщы су қоры шамамен 524 км³ құрайды. Оның ішінде көлдер – 190, мұздықтар – 80, өзендер – 101, су қоймалары – 95, жер асты сулары – 5,8. Қазақстандағы ең ірі су айдындары болып Каспий және Арал теңіздері, Балқаш көлі табылады. Шамамен 39 мың өзендер мен уақытша су ағындары, 48 мың көлдер есепке алынған. Ірі су ағындарына Ертіс, Іле, Сырдария, Тобыл, Орал, Торғай және Шу өзендері жатады. Су ресурстары әр аймақ бойынша түрлі орналасқан. Шығыс аймағында – 34,5%, солтүстік – 4,2, орталық – 2,6 %, оңтүстік-шығыс – 24,1%, оңтүстік – 21,2%, батыс – 13,4% [1].

Су қатынастарын реттейтін заңнама ҚР Конституциясына негізделеді және 2003ж. 9 шілдедегі ҚР Су кодексі және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Олардың ішіндегі маңыздылары болып «Су пайдаланушылардың ауылдық тұтыну кооперативтері туралы» 2003 ж. 8 сәуірдегі ҚР заңы; «Суды бақылау мен есепке алудың нормативтік-техникалық, санитар-лық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу әрі бекіту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы қаулысы; «Мемлекеттік су кадастрын енгізу ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2003 ж. 31 желтоқсандағы қаулысы;

«Су объектілерінің мемлекеттік мониторингін, суларды мемлекеттік есепке алу және оларды пайдалануды енгізу ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2004 ж. 26 қаңтардағы қаулысы, т.б. Су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғаудың тиімділігі су қатынастарын құқықтық реттеуден көрініс табады.

Кеңестік кезеңдегі су қатынастары 1970 ж. 10 желтоқсандағы «КСРО және кеңестік республикалар су заңнамасының негіздері» КРСО Заңы және 1972 ж. 27 желтоқсандағы ҚазКСР Су кодексімен реттелген.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ҚР Жоғарғы кеңесі 1993 ж. 31 наурызда Қазақстан Республикасының Су кодексін қабылдады. Өткен кезеңде әрекет еткен ҚР Су кодексінің көптеген ережелері ескірген.

2003 ж. 9 шілдеде Қазақстанда жаңа Су кодексі қабылданды. Кодекс 11 бөлімнен, 32 тараудан және 146 баптан тұрады. Жаңа кодекстің қабылдану қажеттілігі ең алдымен су шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы секторындағы нарықтық қатынастардың дамуымен көрініс тапты.

Бұл Кодекс су пайдаланушылардың халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі халықаралық қағидасына негізделеді. Жаңа Су кодексін енгізу барысында жер асты және жер үсті суларына рұқсат беру жүйесі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің құзырына шоғырланды. Алғашында жер асты суларын пайдалану және қорғау ҚР Энергетика және минералды ресурстары министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі комитетінің құзырында болатын.

Су ресурстарын мемлекеттік басқаруға, пайдалануға және қорғауға байланысты мәселелер заңға негізделген актілермен реттеледі. Оның ішінде, Үкімет қаулыларымен келесідей мәселелер реттеледі:

- су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік жоспарлау;
- жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастры, су объектілерінің мемлекеттік мониторингін енгізу;
- облыстар арасында су қатынастарын реттеу;
- арнайы су пайдалануға рұқсат пен лицензия беру;
- су ресурстарын пайдаланудың төлемі;
- ауызсумен қамтамасыз ету;
- су ресурстарын зиянды әсерлерден қорғау және су объектілерінің жағдайына әсер етуші шаруашылық қызметті реттеу;
- жекелеген сумен жабдықтау жүйелерін субсидиялау және т.б.

Іс жүзінде су сапасын реттеуші нормативтік құжаттар ведомстволық болып келеді. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі келісімі бойынша бекітіледі.

Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі

ҚР су заңдарының мақсаттары мен міндеттері ҚР Су кодексінде айқындалған. Су кодексінің 3-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың, сумен жабдықтаудың және су бұрудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және қолдау болып табылады. Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

- 1) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) су қатынастарын, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы қатынастарды

реттеу; тұрақты су пайдалануды және су қорын қорғауды, сумен жабдықтауды және су бұруды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;

3) су қорын пайдаланудың және қорғаудың, сумен жабдық- таудың және су бұрудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;

4) су ресурстарын зерттеу, барлау, ұтымды және кешенді пайдалану мен қорғау, гидромелиорациялық жүйелер мен су ша- руашылығы құрылыстары саласындағы қатынастарды басқару;

5) жерді гидромелиорациялауды дамыту бағыттарын айқын- дау;

6) халықты және шаруашылық объектілерін су шаруашылығы құрылыстарындағы төтенше жағдайлардан және олардың зардаптарынан қорғау.

Белгілі бір уақыттағы су объектісіндегі судың саны мен сапасына қарамастан, кез келген гидрологиялық сипатта сулар ҚР су қорының құрамына енеді. Сәйкесінше ҚР су қорына белгілі бір уақыт кезеңінде тартылып қалған өзендер кіреді. Судың жоқ болуы су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін тоқтатпайды, тек оларды жүзеге асыру уақытша тоқтатыла тұрады. Тартылып қалған су айдындары су қорында қала береді. Бұл мысал су қорының метрмен, куб метрмен т.б. өлшенетін су массасы емес, ол түрлі су объектілерінің сапалы жиынтығы екендігін көрсетеді.

Сулардың табиғи объект ретіндегі ерекшелігін қарастырсақ. Сулар өзінің көп түрлілігімен сипатталады. Тиісінше сулар өзен- дер, көлдер, теңіздер, т.б. түрінде көрініс тапқан. Су түрлерінің барлығын әрдайым айтып шықпас үшін су заңнамасы норма- ларын қалыптастыруда заң шығарушы ортақ – «су айдыны» түсінігін қалыптастырды.

Өзінің алуан түрлілігінен басқа сулар көпшілік жағдайда белгілі бір атқа ие (Ертіс, Тобыл өзендері, Балқаш көлі, Каспий теңізі және т.б.).

Сулардың тағы бір ерекшелігі болып су объектілерінің категориясы мен түрлерін негізгі мақсатына сай емес, физика- лық-географиялық сипатына қарай ажыратады.

Суларды түрлі критерий бойынша классификациялауға бо- лады.Л.И. Дембо шаруашылық мақсатына қарай суларды: а) кеме жүзетін және кеме жүзбейтін; б) ағынды және ағынсыз; в) кәсіптік және кәсіптік емес; г) суару жүйелері және суағыз- ғыш-коллекторлы жүйелер; д) қорғауға алынатын және қорғауға жатпайтындар деп бөлген [2].

Н.Б. Мухитдинов және А.Ж. Тукеев су түрлерін келесідей сипаттарға қарай ажыратады.

Физикалық-географиялық жағдайына қарай сулар өзендер, көлдер, батпақтар, су қоймалары, тоғандар, каналдар мен магис- тральды су құбырлары сулары, жер асты сулары, мұздықтар; ҚР мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздері сулары болып бөлінеді.

Суларды жер үсті және жер асты деп классификациялау маңызды болып табылады. Бұлай бөлу су объектілерін басқару мен пайдалану ерекшелігін ескеруде, сондай-ақ сулардың өзге табиғи ресурстармен (жер, жер қойнауымен) байланысын анықтауда септігін тигізеді. Мысалы, жер асты сулары екі реттік реттеу объектісі болып табылады: су заңнамалары нормалары- мен, сондай-ақ тау- кен заңнамалары нормаларымен.

Суларды ішуге жарайтын және ішуге жарамайтын (өнді- рістік) деп классификациялауға болады. Ішуге жарамды суларға арнайы құқықтық режим бекітіледі. Ауыз сумен жабдықтау үшін су сапасының бекітілген санитарлық талаптарға сай су объектілері беріледі.

Сондай-ақ сулар келесідей бөлінеді: а) ерекше қорғалатын және еркін қолжетімді; б) гидроэнергетика мұқтажы үшін қажетті және ол үшін қажетті емес; в) кеме жүзетін және кеме жүзбейтін; г) балық шаруашылығы мұқтажы үшін қажетті және ол үшін қажетті емес және т.б.

Сонымен қатар осы авторлар суды республикалық және жергілікті деп бөлуді қарастырады. Республикалыққа бірнеше облыс шекарасында орналасқан су ресурстары не халық ша- руашылығы үшін ерекше маңызы бар су ресурстары жатады. Жергілікті деп облыс не аудан көлемінде пайдаланылатын кіші өзендер мен су объектілері танылады [3].

ҚР Су кодексі классификациясы бойынша, яғни Су кодек- сінің 11-бабының 2-тармағына сәйкес су объектілері келесідей бөлінеді:

1) жер үсті су объектілері;

2) жер асты су объектілері;

3) Қазақстан Республикасының теңіз сулары;

4) трансшекаралық сулар.

Су кодексінің 12-бабына сәйкес, жер үсті су объектілері:

1) су айдындары – өзендер және соларға теңестірілген ка- налдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар;

2) мұздықтар, батпақтар болып бөлінеді.

Жер үсті су объектілері жер үсті суларынан, олардың түбінен және жағалауынан тұрады.

ҚР Су кодексінің 13-бабына сәйкес, жер асты су объектілеріне:

- 1) су тұтқыш аймақтар, тау-кен жыныстарының жиектері мен кешендері;
- 2) жер асты суларының бассейні;
- 3) жер асты сулары орындары мен учаскелері;
- 4) жер асты суларының құрлықта немесе су астынан табиғи шығуы;
- 5) жер қойнауының суландырылған учаскелері жатады.

ҚР Су кодексінің 14-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының теңіз суларына, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий және Арал теңіздерінің сулары жатады.

Су кодексінің 15-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгілейтін және (немесе) қиып өтетін жер үсті және жер асты сулары трансшекаралық сулар болып табылады.

Сонымен қатар ҚР Су кодексімен өзге де классификация көрсетілген:

Су кодексінің 11-бабының 3-тармағына сәйкес, пайдалану түрлеріне қарай су объектілері:

- 1) ортақ пайдаланудағы су объектілері;
- 2) бірлесіп пайдаланудағы су объектілері;
- 3) оқшау пайдаланудағы су объектілері;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері;
- 5) ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілері болып бөлінеді. Бұл классификация

су объектілерін түрлі негіздер бойынша біріктіреді, яғни ол дұрыс емес – пайдалану тәртібі бойынша (ортақ пайдаланудағы су объектілері), субъективтік құрамы бойынша (бірлесіп пайдаланудағы және оқшау пайдаланудағы су объектілері), мақсатты бекітілуі бойынша (ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың су объектілері).

Сулар өз кезегінде экологиялық қызметтерді атқарады:

– тіршілікті қамтамасыз етуші. Сулар Жердегі табиғи жағдайды қамтамасыз етеді, яғни олар адам өмір сүруінің, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің тіршілік әрекетінің қажетті шарты.

– ортаны қалыптастырушы. Су жануарлар және өсімдіктер дүниесінің мекен ету ортасы болып табылады.

– климат реттеуші. Су аса қатты температура әрекетін жұмсартып отырып климатты анықтайды.

Сулардың экономикалық қызметі – олардың өндіріс және ауыл шаруашылығы өндірісінде қажетті құрал және шарт болып табылатынында. Су ауыл шаруашылығында егістіктерді суару үшін қажет. Сулар кейде өндірісте шикізат ретінде пайдаланылады, яғни онда қажетті заттар ерітілуі мүмкін. Сулардың үлкен көлемі өндіріс саласында түрлі технологиялық процестер үшін, сондай-ақ тұрмыс және өзге қажеттіліктер үшін күнделікті қолданылуда.

Сулардың мәдени-сауықтыру қызметі – халықтың демалу және емделу, су спорты, туризм, т.б. жағдай үшін қажеттілігінде.

Сондай-ақ сулар эстетикалық қызметті де атқарады. Су қоймаларымен безендірілген көркем ландшафттар адамда жақсы сезімді тәрбиелейді.

Сонымен, ҚР Су кодексінің 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды.

ҚР Су кодексінің 8-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизм

Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз етуші және аталған салада мемлекеттік басқару қызметінің негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық құралдары болып келесілер танылады:

- су объектілерін ұтымды пайдалануды жоспарлау;
- су пайдаланудың лимиттерін бекіту;

– жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу, мемлекеттік су кадастры, су объектілерінің мемлекеттік мониторингі;

– су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін шаруашылық және басқа да объектілерді салуға және қайта жаңғыр- туға арналған жобалау алдындағы және жобалау құжат- тамасына мемлекеттік сараптама жүргізу;

– су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер;

– су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау.

ҚР Су кодексіне сәйкес, су қорын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік жоспарлау үшін су шаруашылығы баланстары, суларды кешенді пайдалану мен қорғау схемалары жасалады, сондай-ақ өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану мен қорғау болжамы әзірленеді. Су шаруашылығы баланстары су объектілерінің бассейндері, экономикалық аудан- дар және тұтас республика бойынша су ресурстарының болуын және оларды пайдалану мүмкіндігін бағалауға арналған. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемалары су ресурстарын ықпалдасып басқару мәселелері бойынша шешім- дер қабылдау мақсатында әзірленеді. Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ғылыми және мамандан- дырылған жобалау ұйымдарын тарта отырып әзірлейді.

Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру ны- сандары. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке мен- шік танылады және бірдей қорғалады.

Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады.

ҚР Су кодексінің 7-бабының 2-тармағына сәйкес ауданара- лық (облыстық) және шаруашылықаралық (аудандық) маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (суару және сорғыту жүйелері) орналасқан су қорының құрамындағы жер учаскелері, сондай-ақ бір шаруашылық жүргізуші субъектінің жер учаске- сіне қызмет көрсететін ирригациялық құрылғылар, аталған құрылыстар жекешелендірілген жағдайда, азаматтардың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғала- рының жеке меншігінде болуы мүмкін.

Суды пайдалану құқығы және оның түрлері. Суды пайдалану құқығы су объектілерін пайдаланудың тәртібі мен шарттарын, су пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады.

Субъективтік мағынада су пайдалану құқығы дегеніміз – нақты су пайдаланушының суды иелену және пайдалану құқық- тарының жиынтығы.

ҚР СК-ның 1-бабының 41-тармақшасына сәйкес, су пайда- лану – жеке және заңды тұлғалардың өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақ- стан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану.

Су пайдалану құқығының объектісі болып су айдындары не олардың жеке бөліктері танылады.

Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мем- лекеттік бақылау және сараптама. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және сараптама ҚР СК-ның 9-тарауында айқындалған. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылаудың негізгі міндеттері: шаруашы- лық және өзге де қызметтің әсерінен сулардың жай-күйі мен өзгеруін қадағалау, су қорғау іс-шараларының орындалуын тексеру болып табылады.

ҚР су заңнамасында су қорын пайдалану мен қорғау сала- сындағы бақылаудың мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық түрлері айқындалған.

Мемлекеттік бақылауды су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы тиісті уәкілетті орган жүзеге асырады. Уәкілетті органның мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі басты міндеттері: 1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды жүзе- ге асыратын барлық министрліктермен, агенттіктермен, ве- домстволармен өзара іс-қимыл жасауды және қызметін үйлес- тіруді; 2) шаруашылық және өзге де қызметтің әсерінен судың жай-күйін және өзгеруін қадағалауды, сондай-ақ су қорғау іс- шараларының орындалуын тексеруді; 3) су қорын пайдалану мен оны есепке алудың белгіленген тәртібін; 4) суларды қорғау жөніндегі міндеттердің орындалуын; 5) су объектілеріне зиянды әсер етудің алдын алуды және жоюды; 6) барлық жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы су заңнамасының талаптарын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табы- лады.

Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу. Суды қорғау – сулардың ластануынан, тозуынан, және т.б. қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық, экономика- лық, құқықтық және басқа да шаралар жүйесін жүзеге асыру.

ҚР Су заңнамасында су объектілерін қорғау түсінігі көр-сетілген, яғни су объектілерін қорғау дегеніміз – су объектілерін сақтауға, қалпына келтіруге және ұдайы молайтуға, сондай-ақ судың зиянды әсеріне жол бермеуге бағытталған қызмет болып табылады.

Су объектілері: 1) табиғи жүйелердің экологиялық тұрақты-лығының бұзылуын; 2) халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін; 3) балық ресурстары мен басқа да су жануарлары-ның азаюын; 4) сумен жабдықтау жағдайларының нашарлауын;

5) су объектілерінің табиғи молаю және тазару қабілетінің төмендеуін; 6) су объектілері гидрологиялық және гидрогеоло-гиялық режимінің нашарлауын; 7) су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болғызбау мақсатымен қорға-луға тиіс.

Су объектілерін қорғау келесідей негіздерде жүзеге асырылады: 1) су объектілерін пайдаланудың кез келген түрін жүзеге асыратын барлық су пайдаланушыларға осы объектілерді қорғау жөнінде ортақ талаптар қою; 2) шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне арнайы талаптар қою; 3) жаңа техника мен экологиялық, эпидемиологиялық жағынан қауіпсіз технологиялар енгізе отырып, су қорғау іс-шараларын жетілдіру және қолдану; 4) су қорғау аймақтарын, су объектілерінің қорғау белдеулерін, ауызсумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу; 5) су объектілерін пайдалану мен қор-ғауды бақылаудың мемлекеттік және басқа да нысандарын жүргізу; 6) су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың орын-далмағаны үшін жауапкершілік шараларын қолдану арқылы.

Объективтік мағынада суды құқықтық қорғау дегеніміз – суға антропогендік зиянды әсер етуді алдын алу, су ресурстарын сақтау және қайта қалыпқа келтіру жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің эконо-микалық тетігі. Табиғи ресурстарды басқарудың қазіргі жүйе-сі, оның ішінде су ресурстары, тұрақты даму процесіне мүмкін-дік туғызуы қажет. Ол келесідей қағидаларға негізделеді:

Жол бермеу қағидасы. Қоршаған орта сапасының экология-лық болжамы және мониторингі негізінде қоршаған ортаға әсерді ескеру.

«Ластаушы (пайдаланушы) төлейді». Бұл принципке сәй-кес, табиғат пайдаланушы не ластаушы табиғи ресурстарды тиісті деңгейде күтіп ұстауға байланысты барлық шығындардың орнын толтыруы тиіс, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалдың орнын толтыруы тиіс.

Жеке секторды тарту. Жеке сектор экологиялық инвести-циялардың маңызды көзі болып табылады. Фермерлер кә-сіпорындары мен ассоциациялары өкілдерінің қатысуы қорша-ған орта сапасын жақсарту іс-шараларын енгізу үшін нарықтық тетіктің жақсы негізі болуы тиіс.

Қоғамның шешуші орны. Табиғат қорғау шараларының табысты болуы қоғамдық сектордың қолдауына негізделеді.

Су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың тиімділігін жоғарылатуға бағытталған тәсілдердің бірі су пайдаланудың ақылылығын енгізу болып табылады, яғни бұл осы ресурстарды сенімді экономикалық базада қайта өңдеу жөніндегі алғышарт-тарды тудырады.

Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық. ҚР Су кодексінің 137-бабына сәйкес су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен қорғау және суды бөлу мәселелері бойынша су қатынастары субъектілерінің арасында туындайтын даулар – су даулары болып табылады. Су қатынастары субъектілерінің арасындағы су даулары тараптардың келіссөздері, оларды су пайдаланушыл-ар бірлестіктері құрған органдарда, облыстардың (республи-калық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында және уәкілетті органда немесе соттарда қарау арқылы шешіледі.

Экологиялық талаптарды орындамаған кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық не қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Су құқық бұзушылықтарының тізбесі ҚР СК-ның 139-ба-бында айқындалған. Оларды суларға қол сұғушы су құқық бұзу-шылығы, яғни бұл экологиялық сипатқа ие, және ҚР бекіткен су пайдалану тәртібіне, су меншік иесі мен су пайдаланушылар заңды мүдделеріне қол сұғатын су құқық бұзушылықтары деп бөлуге болады.

Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау сала-сындағы халықаралық ынтымақтастық. Траншекаралық сулар дегеніміз – екі немесе одан көп мемлекеттер шекарасын белгілейтін, қиып өтетін не осы шекараларда орналасқан кез келген жер үсті және жер асты сулары.

Траншекаралық суларды пайдалану және қорғау саласын-дағы халықаралық ынтымақтастық ҚР Су кодексінің 11-бөлімін-де айқындалған. Онда трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары,

басшылыққа алынатын қағидалары, тетігі, экономикалық негізі айқындалған.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы трансшекаралық суларды қорғау мен пайдалануға байланысты халықаралық келісімшарттарды да жүзеге асырады, оның бірі болып 1992 ж. 17 наурыздағы «Халықаралық өзендер мен трансшекаралық ағын суларды пайдалану және қорғау туралы Хельсинки Кон-венциясы» танылады, бұл Конвенцияға Қазақстан Республикасы 2000 ж. 23 қазанда қосылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Судың құқықтық режимінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.
2. Қазақстан Республикасының Су кодексі және суларды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін басқа да заңдар.
3. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары мен міндеттері.
4. Қазақстан Республикасы су қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.
5. Суды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мем-лекеттік-құқықтық механизмі.
6. Су қорына меншік құқығы және оны жүзеге асыру нысандары.
7. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері.
8. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау және сараптама.
9. Су объектілерін қорғау және судың зиянды әсеріне қарсы күресу.
10. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі.
11. Су дауларын шешу тәртібі және су заңдарын бұзғаны үшін жауап-тылық.
12. Трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.

Қазақстан Республикасының Су кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 кодексі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы
Пән: Экологиялық құқық
Дәріс кешені
12 классикалық дәріс.
Ормандардың режимі және оларды қорғау.

Мақсаты: Ормандардың режимі және оларды қорғау құқықтық қатынастарды қарастыру.

Түйінді сөздер: Орман, ормандардың режимі, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Ормандардың құқықтық режимдерінің түсінігі және жалпы сипаттамасы. Ормандарды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизм. Орман пайдалану құқығы және оның түрлері. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануға рұқсаттама құжаттары: Орман билеті, ағаш кесу билеті. Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын тоқтата тұру мен шектеу, тоқтату негіздері. Орманды қорғау және ормандарды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар. Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық тетігі. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы заң бұзушылықтар.

Қазақстан Республикасының ормандары табиғатты қорғау және ортаны қалыптастыру қызметі және өзінің биологиялық әртүрлілігі бойынша ерекше. Солтүстік өңірде қайың орман- дары орналасқан. Қайың орманды даласының оңтүстігіне қарай, әртүрлі ағаштардан құралған дала орман алқаптары орналасқан. Дала орман алқаптарының негізгі түрі – әртүрлі топырақ- гидрологиялық жағдайларда өсетін қарағай, ал жапырақтылар- дан – қайың және теректер. Дала орман алқаптары бұталы өсімдіктерге де бай.

Дала орман алқаптарының екінші тобы – қарағай орман- дары. Олар Көкшетау және Ақмола облыстарында басталып, Қарағанды облысының солтүстік-батыс аймағы (Қарқаралы алабы) және Павлодар облысының оңтүстік-батысы (Баянауыл алабы) және Шығыс Қазақстан облысымен (Қалбы жотасы) аяқ- талады.

Дала зонасында интрозоналық ормандар кездеседі, олар Орал, Есіл, Тобыл, Ертіс өзендері және олардың салаларының бойында орналасқан. Интрозоналық деп айтылуының себебі, әртүрлі орман зоналарында орналасқан. Есіл өзенінің солтүстік жағы орманды дала зонасында орналасқан, ал оңтүстігі – дала зонасында; Орал өзенінің оңтүстік жағы – шөл далада, ал солтүстік жағы – дала зонасында орналасқан. Өзен жағалауындағы ағаш-бұта өсімдіктері тоғайлы ормандар деп аталады. Тоғайлар жер асты сулардың жақын орналасуы, еріген сулардың басып кетуі, дымқыл ауа райымен сипатталады.

Шығыс пен оңтүстік-шығыста таулы ормандар теңіз деңгейінен 600-ден 1900 метрге дейін биіктікте орналасқан. Бұл жердегі орманның негізгі түрлері – қылқан жапырақтылар (майқарағай, балқарағай, шырша және сібір балқарағайы), олар көбіне тау баурайының жоғарғы және орта жағында орналасқан, ал жапырақтылар – тау баурайының етегінде орналасқан қайың және майқарағай ормандары кең таралған, кейбір өзендердің жағалауында шырша және шырша-қарағайлы ормандар өседі. Жапырақты ормандар сонымен қатар таулы өзендердің бастау- лары жағалауында орналасқан. Таулардың басында сібір балқа- рағайы кездеседі.

Қазақстанның оңтүстік-батыс аймағындағы құмды және саз- ды шөл далаларда қара және ақ сексеуіл – шөл дала ормандары, құмды акация және қандыма таралған. Сексеуілдер көп ауданды алып жатыр. Қара сексеуіл – Бетпақ даланың батыс аймағында, Сарысу өзенінің орта ағысында, Іле өзенінің төменгі ағысының оң жағалауында, Шу және Мойынқұм өзендердің арасында өседі. Ақ сексеуілдер – Қарақұм, Мойынқұм және Балқашта өседі.

Осы аталғандардың барлығына қарамастан Қазақстан орманы аз ел болып саналады, Қазақстанның орман қорының ауданы 4,5% алып жатыр.

Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес, орман дегеніміз – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір

аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен. Анықтамадан орман белгілерін ажырата- тып қарастырайық:

- биологиялық белгі – бұтақтық, теректік және шөптік өсімдіктердің жиынтығы;
- құқықтық белгісі – заңда белгіленген тәртіппен бөлінген, орман қоры жерлеріндегі

өсінділер;

- экологиялық белгісі – қоршаған ортаның жағдайына әсер етеді.

Орман қоршаған ортаның ажырамас бөлігі және адам өмірінің экологиялық кешені ретінде ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта (кезенде) ормандардың экологиялық жағ- дайы бірінші орында тұр. Олар маңызды экологиялық функция- ларды атқарады

Өмір беру қызметі. Ормандар тірі ағзалардың өмір сүруіне себебін тигізеді немесе тірі ағзалардың өмір сүру шарты, өйткені олар атмосфераға оттегі беру көзі болып табылады. Жер атмосферасын оттегімен қаматасыз ете отырып, тірі организм- дердің өмір сүруіне қажетті ауа бассейнін тазалайды.

Орта қалыптырушы қызметі. Өсімдіктер, құстар, жануарлар дүниесі мен адамдардың өсіп- өнуіне қажетті микроклиматты қа- лыптастырады. Ормандар жабайы аңдар мекені қызметін атқарады.

Климат реттейтін қызметі. Орман климатты ылғанданды- рады, температураның қатты құбылыстарын әлсіздендіреді, суық және ыстық желдерден қорғайды.

Су қорғағыш (су сақтағыш). Су қорғау функциясын атқа- рады. Ормандағы топырақ ашық жердегі топыраққа қарағанда қатты қатпайды. Ылғалды жақсы сіңіреді, сол себепті жауын сулары жақсы сіңіріліп, өзендер толастап отырады. Өзендердің қасында орман кесу жұмыстарының жүргізілуінен, көктемде өзенде су тасқыны, ал жазда судың саяздануы байқалады.

Топырақ қорғағыш қызметі. Орман ерінді және жауын сула- рын сіңіру арқасында желдің күшін бәсеңдетіп, топырақтың кеуіп немесе шойылып кетуінен қорғайды.

Ормандардың сауықтыру қызметі – олардың ауаны тазалап отыруында. Орманда дем алу – адамның жүйке ауруларын ем- дейді.

бойында әсемдікке құштарлық сезімін оятады, ақын-жазушы- ларды, суретшілерді желпіндіреді.

ҚР Орман заңдары – ҚР Конституциясына негізделіп, 2003 жыл 9 шілдеде қабылданған Орман кодексінен және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Орман кодексі орман қорын пайдалану, иелену, билік етуге байланысты қатынастарды реттейді, сонымен қатар орман қорының эко- логиялық және ресурстық дамуының, қорғалуының құқықтық негіздерін белгілейді. ҚР Орман кодексі орман заңдылығының бағытын анықтайды, оның мақсаты – орман табиғи объектісіне жағымды әсер ету.

Бірінші бағыт – ормандарды ұтымды пайдалануды қам- тамасыз ету. Табиғи ресурсты экономды пайдалану – оны қолдануды азайтады және жойылып кетуіне жол бермейді. Сол мақсатта орман заңдылығында кеспе ағаш аймағын бөлуге, қорғауға байланысты ормандарды санаттарға бөлу және т.б. нормалар қарастырылған.

Екінші бағыт – ормандарды күзету мен қорғауды қамта- масыз ету. Ормандар өрттен және заңсыз кесуден күзетіледі, зиянкестер мен аурулардан қорғалады. Осы мақсатта орман заң- дылығында орман пайдаланушылардың ормандарды өрттен күзету, зиянкестер мен аурулардан қорғау міндеттері, орман заңдылығын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген.

Үшінші бағыт – ормандардың экологиялық және ресурстық потенциалын көтеру. Орман заңдылығы орманды қалпына келтіру және орман өсіру мақсатын көздейді, орман өнімділігін жоғарылатуға негізгі талаптар қояды, орман пайдаланушыларға міндеттер жүктейді және ормандардың экологиялық және ре- сурстық потенциалын көтеруге байланысты басқа нормаларды бекітеді.

Қазақстан Республикасының орман заңдары:

1) ормандардың климатты реттейтін, орта түзетін, егіс-то- пырақ қорғау, су сақтау және санитарлық-гигиеналық функ- цияларды орындайтын жалпы мемлекеттік мәнін мойын- дау;

2) ормандарды тұрақты дамыту (Қазақстан Республикасы- ның орманды аумақтарын тұрақты ұлғайту); ормандардың, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объек- тілерінің, мәдени және табиғи мұраның биологиялық әралуан- дығын сақтау;

3) ормандарды көп мақсатқа пайдалану;

4) орман ресурстарын ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындай етіп пайдалану;

5) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды мо- лықтыру мен орман өсіру

саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау;

6) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен алынған сүректі қайта өңдеуді жүзеге асыру функцияларынан орман пайдалануды реттеу функцияларының ара жігін ажырату;

7) Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзудан келтірілген залалдың орнын толтыру;

8) орман ресурстарын ақылы пайдалану;

9) орман қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

10) халықтың және қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуге және қорғауға қатысу принциптеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспейтін, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қорының жерлері Қазақстан Республикасының орман қорын (бұдан әрі – орман қоры) құрайды.

Орман қоры мемлекеттік және жеке орман қорларынан тұрады.

Мемлекеттік орман қорына:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар;

2) табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

Жеке орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жеке орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агроорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.

Орман қорына:

1) мемлекеттік орман қорының жерінен тыс орналасқан жекелеген ағаштар және көлемі 0,05 гектардан кем шоқ ағаштар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі бұта өсімдіктері;

2) қала ормандарын қоспағанда, елді мекендер шекарасы шегіндегі жасыл желектер;

3) үй маңындағы, саяжайлар мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталар кірмейді.

Орман пайдалану құқығы. Орман пайдалану дегеніміз – Орман кодексінің 4-бап, 47-тармағына сәйкес, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет болып табылады. Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес, орман қоры екі түрге бөлінгендіктен, орман пайдалану құқығы да екі түрге бөлінеді: Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы. Жеке орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығы.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануға рұқсаттама құжаттары

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады: мемлекеттік орман иеленушілер үшін – уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі;

1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты бар орман пайдаланушылар үшін – орман мекемесі бекіткен, мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі.

Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспе ағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат

болып табылады.

Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері

Орман пайдаланушылардың:

- 1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды рұқсаттама құжаттарында көрсетілген көлемде жүзеге асыруға;
- 2) өздеріне орман пайдалануда берілген орман ресурстары туралы ақпарат алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман пайдалану мерзіміне құрылыстар мен ғимараттар, сүрек сақтау қоймаларын салуға, ағаш таситын жолдар тартуға, сүректі және мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануға байланысты басқа да орман өнімдерін өңдеу үшін жабдықтар орнатуға;
- 4) мемлекеттік орман қорының санаттарының өзгеруі, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерін мемлекет мұқтажы үшін алып қою салдарынан келтірілген шығындарға өтем алуға;
- 5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман иеленушімен келісу бойынша ағаш кесудің барлық түрін жүргізуге, орман питомниктері мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді орналастыруға құқығы бар.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын тоқтата тұру мен шектеу және тоқтату негіздері

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығының тоқтата тұру негіздері:

- 1) орман пайдаланушы Қазақстан Республикасы орман заңдарының, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарының талаптарын бұзған;
- 2) орман пайдаланушы ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының, ағаш кесу билетінің, орман билетінің талаптарын орындамаған жағдайларда тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығының шектелу негіздері:

- 1) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану жүзеге асырылатын учаскелерінде орман ресурстарының жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың басталуы нәтижесінде олардың қоры азайған;
- 2) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар өткізілетін жағдайларда, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болатын кезеңде шектеледі.

Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық тетігі

Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық принциптері мен әдістері:

- 1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;
- 2) мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен нормалар мен нормативтерге сәйкес қаржыландыру;
- 3) орман ресурстарын және ормандардың пайдалы қасиеттерін ақылы түрде пайдалану;
- 4) ерекше қорғалатын орман аумақтарын ақылы түрде пайдалану;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында орманды өңірлерді ұлғайтуды ынталандыру;
- 6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік орман иеленушілердің және орман пайдаланушылардың жауапкершілігін сақтандыру болып табылады.

Мемлекеттік орман қорын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы орман қорының түсінігі мен құрамы және оның жеке бөліктерінің құқықтық режимі.
2. Ормандардың құқықтық режимдерінің түсінігі және жалпы сипаттамасы.
3. Ормандарды ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік

құқықтық механизмі.

4. Орман пайдалану құқығы және оның түрлері.

5. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануға рұқсат- тама құжаттары: Орман билеті, ағаш кесу билеті.

6. Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндет- тері.

7. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын тоқтата тұру мен шектеу, тоқтату негіздері.

8. Орманды қорғау және ормандарды және өзге де өсімдіктерді пай- далану кезіндегі экологиялық талаптар.

9. Орман қорын күзетудің, қорғаудың, пайдаланудың, ормандарды молықтыру мен орман өсірудің экономикалық тетігі.

10. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы заң бұзушылықтар.

1. **Қолданылған әдебиеттер** Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.

Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.

1. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құ- қығы. – Алматы, 2005.

2. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі. Қазақстан Республика- сының 2003 жылғы 8 шілдедегі №477 кодексі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

13 классикалық дәріс.

Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

Мақсаты: Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі қарастыру.

Түйінді сөздер: Жануарлар, жануарлар дүниесін пайдалану, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау және қорғауға қойылатын экологиялық талаптар. Жануарлар дүниесін пайдалану түсінігі мен түрлері. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу. Аң аулауға рұқсат беру шарты мен тәртібі. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизм. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу. Жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, жануарлар дүниесін қорғаудағы ролі.

Жануарлар дүниесінің түсінігі, белгілері, атқаратын қызметі. Жануарлар дүниесі қоршаған ортаның құраушы бөлігі және экологиялық жүйе шынжырының бөлінбес тізбегі болып табылады. Ол қарапайым қауымдастықтардың жұмыс істеуіне, топырақтың құрылымы мен табиғи өнімділігіне, өсімдік жан-мылғысының, судың биологиялық құрамының қалыптасуына және жалпы қоршаған ортаның сапасына белсенді әсер ететін, табиғат энергиясы мен заттар алмасу процесінің қажетті құрамдасы болып табылады. Жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары). Жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы болып табылады. Ауыл шаруашылығы, өзге үй жануарлары, сонымен қатар қоршаған ортадан бөлініп алынған жабайы жануарлар, шаруашылық, мәдени және өзге мақсаттарда еркін емес немес жартылай еркіндікте ұсталатын жануарларды пайдалану, қорғау және өсімін молайту қатынастары Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен реттеледі. Осыдан келесі қорытынды жасап, жануарлар дүниесінің келесі белгілерін бөліп ажыратуға болады:

1) Жануарлар дүниесінің пайда болуының табиғи түрде жүзеге асырылуы: жабайы жануарлар – адам баласының көмегінсіз, әрекеті мен ықпалынсыз пайда болатын, өмір сүретін табиғаттың табиғи өнімі, тірі табиғи денелер. Әрине, қазіргі уақытта адам баласының көмегімен жануарлар дүниесін бір орыннан екінші орынға ығыстыру немесе көшіп кетуіне мүмкіндік жасау сияқты әрекеттер орын алғанымен, жануарлар дүниесі көп жағдайда адам көмегінсіз өмір сүреді.

2) «Қолға үйретілмегендік» белгісі, құқықтық қорғау объектісі – қолға үйретілген, үй жануарлары емес, жабайы жануарлар.

3) Жануарлардың табиғи еркіндік жағдайында болуы, яғни адам баласымен шектелмеген кеңістікте болуы, табиғи ортамен тығыз байланыста болуы. Жануарлар дүниесінің табиғи еркіндікті жоғалтуы, олардың жабайы фауна қорының қатарынан шығып, құқықтық режимінің өзгеруіне әкеліп соғады.

4) Өмір сүру қабілетінің болуы. Жабайы жануарлар тірі болған жағдайда ғана оларға экологиялық заңнама нормалары әрекет етіп реттелуіне жатады. Ал өлі жануарлар тауарлық-материалдық құндылық ретінде танылып азаматтық құқық нормаларымен реттеледі.

5) Жануарлар дүниесінің еркін көші-қон жағдайында болуы. Қазақстан Республикасының осы саладағы қолданыстағы заңнамасымен Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлардың құқықтық жағдайы реттеліп отырады. Сол себептен жабайы жануарлар

Қазақстан Республикасының шекарасын еркін түрде кесіп өтіп, сол сияқты қайтып келуіне жол беріледі. Жануарлар дүниесінің бұл ерекшелігі – олардың Қазақстан аумағында болған жағдайда ғана, мемлекет заңнамасының реттелу пәні болатындығын білдіреді.

Жануарлар дүниесін санаттарға бөлу. Жануарлар дүниесі өзінің нысаналы мақсатына қарай келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;
- 2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулау мен балық аулаудан басқа) пайдаланылатын түрлері;
- 5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
- 6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтіруін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.

Жануарлар дүниесінің мұндай санаттарға бөлінуі – өте маңызды болып табылады. Жануарлар дүниесінің әрбір санаты үшін ерекше қорғау режимі белгіленген. Мысалы: жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері аңшылық пен балық аулау объектісі болып табылмайды. Қызыл кітапқа енгізілген, т.с.с.

Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау. 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық саналуандылықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені болып табылады. Ал, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау – табиғи еркіндік жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау:

- 1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қағидаларды, нормалар мен нормативтерді белгілеу және сақтау;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салулар белгілеу;
- 3) жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау;
- 4) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзуды болдырмау;
- 5) жануарлар мекендейтін ортаны қорғауды, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;
- 6) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға жануарлар дүниесі объектілерін қорғау жөніндегі міндеттерді жүктей отырып, аумақтарды, акваторияларды бекітіп беру;
- 7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру;
- 8) жануарлар түрлерін жасанды түрде өсіру;
- 9) жануарлар ауырған жағдайда, дүлей зілзала кезінде және басқа себептер салдарынан қырылу қаупі төнген жағдайларда оларға көмек көрсету;
- 10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 11) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау және орнықты пайдалану идеяларын насихаттау;
- 12) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;
- 13) азаматтарды жануарлар дүниесіне ізгілікті және ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу жолымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін құқықтық қорғауға қойылатын экологиялық талаптар. Жануарлар дүниесін қорғау саласындағы экологиялық талаптар жалпы және арнайы талаптар болып екіге бөлінеді.

Жалпы талаптар 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар

дүниесін қорғау, молайту және пай-далану» туралы заңына сәйкес белгіленген. Жануарлар дүниесі-нің жай-күйіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

- 1) жануарлар дүниесінің табиғи еркіндік жағдайындағы био-логиялық саналуандығы мен үйірлік тұтастығын сақтау;
- 2) жануарлар дүниесінің объектілері мекендейтін ортаны, олардың көбею жағдайларын, өріс аудару жолдарын және шоғырлану орындарын сақтау;
- 3) жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми негізделген тұрғыдан ұтымды пайдалану және олардың өсімін молайту;
- 4) табиғаттағы биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақса-тында жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу;

жануарлар түрлерін, оның ішінде бағалы, сирек кездесе-тіндері мен құрып кету қаупі төнгендерін жасанды өсіруді қоса алғанда, кейіннен оларды мекендеу ортасына шығара отырып, **Жануарлар дүниесін пайдалану, түсінігі мен түрлері.** Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

- 1) аң аулау;
- 2) судағы омыртқасыз жануарлар мен теңіз сүтқоректілерін алып қоюды қоса алғанда, балық аулау;
- 3) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;
- 4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ эпизоотияны болғызбау мақса-тында пайдалану;
- 5) жануарлардың пайдалы қасиеттерін және тіршілік ету өнімдерін пайдалану;
- 6) жануарлар түрлерінің өсімін молайту мақсаттарында пай-далану.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану үшін пайдалану мерзімдері белгіленбейді.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану үшін:

- 1) аңшылық шаруашылығын жүргізу кезінде – он жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі;
- 2) балық шаруашылығын жүргізу кезінде – бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі, ал қырылу қаупі бар су айдын-дарында және (немесе) учаскелерінде – бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімдер белгіленеді.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

- 1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;
- 2) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;
- 3) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аң аулау және балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;
- 4) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға;
- 5) белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық және балық ша-руашылықтарының мұқтаждарына арналған уақытша құрылыс-тар салуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға және қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қарумен қамтамасыз етуге;
- 7) аң-құс өсіруді жүзеге асыруға және аң-құс (еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда) өсіру үшін бөлінген аумақта әуесқойлық (спорттық) аң аулауды жүргізуге, сондай-ақ аң-құс өсіру нәтижесінде өсімі молайған жануарларды өз бетінше пайдалануға құқығы бар.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

- 1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайда-лану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талап-тарын сақтауға;
- 2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін Қазақстан Рес-публикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақы-тылы төлемдер жасауға;
- 3) шаруашылық ішілік аңшылық ұйымдастыруды жүргізуге;
- 4) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бер-меуге;
- 5) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатысты қатыгездікке жол берілмейтін тәсілдермен пайдала-нуға;
- 6) жануарлар дүниесінің пайдаланылған объектілерінің санын жыл сайын есепке алуды

жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есептілікті табыс етуге;

7) жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азаюына жол бермеуге;

8) шаруашылық ишiлік аңшылық ісін ұйымдастыруға және балық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспарларына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

9) Заңның 49-бабына сәйкес жүргізілетін, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау мақсатында тексеруді жүзеге асыруға кедергі жасамауға;

10) мыналарды жүзеге асыру үшін:

– бақылау үшін аулауды – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне;

– ғылыми-зерттеу үшін аулауды – жеке және заңды тұлғаларға;

– әуесқойлық (спорттық) балық аулауды – жеке адамдарға;

– әуесқойлық (спорттық) аң аулауды – жеке адамдарға сервитут беруге;

11) уәкілетті органмен келісім бойынша биологиялық негіз-деменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылық мемлиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

12) аңшылар орнатуға;

13) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының талабы бойынша оны ұсынуға;

14) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ведомствоның аумақтық бөлімшесіне жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған шарттар туралы, оның ішінде оларды бұзу туралы ақпарат жіберуге;

15) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімде, оған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, уәкілетті орган бекіткен нысан-дарға сәйкес берілген жолқұжаттар туралы мәліметтер беруге;

16) қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес экологиялық рұқсат алуға;

17) қорықшыларды көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төс белгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

18) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

19) жеке адамдарға олардың ауызша және жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) аң аулауға және әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге;

20) аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін бекітуге;

21) зоологиялық коллекцияны жасау туралы уәкілетті органның ведомствосына хабарлауға міндетті.

Аң аулаудың түсінігі, түрлері, аң аулауға қойылатын шектеулер. Аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі.

Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері мен аушы жыртқыш құстары бар адамдардың жүруі аң аулауға теңестіріледі.

Аң аулау:

1) кәсіпшілік аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау.

3) ұлттық аң аулау – аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдалана отырып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін аулау болып бөлінеді.

Аң аулау құқығы жеке тұлғаларға:

1) егер аң аулау атыс қаруы қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау аңшылық ережелерінде рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған; аңшы куәлігі болған;

3) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат немесе жолдама алған жағдайда беріледі.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуының, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсатының негізінде туын дайды.

5) жануарлар дүниесінің өсімін молайту.

Балық аулаудың түсінігі, түрлері, балық аулауға қойылатын шектеулер. 09 шілде 2004 жылғы Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану» туралы заңына сәйкес, Балық аулау дегеніміз – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Балық аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

1) кәсіпшілік балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын бір мезгілде көп мөлшерде аулауға мүмкіндік беретін және (немесе) су айдынының (кәсіпшілік аулау құралдарымен) бір бөлігін қамтитын, бөліп тұратын аулау құралдарымен мекендеу ортасынан балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюды қамтамасыз ететін кешенді процесс. Кәсіпшілік балық аулау кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылады.

Кәсіпшілік балық аулау жағалауда және теңізде аулау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жағалауда аулау – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

Теңізде аулау – бекітіліп берілген учаскелер шегінен тыс су айдындарының (теңіздердің, көлдердің) ашық бөлігінде жүзеге асырылатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау.

2) әуесқойлық (спорттық) балық аулау – бір-бірлеп аулауға ғана (кәсіпшілік емес аулау құралдары) мүмкіндік беретін аулау құралдарымен жүзеге асырылатын, спорттық және эстетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру, спорттық жарыстарды өткізу мақсатында, сондай-ақ аулап алынған өнімді жеке тұтыну үшін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау

3) ғылыми-зерттеу үшін аулау – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулау.

Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру жөніндегі уәкілетті орган:

– жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің **Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті** – арнайы мем

Жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйек №1140 қаулысымен реттеледі.

Жануарлар дүниесі объектілерін сақтау мақсатында тыйым салынады:

– Өсімдіктерді жою және жануарлардың тіршілік ету ортасының жай-күйін нашарлататын басқа да әрекеттерге;

– Жануарлардың ұялары мен індерін бұзып, қиратуға, жұмыртқаларын

жинауға:

– Көбею маусымында балықтардың уылдырығы және суда жүзетін құстардың жаппай ұя салу орындары деп белгі- ленген орындарда моторлары оталулы катерлермен, мо- торлы қайықтармен және басқа да жүзгіш құралдармен жүзуге;

– Уәкілетті органмен келіспестен жабайы тұяқты жануар- лар мен топтық құстардың мекенінен ұшақтардың, тікұшақтардың және өзге де ұшатын құралдардың бір километрден төмен ұшуына:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінсіз сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түр- лерін алып қоюға:

Жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаттамасында көрсетілген мерзімдерден тыс уақытта және белгіленген лимиттен артық аулауға **лекеттік құзіретті орган болып табылады.**

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы

Қызыл кітап – Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйі туралы мәліметтер жиын- тығын, оларды зерделеу, қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қамтитын, жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері тізбесінің суретті басылымы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы – сонымен бір мез- гілде жануарлар мен өсімдіктер әлемі мемлекеттік кадастрының құрамдас бөлігі.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жануарлар (омыртқалылар және омыртқасыздар) мен өсімдіктердің (жо- ғары және төмен) Қазақстан Республикасының аумағында құр- ғақта, суда, атмосферада және топырақта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңын және айрықша эконо- микалық аймағын тұрақты немесе уақытша табиғи еркіндік жай- күйінде мекендейтін сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері (шағын түрлері, популяциялары) енгізіледі.

Саны және орнықты тіршілік ету жағдайлары олардың өсі- мін молайту мен табиғи еркіндік жай-күйінде тектік қорын сақтау қаупін болдырмайтын шегіне дейін қалпына келтірілген жануарлар мен өсімдіктердің түрлері (шағын түрлері, популя- циялары) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан алып тастауға жатады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жануарлар дүниесінің түсінігі, белгілері, атқаратын қызметі. Жа- нуарлар дүниесін санаттарға бөлу.
2. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау және қорғауға қойылатын экологиялық талаптар.
3. Жануарлар дүниесін пайдалану, түсінігі мен түрлері.
4. Аң аулау және аң аулау шаруашылығын жүргізуді құқықтық реттеу.
5. Аң аулауға рұқсат беру шарты мен тәртібі. Балық аулау мен ба- лық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық рет- теу.
6. Жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық механизм. Жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау саласындағы мемлекет- тік басқару мен бақылау.
7. Балық аулау мен балық шаруашылығын ұйымдастыруды және жүргізуді құқықтық реттеу.
8. Жануарлар дүниесіне келтірілген зиянды өтеу, жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.
9. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы, жануарлар дүниесін қорғаудағы ролі.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер:

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңы.
2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адам- дарының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жа- нуарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгі-

лері бар (погондарсыз) нысанды киімді киюге құқығы бар жү- мыскерлерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 25 ақпандағы

№18-04/128 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министр- лігінде 2015 жылы 27 наурызда №10546 тіркелді.

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03/146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде

№10700 тіркелді.

4. Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі №301 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 25 ма- мырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6261 болып енгізілді.

5. Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту ту- ралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №18-04/17 бұйрығы. Қазақстан Республи- касының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 ақпанда №10266 тір- келді.

6. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын маманданды- рылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қол- дану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы №670 Қаулысы.Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуір- дегі №310 Қаулысы.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орын- басары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі №408 бұйрығы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені

6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы

Пән: Экологиялық құқық

Дәріс кешені

14 классикалық дәріс.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құқықтық реттеу

Мақсаты: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құқықтық реттеу қатынастарды қарастыру.

Түйінді сөздер: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Ерекше қорғалатын табиғи объектілер түсінігі, негізгі принциптері және құрамы. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты. Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық режимі және негізгі қызметі. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ұғымы, құқықтық режимі және олардың негізгі қызметі. Мемлекеттік табиғи резерваттардың және биосфералық резерваттар құқықтық режимі. Мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақ, дендрологиялық бақтардың құқықтық режимі. Мемлекеттік табиғат ескерткіштердің құқықтық режимі. Мемлекеттік табиғи қаумалдар, жіктелуі және құқықтық режимі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың түсінігі, негізгі принциптері және құрамы
Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және «ҚР ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы» заңынан, ҚР Экологиялық кодексінен және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Бұл заңдар ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін құру, кеңейту, қорғау, қалпына келтіру, орнықты пайдалану және басқару жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттеп отырады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар және ондағы экологиялық, ғылыми, мәдени маңызы бар қоршаған орта объектілері ҚР ұлттық құндылығы болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы негізгі принциптер:

1) биологиялық саналуандықты, бірегей және типтік ландшафттарды сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін экологиялық желінің базалық құрамдас бөлігі ретінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін дамыту;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау;

3) мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен табиғи экологиялық жүйелерді сақтау;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылымды, мәдениетті, оқу-ағартуды, білім беруді, туризмді дамыту мақсаттарында пайдалану;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың ақылды болуы;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық;

7) жеке және заңды тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы ақпараттың қолжетімділігі;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

10) үйлестіру кеңестерінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы міндеттерді шешуге қатысуы болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің маңыздылығына байланысты республикалық немесе жергілікті маңызы бар санаттарға жатқызылады.

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік табиғи қорықтар;
 - 2) мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
 - 3) мемлекеттік табиғи резерваттар;
 - 4) мемлекеттік зоологиялық парктер;
 - 5) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
 - 6) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
 - 7) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
 - 8) мемлекеттік табиғи қаумалдар;
 - 9) мемлекеттік қорық аймақтары.
3. Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ- тар құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:
- 1) мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;
 - 2) мемлекеттік зоологиялық парктер;
 - 3) мемлекеттік ботаникалық бақтар;
 - 4) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
 - 5) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
 - 6) мемлекеттік табиғи қаумалдар.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты

Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар мемлекеттік органдар әрбір осындай аумақ бойынша белгіленген үлгідегі паспортты толтырады және оны уәкілетті органда тіркейді.

Тіркелген паспорттың әрбір данасы түпнұсқа болып табылады.

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында:

- 1) түрі мен санаты көрсетілген ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы;
 - 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру немесе кеңейту жөніндегі мемлекеттік орган актісінің атауы, нөмірі және қабылданған күні;
 - 3) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар мемлекеттік органның атауы;
 - 4) заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау жүктелген ұйымның атауы;
 - 5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың туристік инфрақұрылымы, географиялық координаттары, шекарасының сипаттамасы, аумағының көлемі және күзет аймағы көрсетілген карта-схемасымен бірге орналасқан жері;
 - 6) ерекше қорғалатын табиғи аумақта орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сандық және сапалық сипаттамасымен бірге олардың тізбесі;
 - 7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймақтары және олардың күзет режимі түрлері, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, олардың күзет аймағындағы табиғат пайдалану жөніндегі міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер;
 - 8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлеріне қойылған шектеулер;
 - 9) келіп көру ережесі, жұмыс режимі, рекреациялық жүктеме көрсетіледі.
- Түріне және функционалдық аймақтарға бөлінуіне байланысты бүкіл ерекше қорғалатын табиғи аумақта немесе оның арнайы бөлінген аймақтары мен учаскелерінде мынадай күзет режимінің түрлері енгізіледі:
- 1) кез келген шаруашылық қызметке, сондай-ақ мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің табиғи жай-күйін бұзатын өзге де қызметке тыйым салуды көздейтін қорық режимі;
 - 2) шаруашылық және өзге қызметтің жекелеген түрлеріне белгілі бір мерзімге немесе маусымдар бойынша толық тыйым салуды немесе шектеуді көздейтін қаумалдық режим;
 - 3) табиғи кешендерді шектеулі пайдалануды, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметтің дәстүрлі түрлерін мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілеріне зиянды әсер етпейтін тәсілдермен және әдістермен жүргізуін көздейтін шаруашылық қызметтің реттелмелі режимі.
- Қоршаған ортаға зиянды әсерлердің алдын алу және оларды жою мақсатында ерекше

қорғалатын табиғи аумақтарда күзету мен қорғау жүргізілуі мүмкін.

Күзету:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақ- стан Республикасы заңнамасын бұзушылықтың жолын кесу мақсатында аумақты қарауылдауды, оның ішінде жер және әуе көлігін қолданып қарауылдауды;

2) өрттердің алдын алуды, оларды байқауды және сөндіруді;

3) суды ластанудан, былғанудан және сарқылудан күзетуді қамтиды.

3. Қорғау:

1) судың зиянды әсерінің алдын алуды және жоюды;

2) өсімдіктерді қорғауды, зиянды жәндіктер мен орман ау- рулары ошақтарын дер кезінде анықтауды және оларға қарсы күресуді, санитарлық және басқа мақсаттарда ағаш кесуді (жолдар салуға байланысты орман жолдарын тарту, өртке қарсы жыралар қазу кезінде орманды тазарту);

3) індеттер мен эпизоотиялардың алдын алу мақсатында ха- лықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен ветеринарлық мониторингті қамтамасыз етуді, жануарлар санын реттеуді;

4) жерді эрозиядан қорғауды қамтиды.

Қазіргі кезде Жер шарында адамның аяғы тимеген және іс- әрекетінің әсеріне ұшырамаған алқаптар жоқтың қасы. Деген- мен де табиғаттың бастапқы табиғи қалпы сақталған немесе антропогендік факторлардың ықпалы онша байқала қоймаған экожүйелердің біраз бөлігін табиғи эталон ретінде сақтап қалудың маңызы зор. Өйткені мұндай аумақтар антропогендік факторлар көбірек ықпал еткен аймақтармен салыстыру үшін қажет. Халықаралық қабылданған ережелерге сәйкес әрбір мем- лекеттің жалпы жер аумағының 10%-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін алуы қажет. Біздің елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың негізгі түрі – мемлекеттік табиғи қорықтар. Мемлекеттік табиғи қорық – табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, оның қызметінің мақсаты өзінің аумағындағы табиғи процестер мен құбылыстардың табиғи барысын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерін, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген түрлері мен қауымдастықтарын, әдеттегі және ірегей экологиялық жүйелерді сақтау мен зерделеу және оларды қалпына келтіру болып табылады.

1. Мемлекеттік табиғи қорықтардың негізгі қызметіне:

1) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының биологиялық саналуандығын қорғау және қалпына келтіру режимін қамтамасыз ету;

2) Табиғат жылнамасын жүргізуді қоса алғанда, мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелерін, объектілерін зерделеу және олардың мониторингі жөнінде ғылыми зерттеу- лер ұйымдастыру және жүргізу;

3) экологиялық-ағартушылық қызметті жүргізу;

4) мемлекеттік табиғи қорықтың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге объектілерді орналастыру жобалары мен схемалары мемлекеттік экология- лық сараптамасына қатысу;

5) мемлекеттік табиғи қорық пен оның күзет аймағының аумағын экологиялық-ағартушылық, ғылыми және шектеулі туристік мақсаттарда пайдалануды реттеу жатады.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ұғымы және олар- дың негізгі қызметі

Мемлекеттік ұлттық табиғи парк – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуан- дығын сақтауға, оларды табиғат қорғау, экологиялық-ағарту- шылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Ұлттық парк – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи- мәдени және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи- қорық қорының бірегей табиғи кешендері мен объектілерінің биологиялық және ландшафтық саналуандығын сақтауға, олар- ды табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, турис- тік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған таби- ғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорға- латын табиғи аумақ.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер аумағы:

- 1) қорық режимі;
- 2) экологиялық тұрақтандыру;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарына бөлінеді. Ұлттық табиғи парктардың қорықтардан айырмашылығы –

туристер мен тынығушылардың кіріп көруіне рұқсат етіледі. Бірақ олардан табиғатты қорғау ретін сақтау талап етіледі. Қазіргі кезде республикамызда 9 мемлекеттік ұлттық парк бар.

Еліміздегі алғашқы ұлттық парк – **Баянауыл ұлттық табиғи паркі**. Ол 1985 жылы Павлодар облысындағы Баянауыл орман шаруашылығының негізінде құрылған, ауданы – 50,7 мың га. Парк аумағына енетін таулы-орманды ландшафтылары тама-ша табиғат ерекшеліктерімен көзге түседі. Қарағай, қайың ормандары өскен, гранитті, үгіліп мүжілген Баянауыл таулары Сарыарқаның шөлейтті жазықтарында орналасқан. Мұнда құстардың 54 түрі, сүтқоректілердің 54, балықтың 8, өсімдіктің 438 түрі бар. Биік жері – Ақбет тауы, биіктігі – 1026 м. Табиғатының қолайлы жағдайына байланысты Баянауыл тауларын «шөлді даладағы таулы-орманды шұрат» деп атайды. Бұл аймақ – жаппай демалыс пен туризмнің дамыған жері.

Іле Алатауы ұлттық паркі. 1996 жылы ұйымдастырылған. Ауданы – 181,6 мың га. Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген шатқалынан бастап, батыста Қаскелең асуына дейінгі ерекше ландшафтыларды қорғау және демалыс, тынығу мақсатында пайдаланылады. Мұнда қорғауға аңның 43 түрі, құстың 138 түрі, балықтың 8 түрі, өсімдіктің 1282 түрі алынды.

Қарқаралы ұлттық паркі 1998 жылы құрылған. Ауданы 90,3 мың га. Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданында орналасқан. Қарқаралы және Кент тау жүйелерін қамтиды. Осында әйгілі Шайтанкөл орналасқан. Мұнда аңның 39 түрі, құстың 55 түрі, балықтың 11 түрі, өсімдіктің 68 түрі қорғалады.

Алтынемел табиғи ұлттық паркі 1996 жылы Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов аудандары жерінде орналасқан. Ауданы – 212,1 мың га. Алтынемел тауын қамтиды. Мұнда аңның 6 түрі (таутеке, қаракұйрық, құлан, қызыл қасқыр және т.б.) сонымен бірге құстың 231 түрі, балықтың 22 түрі, өсімдіктің 800 түрі қорғауға алынған.

Көкшетау паркі 1996 жылы ұйымдастырылған. Ауданы – 135,8 мың га. Мұнда аңның 305 түрі, құстың 223, балықтың 22 түрі, өсімдіктің 800 түрі қорғауға алынған.

Резерват (лат. reservetus – сақталған) – негізгі қорғалатын нысаны табиғи кешен құрауыштарының бірі болып табылатын қорғалатын табиғи аумақ. Резерваттар міндеті (орман, батпақ, орнитологиялық және т.б.) мен режимі бойынша сараланады: басқарылмайтын резерват – мұнда табиғи процестері адамның ешқандай араласуынсыз өзінен-өзі табиғи негізде реттеледі және басқарылатын резерват – қорғалу режимі бойынша қорыққа жақындау келеді. Мемлекеттік табиғи резерват – табиғи кешендер мен оған байланысты табиғи және тарихи-мәдени объектілерді қорғау, қалпына келтіру және биологиялық әртүрлілікті қамтамасыз етуге арналған, жер үстіндегі және судағы экологиялық жүйелерді қамтитын, табиғат қорғау және ғылыми мекеме нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аймақ.

Қазіргі кезде республикада екі мемлекеттік табиғи резерват бар: «Семей орманы» және «Ертіс орманы».

Мемлекеттік табиғи резерват территориясы әртүрлі қорғау мен пайдалану режиміндегі аймақтарға бөлінеді. Олар – қорық режимінің аймағы және буферлік аймақ.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жаңа түрі болып, биосфералық резерваттар танылады. Биосфералық резерват де-геніміз – Дүниежүзілік биосфералық резерваттар желісіне енгізілген мемлекеттік табиғи қорық, мемлекеттік ұлттық табиғи парк немесе мемлекеттік табиғи резерват және олардың қорғау аймақтары.

Биосфералық резерваттар:

- 1) мәдени және табиғи мұраға бай табиғи аумақтарды сақтау, қалпына келтіру және пайдалану;
- 2) табиғи ресурстардың сақталуы мен қалпына келтірілуі ескеріле отырып, аумақтардың ұзақ мерзімді, орнықты экономикалық және әлеуметтік дамуын, оның ішінде олардың рекреациялық пайдаланылуын қолдау;
- 3) ұзақ мерзімді экологиялық бақылау, мониторинг пен экологиялық зерттеулер, сондай-ақ халықты экологиялық тұрғыдан ағарту және тәрбиелеу мақсатында құрылады.

Биосфералық резерваттардың аумағында мынадай функционалдық аймақтар бөліп

көрсетіледі:

1) ұйытқы аймақ – биологиялық және ландшафтық әртүр- лілікті сақтауға арналған қорықтық қорғау режимі бар аймақ;

2) аралық аймақ – экологиялық бағдарланған шаруашылық қызметті жүргізу және биологиялық ресурстардың өсімін ор- нықты молайту үшін пайдаланылатын қаумалдық қорғау режимі бар аймақ;

3) сыртқы өтпелі аймақ – экологиялық бағдарланған шаруа- шылық қызметті жүргізу үшін пайдаланылатын ерекше қорға- латын табиғи аумақтан тыс аумақ учаскесі.

Мемлекеттік зоологиялық парктер – мәдени-ағартушылық, ғылыми, оқу және табиғат қорғау қызметіне, тектік қорды сақтауға және әдеттегі, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін жасанды орта жағдайында өсіруге арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Мемлекеттік зоологиялық парктердің негізгі қызметіне Қазақстанның жануарлар дүниесін сақтаудың, молықтыру мен пайдаланудың, дүниежүзілік маңы- зы бар Қазақстан фаунасының ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлеу жатады.

Мемлекеттік зоологиялық парктер:

1) экспозициялық – жануарларды ұстау және өсіру, сондай- ақ келушілердің көруі үшін;

2) ғылыми – ғылыми зерттеулер жүргізу үшін;

3) қоғамдық – келушілерге қызмет көрсету үшін;

4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аймақтарға бөлі- неді.

Мемлекеттік ботаникалық бақ – өсімдіктер дүниесін, соның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін қорғау, молықтыру және пайдалану жөнінде зерттеулер мен ғылыми талдамалар өткізуге арналған табиғат қорғау және ғылыми ұйымдар мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың негізгі қыз- метіне Қазақстанның өсімдіктер дүниесін сақтаудың, молықты- ру мен пайдаланудың, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флора ресурстарын игерудің ғылыми негіздерін әзірлеу жатады. Негізгі ғылыми бағыттары: жергілікті және сырттан әкелінген өсімдіктерді өсіру, жерсіндіру, олардың биологиясын, экология- сы мен физиологиясын, өсіп-өнуін, селекциясын зерттеу; бота- никалық ілімді дамыту, оның жетістіктерін жалпы халыққа тарату; республикамызда азайып бара жатқан, жойылу қаупі төнген өсімдіктерді қолдан өсіріп көбейту, биологиялық, эколо- гиялық ерекшеліктерін зерттеу, оларды сақтап қалудың, табиғи таралған орталықтарына қайтарудың жолдарын қарас- тыру; қала, ауыл, елді мекендерді көгалдандыру; бақ өсіру; гүл- зар салу бағыттарында ғылыми-ағарту жұмыстарын жүргізу; өсімдіктердің жаңа түрлерін іздестіру, олардың пайдалы қасиет- терін анықтап, адам қажетіне жарату; өсімдіктер әлемін қорғау, көркейту.

Мемлекеттік ботаникалық бақтар:

1) экспозициялық – өсімдіктерді өсіру және келушілердің көруі үшін;

2) ғылыми – өсімдіктердің тектік қорының коллекциялары- на ғылыми зерттеулер жүргізу және оларды сақтау үшін;

3) қоғамдық – келушілерге қызмет көрсету үшін;

4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық аймақтарға бөлі- неді.

5) Мемлекеттік дендрологиялық парк – ағаш және бұта тұқым- дарын қорғауға, молықтыру мен пайдалануға арналған аймақтар бойынша белгіленген күзет режимдері бар табиғат қорғау және ғылыми ұйымдар мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Мемлекеттік дендрологиялық парктердің негізгі қызме- тіне Қазақстанның ағаш өсімдіктерін сақтаудың, молықтырудың және пайдаланудың ғылыми негізін әзірлеу, Қазақстанның дүниежүзілік маңызы бар флорасының ресурстарын игеру жа- тады.

6) Дендрологиялық бақ – өсімдіктерді жүйеленімдік, геогра- фиялық, экологиялық, әсемдік, т.б. белгілеріне байланысты өсі- ретін жер телімі, арнайы бақ. Дендрарийдің (грекше deNdroNо – ағаш) ғылыми, ғылыми-тәжірибелік және ағартушылық мәні зор.

Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау мақсатында қорша- ған орта жай-күйінің өндірістік мониторингінің бағдарламасын жыл сайын жасауды және оны ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны қорғау және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуді қамтамасыз ету қажет, онда:

1) келісімшарттық аумақтан жиырма километрге дейінгі шең- берде артезиан ұңғымалары мен құдықтардағы судың химиялық құрамын тоқсан сайын бақылау;

- 2) келісімшарттық аумақта және оның шегінен тыс он кило- метрге дейінгі шеңберде топырақтағы радиация деңгейі мен радиоактивті заттардың болуын тоқсан сайын бақылау;
- 3) қоршаған ортада қызмет барысында пайда болатын лас- таушы заттардың шоғырлануын тоқсан сайын бақылау;
- 4) іс-шаралардың нақты мерзімі және оны орындаушылар, аяқтау және есептілік нысаны көзделуге тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Ерекше қорғалатын табиғи объектілер түсінігі, негізгі принциптері және құрамы.
2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты.
3. Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық режимі және негізгі қызметі.
4. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер ұғымы, құқықтық режимі және олардың негізгі қызметі. Мемлекеттік табиғи резерваттардың және биосфералық резерваттар құқықтық режимі.
5. Мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақ, дендрологиялық бақтардың құқықтық режимі.
6. Мемлекеттік табиғат ескерткіштердің құқықтық режимі.
7. Мемлекеттік табиғи қаумалдар, жіктелуі және құқықтық режимі.
8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану кезіндегі экология- лық талаптар.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқы- ғы. – Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.
5. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республика- сының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175 заңы.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені
6B04205 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы
Пән: Экологиялық құқық
Дәріс кешені
15 классикалық дәріс.
Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау.

Мақсаты: Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғауды қарастыру.

Түйінді сөздер: Қазақстан Республикасының экология заңнамасы, экологиялық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздері, қоршаған орта, экологиялық бағалау, экологиялық талаптар.

Негізгі сұрақтар: Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық экологиялық құқықтың пәні. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары. Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері. Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар. Халықаралық экологиялық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғаудағы ролі мен маңыздылығы. Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысуы нысандары.

Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі

Адамдардың табиғатқа барған сайын тигізер әсері соншалық, қоршаған ортаны қорғау мәселесі адамдардың өмірін де сақтаумен байланысты болып отыр. Осыған байланысты саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық тәсілдерді пайдалана отырып, экологиялық мәселені шешу басты сауал болып отыр.

Экологиялық мәселелерді шешу тек бір ғана мемлекеттің немесе елдің қарастыруымен шектелмейді, ол – бүкіл әлемдік сипатқа ие. Әлемдік экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі – халықаралық ұйымдарға бірігу, халықаралық қарым-қатынасты дамытумен тығыз байланысты.

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты әлемдік тұрғыдан табиғатты қорғау барынша көп мемлекеттердің өзара тығыз қатынас орнатпайынша мүмкін емес. Табиғат баршаға ортақ, оның заңы жалпыға тән. Ол мемлекеттік немесе әкімшілік территориялық шектеуді білмейді. Ұлттық тұрғыдан табиғатты қорғауға байланысты іс-әрекеттер жасау, сонымен қатар басқа да ұлттар мен халықтардың іс-әрекеттерімен үндес болуы керек.

Әлемдік қоғамдастық табиғатты қорғауға байланысты үлкен үлес қосады, өз үлесін сонымен бірге Қазақстан Республикасы да қосуда. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай делінген: «жалпыға тән халықаралық нормалар мен қағидалардың, халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады».

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау аясында табиғатты қорғау мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен белсенді өзара әрекеттер жасауда. Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан табиғатты қорғауға байланысты басқа да мемлекеттермен бірігіп нәтижелі әрекеттер жасауда. Қазақстан 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Дүниежүзілік конференцияларды тұрақты дамыту» жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясына қол қойды. Ол декларацияда қоршаған ортаны қорғау және дамыту мәселесі, оның ішінде табиғаты тез бұзылуға тән мемлекеттер қарастырылған. Бұл мемлекеттер әлемдік тұрғыдан экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі қорғауды қажет етеді.

1992 жылы бекітілген Рио-де-Жанейро декларациясында тұрақты дамудың принциптерінің негізгі бағыттары ретінде:

Халықаралық келісімдердің практикалық тұрғыда жүзеге асуы;

Қоршаған табиғи ортаны бағалаудың сапасы мен бақылаудың жалпыға ортақ әдісін, критерийін және процедурасын шығару;

Экологиялық зерттеуді барынша жетілдіру;

Экологиялық мәселелерді шешу кезінде халықаралық тәжірибелерді қолдану;

Экологиялық бағдарламалар мен тұжырымдамаларды қаржыландыруда халықаралық ұйымдардан қаржы тарту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы мынадай:

адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау;

- 1) орнықты дамуға қол жеткізу;
- 2) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жә- не табиғат пайдалану саласындағы мүдделерін қорғау;
- 3) трансшекаралық ластануларды болғызбау, оларды азайту және бақылау;
- 4) еркін халықаралық сауда мен инвестицияларды экология- лық стандарттар мен талаптарды сақтау негізінде дамыту және қолдау;
- 5) төтенше экологиялық жағдайлар болғанда халықаралық көмек көрсету;
- 6) трансшекаралық және өңірлік экологиялық проблемалар- ды шешу үшін халықаралық құқықтың нормалары мен прин- циптерін қолдану;
- 7) қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласын- дағы халықаралық бастамаларға қатысу басымдықтарына негіз- деледі.

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастарды барынша дамыту үшін қабылданатын барлық бағдарламалар мен тұжырымдарда халықаралық қарым-қатынас мәселелерін алдыға қойған жөн. Осы айтылғандардың барлығы тағы да ха- лықаралық тұрғыда қоршаған табиғи ортаны қорғау қажеттігін көрсетеді. Халықаралық әріптестіктің қалыптасып серпінді да- мыған бағыты болып – қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау болып табылады.

Сонымен халықаралық экологиялық құқық дегеніміз – субъектілердің қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану және оны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттей- тін халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығы болып та- былады.

Халықаралық экологиялық құқықтың пәні

Халықаралық экологиялық құқықтың өзіндік құқықтық реттеу пәні – ол халықаралық экологиялық қатынастар, яғни олар өзінің мазмұны бойынша басқа қатынастардан, әсіресе ішкі заңнамадан халықаралық әріптестік бойынша ажыратылады.

Жалпыға тән халықаралық құқықтық нормалар мен қағида- лардан берілген құқықтық құрылым экологиялық құқықтық қатнастарды реттеуде өзгешелігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар өзіндік қайнар көздердің болуы да ерекшелендіреді олар- дың қатарына конвенция, шарт, келісім, халықаралық ұйым- дардың резолюциясы және тағы басқалар жатады.

Егер ішкі экологиялық құқық тек бір ғана мемлекеттің еркін білдірсе, ол халықаралық экологиялық құқық өзара ортақ екі немесе одан да көп мемлекеттердің не халықаралық ұйым- дардың еркін білдіреді. Екеуінің бір-біріне түйісуі кезінде ба- сымдық, әрине, халықаралық экологиялық құқықтың нормала- рына беріледі.

Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық құқықтың пәндік ерекшеліктері ретінде мыналарды белгілеуге болады:

Қоршаған ортаға әсерін тигізетін зияндарды шектеу;

Табиғи ресурстарды пайдаланудың экономикалық жағынан мақсаттылығы;

Ескерткіштерді халықаралық құқықтық қорғау; Мемлекеттің қоршаған ортаға байланысты ғылыми-тех- никалық құрылыстарын реттеу.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі Қазақстан Респуб- ликасының халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәй- кес мынадай халықаралық және трансшекаралық рәсімдерге:

- 1) экологиялық ақпараттың деректерін алмасу;
- 2) келісілген талаптар мен стандарттар негізінде қоршаған ортаның бірлескен мониторингін жүргізу;
- 3) халықаралық маңызы бар биологиялық түрлер мен табиғи объектілерді анықтау және сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық рет- теу нысанасы болып табылатын белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алдын ала негізделген келісім алу;
- 5) қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал қатер төндіретін белгілі бір қызмет түрлеріне қатысты арнаулы рұқ- саттар беру;
- 6) қоршаған ортаға әсерді бірлесіп нормалау және оларды қолданудың тиімділігін бағалау;
- 7) қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық бағалау;
- 8) трансшекаралық әсердің ықтимал қаупі болған кезде тө- тенше жағдайлар туралы хабарлау;
- 9) трансшекаралық әсердің қаупі болатын төтенше жағдай- лар кезінде басқа мемлекеттердің сұрауы бойынша көмек көр- сету, оған қоса тиісті бірлесіп назар аудару

жоспарларын әзір- леу;

10) халықаралық міндеттемелердің орындалғаны туралы ұлт- тық баяндамалар әзірлеу және ұсыну;

11) арнайы уәкілетті халықаралық ұйымдар жүргізетін ха- лықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелердің сақталуын бағалау;

12) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасы- нан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын қолдану рәсімдеріне қатысуын көздейді.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары

Әрбір құқық саласының өзіне тән ерекшелігінің бірі – оның алдыға қайған мақсаттарына жету үшін белгілі бір бағыт-бағдар ұстану болып табылады. Ол бағыт-бағдар – қағида болып табылады. «Принцип» латын тілінен аударғанда негіз, бастама деген мағына білдіреді. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары дегеніміз – субъектілердің қарым-қатынасын рет- тейтін заңда бекітілген халықаралық экологиялық құқықтың бастауы.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидасы – барлық субъектілерге міндетті болып табылатын халықаралық эколо- гиялық құқықтық норма.

Әрбір мемлекет өзінің қоршаған ортасына байланысты кез келген әрекет жасаған мезгілде өзінің қағидаларымен қатар жалпыға ортақ халықаралық экологиялық қағидаларды басшы- лыққа алғаны жөн. Бір мемлекеттің зиянды әрекеті басқа мем- лекеттің де қоршаған табиғи ортасына әсер ететіндігін ұмытпау керек. Бұл жерде негізгі басшылыққа алынатын қағидалар ре інде мыналар болады: мемлекеттің егемендігін сыйлау, мемле- кеттердің теңдігі, территориялық қол сұғылмаушылығы және тұтастығы, өзара әріптестік, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқықтық жауапкершілік. Ха- лықаралық деңгейде қағидалардың алғашқы көрініс табуы ол 1972 жылы «Адамды қоршаған табиғи орта мәселесі туралы» Стокгольм декларациясында баяндалған болатын. Онда негізгі үш қағида баяндалған:

Біріншісі – кез келген мемлекет өз ресурстарын ұлттық сая- сатқа сәйкес жүзеге асыруына құқылы, бірақ ол басқа мем- лекеттердің қоршаған табиғи ортасына зиянды болмауы ке- рек;

Екінші қағида – кез келген табиғи ресурс ауа, табиғи бай- лық, жер, су, флора, фауна және тағы басқалар бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақталып пайдалануы керек;

Үшінші қағида ол – сарқылатын табиғи ресурстар барынша үнемді және халықаралық деңгейде барынша пайда әкелуі ке- рек;

Бұдан басқа қағидалардың қатарына – 1988 жылы 28 қазан- да БҰҰ-мен мақұлданған «Дүниежүзілік табиғат хартиясы», БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 45 сессиясында мақұлданған

«Жаһандық климатты бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақтау» резолюциясы және тағы да басқа конвенцияларда әртүрлі қа-ғидалар көрініс тапқан. 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған жаңа Экология кодексінде жоғарыда аталған халықаралық ке- лісімдердің қағидалары орын алған.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде Қа- зақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және таби- ғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы келе- сі қағидаларға негізделеді деп айтылған:

1) халықаралық міндеттемелерді адал орындау;
2) мемлекеттердің өз табиғи ресурстарын игеруге деген еге- менді құқығын құрметтеу;
3) орнықты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаны қор- ғау мен экономикалық дамудың интеграциясы;

4) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ор- тасына келтірілетін залалдың алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі;

Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері

Халықаралық экологиялық құқықта қайнар көзді екі мағы- нада түсінуге болады:

Материалдық мағынада; Формальдық мағынада;

Бірінші жағдайға тоқталсақ, халықаралық экологиялық құ- қықтық қатынастың материалдық мағынадағы қайнар көзі деге- німіз – қоршаған табиғи ортаны пайдалануға және ұтымды қол- дануға байланысты дүниежүзілік қоғамдастық мүшелерінің ер- кін айтамыз.

Ал формалдық мағынада халықаралық экологиялық құқық- тық қатынастың қайнар көзі дегеніміз – негізгі басшылыққа алынатын құқықтық нормаларды айтамыз. Олар – шарттар, келсімдер, конвенция, резалюция және тағы басқалар. Кейбір жағдайда сонымен қатар белгілі бір мемлекеттің ұлттық заңдары да қайнар көз қатарына жатады.

Қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау аясындағы орталық қайнар көз ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының резолюциялары орын алады:

«Табиғатты қорғау және экономикалық даму» 1962 жыл

18 желтоқсан;

«Жердің табиғатын сақтауға байланысты мемлекеттің бүгінгі және болашақ ұрпақ алдында тарихи жауапкершілігі» 1980 жыл.

Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың қайнар көзі ретінде шарттардың орны ерекше. Қазақстан Республикасының 30.05.2005 жылы қабылданған «Халықаралық шарттар туралы» заңында халықаралық шарттарды жасасудың, қолданудың өзгертудің және тоқтатудың тәртібі баяндалған. Халықаралық шарттар екіге бөлінеді:

Екіжақты;

Көп жақты;

Шарттарды реттеу пәніне байланысты үшке бөлуге болады: Қоршаған ортаны қорғауға жанама қатысы бар шарттар;

Қоршаған ортаны қорғаудан басқа, бірақ кейбір табиғи объектілер мен ресурстарға қатысы бар шарттар;

Тұтастай қоршаған ортаны қорғауға байланысты шарттар.

Келесі қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың көлемді қайнар көзі болып – конвенциялар табылады. Конвенцияға қосылу біраз шығын шығартады, мысалы мүшелікке өтуге байланысты, бірақ оның пайдасы өте көп. Себебі көптеген конвенцияларға қосылу арқылы әртүрлі мемлекеттерден қолдау көрсетіліп, көмектер беріледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы көптеген конвенцияға қосылып, оларды ратификациялаған. Тағы да бір жеке топ ол – қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғауға байланысты келісімдер.

Келісімдер түрлері: екіжақты, көп жақты, мемлекетаралық, аралас (халықаралық ұйымдардың қатысуымен), үкіметаралық, ведомство аралық, глобалді, регионалды, субрегионалды, табиғи ортаның барлық элементтерін қамтитын немесе жекелей элементтерін қамтитын болып бөлінеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Ресей, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Туркия, Жапония, Қытай және тағы басқа мемлекеттермен қоршаған табиғи ортаны қорғаумен байланысты түрлі келісімдерге отырған.

Қайнар көз ретінде әдет-ғұрыптар мен хаттамалар да табылады. Мысалы, «Мұнаймен қоршаған ортаны ластағаны үшін азаматтық жауапкершілік туралы» халықаралық конвенцияның хаттамасы, 1969 жыл, Лондон. Халықаралық шарттар болмаған жағдайда мемлекеттер арасында дауды әдет-ғұрып арқылы шешуге болады. Мысалы, әдет-ғұрып қағидасы ретінде көрші мемлекеттің табиғатына зиян келтірмеуді жатқызуға болады. Халықаралық экологиялық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғаудағы ролі мен маңыздылығы

Бүгінгі таңда халықаралық қатнастарда халықаралық ұйымдардың алатын орны өте үлкен әрі маңызды болып табылады. Оның себебі осы ұйымдар арқылы көптеген қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер төңірегіндегі даулы жағдайларды бейбіт жолмен шешуге қол жеткізіледі. Ол әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте жоғары қарқында дамып, қазіргі кезде осы бағытта әлемде көптеген халықаралық ұйымдар қызмет істеуде. Халықаралық экологиялық байланыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, әсіресе оның мамандандырылған бөлімдерінің ролі жоғары болып табылады. Адамды, қоршаған табиғи ортаны қорғау осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан шығады.

Халықаралық ұйым дегеніміз – халықаралық шартқа байланысты құрылған, бір мақсатқа жету үшін тұрақты органдары бар, мүше мемлекеттердің мүддесін көздейтін мемлекеттердің бірлестігі болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар; Табиғаттың жекелеген объектілерімен айналысатын ұйымдар

дар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.) Функционалды атқаратын қызметіне байланысты ұйымдар:

ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-ақпараттық, құқық шығармашылық-консультативтік және тағы басқа.

Пәндік жіктеуден басқа халықаралық ұйымдар құқықтық статусына және өкілеттігінің қолдану аумағына байланысты бөлінеді. Қолдану аумағына байланысты: глобалді және регионалды болып бөлінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаны қорғаудағы ролі. Дүниежүзілік

табиғат қорғау ұйымының қоршаған ортаны қорғаудағы ролі

Климаттың жаһандық өзгеруі салдарынан туындайтын проблемаларды шешуге арналған халықаралық келісім. XX ғасырдың 80-жылдары адамның іс-әрекетінің нәтижесінде бөлінетін булану газдарының (парник газдарының) әлемдік ауа райының өзгеруіне байланысын дәлелдейтін ғылыми деректер қоғамды қобалжытатын ой-пікірлер туғызды. Осы жайға байланысты БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1990 ж. «Климаттың ғаламдық өзгеруі жөнінде шектемелі конвенция» туралы келіссөздер жүргізетін халықаралық комитет құрды. Комитет шектемелі конвенцияның жобасын жасап, оны 1992 жылы 9 мамырда Нью-Йорктегі (АҚШ) БҰҰ-ның штаб-пәтерінде бекітті. Конвенция 1992 ж. маусым айында Рио-де-Жанейрода (Бразилия) жоғары деңгейде өткен дүниежүзілік кездесуде қабылданды. Оған 154 мемлекет және Еуропалық одақ басшылары қол қойды. Конвенция 1994 ж. 21 наурызда күшіне енді. Қазақстан Республикасы Климаттың ғаламдық өзгеруі туралы шектемелі конвенцияға 1995 ж. 5 мамырда қол қойды, ал тамыз айында Қазақстан Парламенті оны бекітті.

Қазақстан Республикасы да тәуелсіз мемлекет ретінде қоршаған ортаны сақтау мен климаттық өзгерістерді шешуге бағытталған көптеген конвенциялар бойынша бүкіләлемдік қоғамдастықтармен белсенді түрде қарым-қатынас жасайды. 1995 жылы Қазақстан БҰҰ Рамалық Конвенциясына қосылды, ал 1999 жылы БҰҰ Рамалық Конвенциясының Киота Конвенциясына қол қойды. БҰҰ-ның 1972 жылы Стокгольмде өткен қоршаған ортаны қорғау мен дамыту проблемаларына арналған конференциясы мемлекеттердің назарын адамзаттың алдында тұрған маңызды проблемаларға аударды. Осы конференцияда әлемдік қоғамдастықтың (sustainable development) жаңа жолы айқындалды.

БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау мен дамыту проблемаларына арналған екінші конференциясы мемлекет және үкімет басшыларының қатысуымен 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өтті. Бұл маңызды конференцияда 114 елдің басшысы мен 178 елдің дипломаттары, 1600 мемлекеттік емес бірлестіктердің өкілдері болды. Осында әлемдік қоғамдастықтың XXI ғасырда тұрақты түрде даму жолына түсу керектігіне шешім қабылданды. Осы конференцияда 5 маңызды құжат қабылданды:

«Қоршаған орта мен оның дамуы туралы Рио декларациясы».

– «21 ғасыр күн тәртібі».

– «Орманның барлық түрінің тұрақты даму, басқарылу мен сақталу принциптері туралы өтініш».

– «Климаттың өзгеру проблемаларының Рамалық конвенциясы».

– «Биоәртүрлілік бойынша конвенция».

Осы конференцияда қабылданған құжаттардың ең маңыздыларының бірі – «XXI ғасыр күн тәртібі». Бұл құжат кедейлік пен аштықты жеңу, қоғамның табиғатты қорғаудағы ролі, т.б. осылар сияқты 100-ден аса ғаламдық мәселелерді қамтыған бағдарламалардан тұрады. «Күн тәртібінде..» барлық елдердің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін бағыттамалар айқындалды.

Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі конвенциясына сәйкес, Қазақстанның негізгі міндеттемелері:

1) парникті газдардың (ПГ) антропогенді шығарылымдарының кадастрлері, ұлттық ақпараттарды беру және жариялау, жаңаландыру, құру;

2) климат өзгеруінің салдарын жеңілдету бойынша бағдарламаларды құру;

3) парникті газдардың шығарылымдарын төмендететін және шектейтін, әдістер мен процестерді, технологияларды беру, тарату, қолдану; парниктік газ жинаушы және сіңірушілерді тиімді түрде қолдану (микроағзалардың биомөлшері, өсімдіктер, ормандар, теңіздер, жергілікті және жағалаулық экожүйелер);

4) қолдау және қарым-қатынас (ғылым, техника, технология, әлеуметтік-экономикалық сала және басқалар);

5) климаттық жүйе мәліметтер қорын құру; білімге қолдау жасау, кадрларды дайындау, климаттың өзгеру мәселелері бойынша халықты хабардар ету;

6) климат өзгеруі бойынша координациялық орталық құрылған.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) үлкен үлес қосып отыр. Табиғатты қорғау қызметіне БҰҰ-ның барлық басты органдары мен мамандандырылған мекемелері: Бас Ассамблея, Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС), Аймақтық экономикалық комиссиялар (мысалы, Еуропалық экономикалық комиссия), Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ), Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО), Халықаралық реконструкция және даму банкі (МБРР), Атом

энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ), Ха- лықаралық теңіз ұйымы (ИМО), Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ВМО) және т.б. қатысады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта Жөніндегі Бағдарламасы ЮНЕП (ағыл. United Nations Environment Programme – UNEP) – Бас Ассамблеяның мемлекеттер мен халықаралық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау мен жақ- сартуға бағытталған шараларын тиімді жүзеге асыруын қамта- масыз ететін халықаралық ұйым ретінде көмекші органы.

Бағдарлама 1972 жылы 15 желтоқсанда құрылды, штаб- пәтері Кенияның Найроби қаласында орналасқан. ЮНЕП-тің ұраны: «Қоршаған орта өркендеу жолында».

БҰҰ-ның 1972 ж. 5-6 маусымда Стокгольмде өткен кон- ференциясының кепілдемесіне сай, 1972 ж. 15 желтоқсанда құрылған ЮНЕП-тің басты органдары – Басқару кеңесі 3 жыл, Хатшылығы 4 жыл мерзімге сайланады. ЮНЕП-ке 70-ке жуық мемлекет мүше. Штаб-пәтері – Найробиде. Басқару кеңесі қоршаған ортаға байланысты халықаралық ынтымақтастыққа көмектесу және осы саладағы бағдарламаның қызметі мен үйлестірілуін басқаруды жүзеге асырумен, баяндамалар мен шолулар жасаумен, дүниежүзі бойынша қоршаған ортаның жағдайын үнемі бақылауда ұстаумен, т.б. көптеген шаралармен айналысады. Қоршаған орта саласындағы бағдарламалардың қосымша қаржыландыруын жүзеге асыру мақсатында 1973 ж.

1 қаңтарда ерікті ЮНЕП қоры ашылды. ЮНЕП-тің көптеген Биологиялық конвенциясына Қазақстан Республикасы 1994 ж. қыркүйектен бері мүше. 1994 ж. қазанда Парижде жасалынған Шөлге қарсы күрес конвенциясына Қазақстан Республикасы да қол қойды. Қазіргі таңда Қазақстанның ЮНЕП-пен ынтымақтастық шеңберінде: Қоршаған орта қорғау жөніндегі дүниежү- зілік қордың (ФГОС) қаржыландыруымен ЮНЕП-тің «Каспий теңізінің биологиялық саналуандығы және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арал және Каспий теңіздері жағдай- лары жөніндегі халықаралық конвенция жасау мәселелері қарастырылуда. Қазақстанда ЮНЕП-тің табиғатты қорғау жө- ніндегі заңын шығару және экологиялық заңдарын енгізу жұ- мыстары жүргізілуде.

Міндеттері:

Қоршаған орта саласындағы халықаралық қатынастарды жақсарту және лайықты саясат ұсыну.

Қоршаған ортаның жағдайын көрсету.

Қоршаған ортаға байланысты ақпаратты жинап, тарату. Қоршаған ортаның тұрақтылығы туралы аймақтық бағдар- ламаларды дамыту.

Мемлекет дәрежесіндегі қоршаған ортаны өндіруге керекті қуат пен технологиялық қолдаумен жабдықтау.

Халықаралық қоршаған орта заңдарын дамытуға көмек- тесу.

Қоршаған ортаға байланысты тұжырымдама мен құралдарды қолдануға және дамытуға керекті тәжірибелі ақылдармен жеткізіп отыру.

ЮНЕП-тің құрылымы келесі алты бағыттардан тұрады:

- ерте ескерту және бағалау;
- экологиялық саясаттың имплементациясы;
- технология, өндіріс және экономика;
- аймақтық ынтымақтастық;
- қоршаған орта заңы мен Конвенция;
- коммуникация мен әлеуметтік ақпарат.

Негізгі бақылауды БҰҰ шеңберіндегі қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жаңа үкіметаралық орган – Қор- шаған орта жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНЕП) жүзеге асырады. ЮНЕП – БҰҰ-ның негізгі көмекші органы болып табылады. 1975 жылы өзінің қызметінің алғашқы кезінде ЮНЕП қоршаған ортаға байланысты мынадай бірінші кезектегі алты міндетті айқындады: елді мекендер және денсаулық сақтау;

құрлықтың экологиялық жүйелері; қалалардың қоршаған ортасы; мұхиттар; қуат; дүлей апаттар.

ЮНЕП үш деңгейде жұмыс істейді:

Бірінші деңгейде қоршаған ортаның бәсекелес мәселелері жөнінде және осы салада атқарылып жатқан шаралар жөнінде ақпарат береді. БҰҰ-ға мүше мемлекеттер жыл сайын қоршаған ортаның ахуалы туралы баяндамалар тапсырады, осы баяндама- лардан аталған ақпараттар алынады.

Екінші деңгейде жекелеген елдерге, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қатысты бүкіләлемдік көлемде бағдарламалық шараларды жүзеге асырудың міндеттері мен стратегиясын белгілейді. Осы деңгейде қажетті шаралар мен олардың орындаушылары туралы мәселелер шешіледі, нақты бағдарламалар жасау үшін әдістемелік негіз қамтамасыз етіледі.

Одан әрі екінші деңгейде қолдау тапқан бағдарламалар мен жобаларды Қоршаған ортаны қолдау қоры қаржыландырады. Қолдау мөлшері тиімділікке, яғни қаржылық көмектің бағдарламаның түпкі мақсатын іске асыруға қаншалықты ықпал ете алатындығына байланысты болады. Толық қаржыландыру ерекше жағдайларда ғана, яғни жобанын орындалуы аса ірі жоба бойынша әзірлік жұмыстарын жүргізумен тұтас келетін болса, іске асырылуы мүмкін.

ЮНЕП өзі қызмет істеген жылдары көптеген табиғат қор-ғау шараларын жүзеге асырды.

Қоршаған ортаның аса ауқымды мониторинг жүйесі құрылды және оның құрамдас бөліктері ретінде – қоршаған орта бойынша ақпарат көздерінің Халықаралық анықтама жүйесі (ИНФОТЕРРА) және әуелетті уытты химиялық заттардың халықаралық тіркеушісі құрылды.

Сондай-ақ БҰҰ шеңберінде Орнықты дамыту жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Ол БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ЭКОСОС) көмекші органы болып табылады. Қоршаған ортаны сақтаумен айналысатын 200-ден астам халықаралық үкіметтік емес ұйым бар. Мысалы, 1948 жылы Францияда құрылған Табиғат және табиғат ресурстарын қорғаудың халықаралық одағы (МСОП); Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес, Хайуанаттарды қорғау жөніндегі дүниежүзілік федерация; Альпі аудандарын қорғау жөніндегі халықаралық федерация, т.б.

Гринпис өз мақсаттарына жету үшін тікелей әрекет (іс-әрекет және наразылықтар), лоббистік және зерттеулер пайдаланады. Гринпистің Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі (ЭКОСОС) бар, Біріккен Ұлттар Ұйымымен жалпы консульта-тивтік мәртебесі бар және мемлекеттік емес ұйымдардың есеп ашықтығын арттыру мақсатында құрылған халықаралық үкімет-тік емес ұйым болып табылады.

Гринпис тек қана өз жақтастарының ғана берген қаржылық көмегімен өмір сүруде, ал мемлекеттік құрылымдар, саяси партиялар және бизнестен қаржылай көмекті үзілді-кесілді қабылдамайды.

Гринпис БАҚ назарын экологиялық мәселелерге аударуға бағытталған ірі акцияларымен белгілі.

Аймақтық кеңселер GPI басшылығымен негізінен дербес жұмыс істейді. Гринпистің 2500-ден астам қызметкері мен бүкіл әлем бойынша 14 500 еріктілер штаты бар. Негізгі басқару органы барлық аймақтық офистерінің өкілдерінен тұратын Гринпис кеңесі болып табылады.

ГРИНПИС ҚЫЗМЕТ ЕТУ БАҒЫТТАРЫ:

1. Атмосфералық ауаны химиялық ластағыш заттардан қорғау
2. Ядролық қарудан, ядролық атом бомбалары сынақтарынан сақтау
3. Ормандар мен өсімдіктер әлемін сақтау
4. Жануарлар дүниесін қорғау
5. Су мен теңіздерді ластаудан қорғау
6. Қоршаған орта мен адамдарды радиациялық заттардан қорғау
7. Қоқыс қалдықтарынан ауаны тазарту Ластағыш көздері

Химиялық ластану – қоршаған ортаның табиғи химиялық қасиеттерінің қарастырылып отырған уақыт кезеңі үшін қай-сыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе қоршаған ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсуі немесе нормадан артық шамада түсуі

Атом қуаты халықаралық агенттігінің қоршаған орта-ны қорғаудағы ролі

Атом қуаты халықаралық агенттігі (АҚХА) – ядролық қаруды таратпау тәртібін қолдау, атом қуатын бейбіт мақсатта қауіпсіз пайдалану жолындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейту мәселелерімен айналысатын үкіметаралық тәуелсіз ұйым. БҰҰ жүйесіне кіреді, бірақ онымен арнайы келісім негізінде қарым-қатынас жасайды. Агенттік өзінің қыз-меті туралы БҰҰ Бас ассамблеясы мен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне жыл сайын мәлімет береді. Қазір оған 125 ел мүше. Ұйым бюджеті 256 млн. АҚШ долларынан астам. Атом қаруы бар мемлекеттерде (Ресей, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, ҚХР) ядролық қондырғылардың бір бөлігі өз еркімен АҚХА бақылауына қойылған. Израильдегі, Үндістандағы, Пәкістандағы бір-қатар қондырғылар Агенттіктің бақылауынан тыс қалып отыр.

АҚХА-ның маңызды қызмет ету салалары – атом қуатын бейбіт мақсаттарда пайдалану, осы салада техникалық көмек көрсету, атом электр станцияларының (АЭС) қауіпсіздігін арттыру,

радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру, радиоизо- топтарды медицинада, т.б. адамзат шаруашылығында пайдалану. АҚХА қамқорлығымен Ресейдің, АҚШ-тың, Жапонияның және Еуропа қоғамдастығының ғылыми күштерін Халықаралық термоядролық сынақ реакторларын (ITER) жасау үшін біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. АҚХА-ның бақылау қызметін жетілдіру және кеңейту шеңберінде 1997 жылы мамырда

«Кепілдіктер жүйесінің пәрменділігі мен тиімділігін арттыру» бағдарламасы қабылданды. АҚХА ядролық заттардың зиянсыз айналымы жөніндегі ақпараттар мен деректерді жинап, талдап, қорытады. Тек мемлекеттер ғана АҚХА-ға мүше бола алады.

Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының эко-логиялық құқықтық мәртебесі

Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымын (ФАО) [12] құру туралы шешім 1943 жылы өткен халықаралық конференцияда қабылданды. Ұйымның жарғысына 1945 жылдың 16 қазанында Квебек қаласында қол қойылды. 1946 жылы ФАО 1905 жылдан бері келе жатқан Римде орналасқан Халықаралық ауыл шаруашылығы институтының функцияларын өз мойнына алды. Қазіргі таңда бұл ұйымның штаб-пәтері Римде орналасқан. ФАО-ның құрамына 197 мемлекет кіреді.

Жарғыға сәйкес ФАО-ның жалпы мақсаттары мынадай болып табылады: халықтардың тамақтану мен өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған индивидуалды және біріккен әрекеттер негізінде жалпыадамзаттың хал-ауқатын көтеруге септігін тигізу; барлық азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен үлестірімінің тиімділігін арттыру; ауыл халқының өмірлік жағдайларын жақсарту. Сондай-ақ ұйым мүше-мемлекеттерге техникалық көмек көрсету қызметімен айналысады.

Қазіргі жағдаймен ФАО БҰҰ жүйесіндегі ең ірі мамандандырылған агенттік болумен бірге жалпы ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы, ауылдық аймақтарды дамыту саласындағы жетекші агенттіктердің бірі болып табылады. Қазақстан бұл ұйымға 1996 жылдың қараша айында мүшелікке өткен. Өзара ынтымақтастық мерзімінде ФАО елімізге ауыл шаруашылығын дамыту саласында шегірткемен күрес, аграрлық саясатты қалыптастыру, топырақ қорғау егін шаруашылығы және топырақ қорғау технологиясын пайдалану, таулардағы

агробиологиялық түрлер мен сулы-батпақты алқаптарды сақтау, генетикалық ресурстарды жинау, Каспий теңізіндегі бекіре тұқымдас балықтарды басқару жүйесін жетілдіру, орман шаруашылығы мен хайуанаттар дүниесін қорғау жөніндегі нормативтік құжаттар жобасын жасау саласында техникалық көмек көрсетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы.
2. Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері.
3. Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мемлекеттік-құқықтық механизмі.
4. Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі.
2. Күлтелеев, С.Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі: оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы: HAS, 2008. – 325 б.
3. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2005.
4. Күлтелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан: учебное пособие. – Алматы: «NURPRESS», 2011. – 432 с.
5. Тюлеубекова, С.Ш. Международное экологическое законодательство: хрестоматия / Сауле Шахановна Тюлеубекова; С.Ш. Тюлеубекова; КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.